

**Қ. Ө. Ташибаев,
Н. В. Мазур,
Ә. М. Майтанов**

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ**

Қарағанды 2007

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды заң институты

Қ. Ө. Ташибаев,
Н. В. Мазур,
Ә. М. Майтанов

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ**

Оқу құралы

Қарағанды 2007

УДК 343
ББК 67.411
Т 26

ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты ғылыми кеңесінің шешімімен жарыққа шықты.

Пікір жазғандар: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі, **Роза Балбатырқызы Құлжақаева** және кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі **Ардақ Ордашұлы Шәкенов.**

Т 26 Ташибаев Қ. Ә., Мазур Н. В., Майтанов Ә. М. Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет: Оқу құралы. — Қарағанды: ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы ҚарЗИ, 2007. — 100 бет.

ISBN 9965-836-06-X

Аталмыш оқу құралы Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізудегі адвокаттық қызмет пен адвокатураның негізгі мәселелерін ашады. Мұнда сонымен бірге, қорытындыланған түрде адвокаттық қызметтің қалыптары, оның тарихи дами қағидалары мен ұйымдастырылуы, шешендік өнері және адвокаттық кәсіптің этикасы мазмұндалған.

Оқу құралын қылмыстық іс жүргізу мен адвокаттық қызмет бағамдарын оқытуда жоғары оқу орындарында, сондай-ақ құқық қорғау органдарының, прокуратураның, адвокаттар алқасы мен соттардың күнделікті іс-тәжірибесінде пайдалануға болады.

Т $\frac{1203021100}{00(05)-07}$

ББК 67.411

ISBN 9965-836-06-X

© *ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды заң институты, 2007*

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының құқықтық саясат стратегиясы еліміздің адвокатурасын одан әрі дамытуға бағытталған. Адвокаттық қызмет беделінің көтерілуі, оның әлеуметтік қатынастардағы рөлінің артуы, қылмыстық іс жүргізудегі адвокат мәртебесін өз мәнінде қарамайынша жүзеге аса қоймайды. Қазіргі кездегі құқықтық қатынастарда азаматтардың заң көмегін, заңда көрсетілген заң көмегін тегін алу жөніндегі конституциялық құқығын қамтамасыз етуде адвокатура ерекше рөл атқарады.

Соңғы жылдары адвокатура институтының дамуына мемлекет тарапынан біраз көмек көрсетілді. Бұл орайда адвокатураның дамуына елеулі 1997 жылғы 5-желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңын ерекше үлес қосты.

Өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі адвокатураның тәуелсіздік принципі аталған заңда адвокатураны ұйымдастырудың және оның қызметінің негізге алатын принципі ретінде бекітілген.

Адвокаттардың және өзге де адамдардың қылмыстық іс жүргізуде азаматтарды қорғауына, сол сияқты азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету жөніндегі заңды қызметіне кедергі жасағаны үшін, не осы қызметтің дербестігін және тәуелсіздігін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде бұрын заңда болмаған жауаптылық көрсетілді. Еліміздің Қылмыстық іс жүргізу кодексі адвокаттарға іс жүргізуге қатысушы ретінде кең қолданылатын жетерлік өкілеттік береді.

Осыған орай, республикамыздығы заңгерлер даярлайтын жоғары оқу орындарында «Қазақстан Республикасының адвокатурасы және адвокаттық қызмет» деп аталатын арнаулы пән енгізілген. Пән күндізгі және сырттан оқытатын факультеттерінде дәріс, семинар және тәжірибе сабақтарын жүргізуге арналған жоспар бойынша оқытылады. Бұл пән Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығының дербес институты болып табылады.

«Қазақстан Республикасының адвокатурасы және адвокаттық қызмет» пәнін оқыту мақсаты — азаматтардың заңды мүдделерін, құқықтарын, бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін арнайы қызметтің мазмұнын білетін, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және өзге де құқық салаларын жетік меңгеріп, оларды іс жүзінде қолдана білетін кәсіби деңгейі жоғары мамандар даярлау болып табылады.

1-ТАРАУ

АДВОКАТУРА ТҮСІНІГІ, МӘНІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

§ 1. Адвокатура түсінігі және міндеті. Қоғамдық институт ретіндегі адвокатураның маңызы

Шетел термин сөздерінің қазіргі сөздіктерінде «адвокатура» деген термин сөз адвокаттар ұйымын, алқасын немесе адвокат қызметін білдіреді.

Заң әдебиеттері мен қазіргі қолданыстағы заңнамаларда адвокатура түсінігіне нақты анықтама беріле қоймаған. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 1-бабы адвокатура ұғымының мазмұнын ашпастан бұрын, оның міндеттерін көрсетуден бастайды. Осы заңның 20-бабында адвокаттар алқасына ғана түсінік беріледі.

Адвокаттар алқасы мынадай ұйым болып табылады:

- коммерциялық емес — оның қызметі пайда табуға бағытталмаған, оны ұйымдастыру үшін қандайда бір органның немесе лауазымды адамның қызметі қажет емес;
- мемлекеттік емес, тәуелсіз — өз қызметін жүзеге асыруда адвокат қандайда бір мемлекеттік және өзге орган мен лауазымды адамдарға бағынышты және есепті емес, адвокат-қорғаушыдан заң көмегін көрсету кезінде белгілі болған мән-жайларға қатысты куә ретінде жауап алға болмайды;
- кәсіби — тек қана заңгерлік жоғары білімі бар адам ғана оның мүшесі бола алады;
- өзін-өзі басқарушы — ол адвокаттар қабылдаған Жарғы бойынша қызмет атақарады, қызметке қатысты кез келген мәселелер (сандық құрамы, оған қабылдау, шығару, ерекшелік беру, алқаның әрбір мүшесінің тәртіптік жауапкершілігі және т. б.) мен заңмен қаралған қызметтерді орындауы адвокаттар алқасының органымен шешіледі;
- өзін-өзі қаржыландырушы — адвокаттардың еңбегі мен алқаның қажеттіліктері адвокаттар кеңселері мен заңды тұлға ретінде тіркелмей жеке адвокаттық қызметпен айналысатын адамдардың заң кеңесін беруінен, адвокаттар алқасы мүшелерінің заң көмегін көр-

сеткені үшін азаматтар мен ұйымдардың төлемдерінен түскен қаржы есебенен қамтамасыз етіледі.

Осыған орай, осы ұғымдағы жіберілген олқылықтардың орнын толтыра отырып және осы ұғымның ауқымын кеңейте отырып былай деп санаймыз, адвокатура — бұл азаматтар мен ұйымдарға кәсіби заңды көмек көрсетуді жүзеге асыратын адамдар қызметінің негізін анықтайтын қоғамдық құқықтық институт.

Атқаратын міндеттерінің сипатына қарай, құрылым нысандары мен түрлері бойынша, құқық қорғау органдары және клиенттермен қарым-қатынасы бойынша, қызметінің кең ауқымдылығы, құқықтық және этикалық реттелу ерекшеліктері бойынша адвокатура күрделі әлеуметтік жүйе болып саналады.

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен оның қызметі адвокаттардың құқықтық мәртебесін, олардың толық құқықтылығы мен жауапкершілігін анықтайтын, адвокатураның ұйымдастырылуы мен оның қызметі міндеттерін, негізгі қағидаларын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер жүйесімен көрінетін заңнамалармен реттелген. Аталған актілердің деңгейіне, яғни заңдық күшіне байланысты оларды негізгі және туынды деп жіктеуге болады.

Адвокатураны ұйымдастыру мен оның қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілерге мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 5-желтоқсан);

2) Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы құқық реформалаудың Мемлекеттік бағдарламасы (1994 жылғы 5-ақпан);

3) Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы (1997 жылғы 5-желтоқсан);

4) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі (1997 жылғы 13-желтоқсан);

5) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (1999 жылғы 13-шілде);

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (2001 жылғы 30-қаңтар);

7) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім (1994 жылғы 27-желтоқсан); Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім (1999 жылғы 1-шілде); Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (1997 жылғы 16-шілде) және басқа да материалдық құқықтық қайнар-көздер;

8) Қазақстан Республикасының «Коммерциялық ұйымдар туралы» Заңы (2001 жылғы 16-қаңтар);

9) Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» Заңы (1995 жылғы 17-сәуір) және кейбір басқалар.

Адвокатураны ұйымдастыру мен оның қызметін реттейтін ерекше нормативтік актілерді Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативті қаулылары, мысалы Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 1999 жылғы 2-шілдедегі Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы 20-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес келуі туралы» Қаулысы; Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 13-желтоқсандағы «Соттардың қылмыстық істерді қосымша тергеу үшін қайтаруы туралы» нормативті қаулысы және басқалар құрайды.

Туынды нормативтік құқықтық актілер негізгі нормативтік құқықтық актілерімен қабылдынады немесе бекітіледі де солармен бір тұтасқа айналады. Оларға мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 1998 жылғы 11-ақпанындағы бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы адвокатураны аттестациялау туралы» ережелері;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 1999 жылғы 23-наурызындағы бұйрығымен бекітілген «Орталық аттестациялық комиссиясы туралы ережелері»;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23-қыркүйегіндегі қаулысымен бекітілген адвокаттық немесе нотариалдық қызметпен айналысу құқығына талаптанушы адамдарды аттестациядан өткізу тәртібі;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26-тамызындағы № 1247 қаулысымен бекітілген адвокаттардың көмек көрсетуі мен қорғауына байланысты шыққан шығынды республикалық бюджет қаржысы есебінен өтеу тәртібі.

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметі мәселелерін реттейтін қолданыстағы ұлттық заңнамалар жалпы танымал халықаралық құқық қағидалары мен нормаларына негізделгендіктен осы пәнді оқып-үйрену кезінде заң көмегі туралы нормалары бар халықаралық құжаттарды білу қажет. Оларға мындай құжаттар жатады:

- Адам құқығы туралы жалпыға бірдей декларация: БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10-желтоқсандағы 217а)3) Қарары;
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 18-желтоқсандағы 21-сессиясымен қабылданған);

- Қылмыс пен билікті теріс пайдаланушылық құрбандары үшін сот төрелігінің негізгі принциптері туралы декларация (БҰҰ Бас Ассамблеясы 1985 жылғы 29-қарашада қабылдаған);
- «Адвокаттар рөлі туралы негізгі ережелер» БҰҰ пактісі (1990 жылғы тамыздағы қылмыстың алдын алу жөніндегі БҰҰ 8-Конгресімен қабылданған);
- Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенция (Рим, 1950 жылғы 4-қараша);
- Заңгерлердің халықаралық ассоциацияның заңгерлер мамандығының тәуелсіздік стандарты (Нью-Йорк қаласында 1990 жылдың қыркүйегінде өткен Заңгерлердің халықаралық ассоциациясының конференциясында қабылданаған);
- Адвокаттардың Еуропалық қауымдастығының ережелері және басқалар.

Адвокатура туралы нормативті құқықтық актілердің негізгі тобыны маңыздысы ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады, деп атап көрсеткен Қазақстан Республикасы Конституциясы болып табылады (ҚР Конституциясы 4-б. 2-бөл.). Білікті заң көмегін алу құқығын белгілейтін Конституция нормасы мемлекетпен кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру мақсатындағы адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің құқықтық негізі болып табылады.

Алдыңғы қатарлы ережелерді біразы республикамыздағы адвокатураны реформалауға жетелеп, Қазақстан Республикасы құқықтық рефомасының Мемлекеттік бағдарламасынан орын алды. Соның негізгі нұсқауларына сәйкес, адвокаттық қызметті реттейтін қазіргі қолданыстағы заңдар қабылданды.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 6-желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы республикамыздағы адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметі мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің негізгісі болып табылады. Заң төрт тараудан және 34 баптан тұрады.

Мемлекет өзінің ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (ҚР Конституциясы 1-б. 1-бөл.), деп жариялай отырып, қатарына соттар мен құқық қорғау органдары (прокуратура, әділет, тергеу, анықтау органдары, сондай-ақ жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар) жататын арнайы мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын міндеттерді қамтамасыз етуді өз мойнына алды. Заңмен берілген осы өкілеттіктерді іс жүзіне асыра отырып, бұл органдар құқықтық нұсқауларды немесе солармен таласа алатын өзге де құқықтарды бұзған адамдарға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы. Мұндай адамдар-

дың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, олардың заң көмегін алулары мақсатында соттармен және құқық қорғау органдарымен бірге арнайы мемлекеттік емес орган — негізгі міндеттері Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алауға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу болып табылатын — адвокатура қызмет атқарады (ҚР Конституциясы 13-б., «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 1-бабы).

Заң көмегін көптеген ұйымдар және адамдар көрсетуі мүмкін және көрсетіледі (мысалы, кәсіподақтары кеңесінің заң консультациялары, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың заң бөлімдері, заң кеңесшілері және т. б.), Дегенмен, адвокаттармен көрсетілетін заң көмегі ерекше орын алады.

Біріншіден, адвокаттармен адвокатура органдарынан көмек сұрауға құқығы бар кез келген азаматқа, мемлекеттік немесе өзге де органға, лауазымды адамға түрлі заң көмегі көрсетіледі және осындай көмек жөнінде келісім-шарт жасалады.

Екіншіден, адвокаттың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде заң көмегін сұрап келгендерге жәрдемдесу мүмкіндігі кең; заң көмегін көрсету кезінде адвокат пайдаланатын әдістер мен құралдар заңмен тура қарастырылған.

Үшіншіден, заң көмегін көрсету арнайы заңгерлік білімді талап етіп қана қоймай, іс жүзіндегі тәжірибені қолдануды талап етеді, ал мұндай қасиетке тек маман ғана ие бола алады. Заң саласындағы қалыптасатын күрделі қатынастар көптеген нормативтік құқықтық актілерді кәсіби бағдарлауды, қажет деген актілерді таба білуді, оларды дұрыс түсіндіре білуді және оларды нақты жағдайларға қатысты қолдана білуді талап етеді.

Төртіншіден, заң көмегі оны тиімсіз және біліктіліксіз жүзеге асырылуына жол беріп алатын көптің бірі емес, адвокаттардың ең басты және жалғыз ғана функциясы болып табылады.

Бесіншіден, адвокаттардың білікті заң көмегін көрсетуі тек жекелеген азаматтарға, ұйымдар мен басқа да субъектілерге ғана емес, сонымен бірге сот ісін жүргізуді (азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша) жүзеге асыратын органдар арқылы мемлекеттің өзіне қажет болғандықтан мемлекеттік, жариялы-құқықтық мәнге ие болады. Бірқатар жағдайларда мемлекет адвокаттың қатысуы міндетті деп таниды, мысалы Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 71-бабында, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 589-бабында көзделген мән-жайлар болғанда. Егер қылмыстық іс заң бойынша қорғаушының қатысуы міндетті болғанда, іс оның қатысуын-

сыз қаралса немесе сотталушының қорғаушыға ие болу құқығы өзгедей жолмен бұзылса, міндетті түрде үкімнің күші жойылуға тиіс. Сөйтіп, адвокатура сот төрелігін жүзеге асыруға елеулі әсер етеді. Алайда бұл, адвокатура мемлекеттік қызмет атқарады дегенді білдірмесе керек. Мұндай тұжырым, оның құрылу тәртібі, ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері, өзінің қызметін атқару кезінде пайдаланылатын әдістер мен құралдарына қатысты адвокаттарға қойылатын талаптар, сондай-ақ басқа да белгілер оларды мемлекеттік органдарға жатқызуға мүмкіндік бермейтін болғандықтан қате болып саналар еді.

Көп ретте адвокаттар алқасын қателікпен қоғамдық бірлестік деп санайды, немесе сонымен салыстырады. Шындығында, осы бірлестіктермен кейбір ұқсастығын байқауға болады: олар мемлекеттік емес, коммерциялық емес болып табылады (яғни, өзінің қызметінен пайда табуды мақсат етпейді), олардағы мүшелік еріктілік қағидасына негізделген, олар кем дегенде он құрылтайшының бастамашылығымен құрылады, олардың қызметі тиісті заңдарсыз, жарғыларсыз реттелген. Дегенмен, олардың арасында келесідей көрінісін елеулі айырмашылықтары бар:

1. Бәрінен бұрын бұл бірлестіктердің ұйымдық-құқықтық нысандары әртүрлі. Қоғамдық бірлестіктерге қарағанда адвокаттар алқасы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 34-бабына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 20-бабында, және Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 17-бабында көзделген арнайы ұйымдық-құқықтық нысанға ие болып, коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік, өзін өзі басқаратын және өзін өзі қаржыландыратын адвокаттар ұйымы болып табылады. Қоғамдық бірлестіктерге қарағанда адвокаттар алқасы адамдарды тек қана кәсіптік белгілері — заңгерлік жоғары білімі мен адвокаттық қызметпен айналысу құқығы бойынша біріктіретін өте-мөте кәсіби ұйым болып табылады. Бұл аталған белгілер адвокаттар алқасын салалық принцип бойынша құрылып, атқарушы билік пен жұмыс берушілер арасындағы өзара қарым-қатынас сипатын анықтайтын кәсіподақтарының айырмашылығын көрсетеді. Өзара қарым-қатынастың мұндай ерекшелігі билік пен жұмыс беруші әлеуметтік-экономикалық қызметіне кәсіптік одақтардың ықпал ететін құралдарының үлесін талап етеді.

2. Бұл бірлестіктердің мақсаттары, міндеттері мен қызметтері әртүрлі. Адвокаттар алқасы алқа мүшесі болып табылмайтын азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыруға, олардың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін соттық қорғау мен заң көмегін алуларына көмек көрсету мақсатында құрылады. Осыған байланысты А. Д. Бойков пен Н. И. Капинус былай деп дұрыс көрсетеді: «...қоғамдық бірлестіктер оның

қатарына кіретін адамдардың мүдделерін қорғау үшін құрылады. Оларға өз мүшелерін кәсіптік белгілері бойынша іріктеп алу тән, жүзеге асырылуы мемлекеттік билік органдарымен тығыз ынтымақтастықты талап ететін арнайы өкілеттік берілмеген»¹. Сонымен бірге, адвокаттар алқасы сот ісін жүргізу саласындағы сот төрелігін жүзеге асыруда маңызды мемлекеттік қызметтің атқарылуына жәрдемдеседі. Соған орай, адвокатура атқаратын қызмет бір жағынан жариялы-құқықтық сипатқа ие болса, екінші жағынан жеке мүддені қорғауға бағытталған.

3. Бұл бірлестіктерге кіретін адамдарға қойылатын талаптар да әртүрлі. Егер республика азаматы ғана адвокат бола алатын болса (ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 7-б. 1-бөл.), ал қоғамдық бірлестіктердің мүшелері (қатысушылары) республика азаматтары ғана емес, сонымен бірге шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар да бола алады (ҚР 1996 жылғы 19-мамырдағы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңының 11-б.). Аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестігіне мүшелік лицензиялауды қарастырмаған болса, адвокаттардың қызметі лицензиялауға жатады (ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 9-12-баптары). Сонымен бірге, ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 7-бабы 2-бөлігімен және 15-бабының 6-бөлігімен адвокаттар үшін бірқатар шектеулер белгіленген, ал қоғамдық бірлестік мүшелері үшін мұндай шектеулер көзделмеген.

4. Адвокаттардың кәсіби қызметі олардың негізгі және жалғыз ғана табыс көзі болып табылады. Адвокатураға қарағанда қоғамдық бірлестіктер өздерінің жарғылық қорын өсіру мақсатында ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады. Осыған орай, олардың алынған кірістері мүшелері арасында бөліске түспей, көздеген мақсаттары үшін пайдаланылады.

Сөйтіп, қоғамның құқық қорғау жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретіндегі адвокатураның мәнін былайша түсіндіруге болады: адвокатура — бұл жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында құрылған білікті заңгерлердің мемлекеттік те емес және коммерциялық та емес, ерікті кәсіптік бірлестік.

¹ Бойков А. Д., Капинус Н. И. Адвокатура России. — М., 2000.

§ 2. Сот төрелегін жүзеге асырудағы адвокатураның рөлі. Адвокаттардың құқық қолдану тәжірибесін қалыптастыруға қатысуы

Адвокатураның білікті заң көмегін көрсету жолымен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін әсерлі қорғауы адамгершілік, заңдылық, адвокатаураға кіру мен оған мүше болудың еріктілігі, өзін өзі басқару мен мемлекеттік және өзге де араласудан тәуелсіздігі, адвокатқа сеніп тапсырылған клиент туралы мәліметтердің құпиялылығы сияқты адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің санқилы демократиялық құқықтық қағидалары арқылы қамтамасыз етіледі.

Осы құқықтық қағидалар жүйесі адвокатураның мәнін анықтайды және қоғамның құқық қорғау жүйесінің басқа да элементтері мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік құқық қорғау органдарының, құқық қорғаушы қоғамдық ұйымдарынан айырмашылығын анықтайды.

Адвокатура — бұл азаматтардың және олардың бірлестіктерінің құқықтарын қорғауға алатын әрбір мемлекеттік маңызды құқықтық институт. Оның қаншалықты пәрменділігі, ұйымдастырылуы, заңмен қорғалатындығы айтарлықтай дәрежеде әрбір азаматтың амандығына деген сенімділігіне және көрсетілетін білікті заң көмегіне байланысты. Қазақстан Республикасында адвокатура мен адвокатқа қатысты дәстүрлі құқықтық бедерсіздік танытатын кездердің және кей уақытта, әсіресе құқық қорғау органдары тарапынан теріс көзқарастар болып тұратыны жасырын емес.

Адвокат көбінесе қылмыскерді қорғайтын адам ретінде көрінеді. Солай бола тұрса да адвокатураның басты алатын орны бүкіл қоғам мен оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі әлеуметтік мәні бар заңгерлік қызмет көрсететін құбылыс ретінде көрінеді. Адвокат заңды жөнсіздіктен қорғайды, сондықтан адвокаттың қызметі нақты бір азаматтың немесе ұйымның мүдделеріне де, сол сияқты мемлекет пен қоғамның жариялы-құқықтық мүдделеріне сай келеді. Соңғы кезде мұны көпшілік түсіне бастады, және соған орай қоғамдағы адвокатураға деген көзқарас баяу болса да өзгеруде. Адвокат мамандығының беделі арта түсуде.

Адвокаттың өз клиентіне төрелік айтуына болмайды және өзінен көмек сұрап келген адамның құқығының заңдылығы мен айтқандарының рас-өтірігін өз бетінше анықтай білуі керек. Адвокат үшін «клиент қашанда дұрыс» деген сөз үзілді-кесілді сипатқа ие болып және күмән тудырмауы тиіс. Бір жағынан адвокаттың қорғау құралдары мен әдістері заңға негізделген болуы керек. Клиенттің тілегі бәрінен де жоғары. Оның мүмкіндік өлшем негізіне келесідей пайымдау қызмет етеді — адвокаттың өз клиентінің

мүддесін қорғау кезінде қылмыс жасауға, жалғандық жасауға және жалған құжаттар ұсынуға, жалған айғақ беруі үшін куәлер мен жәбірленушілерге ықпал етуге, қылмыстың ізін қалай жасыру жөнінде ақыл-кеңес айтуға және басқа да жағдайларға құқысы жоқ. Клиенттің мүддесін қорғаудың қалған құралдары мен әдістерінің бәрі де орынды. Әрине, адвокат клиенттің көнгіш қызметшісі боуы тиіс емес. Ол өзінің құқықтық көзқарасы мен құралдарын таңдауда дербес.

Адвокаттың қызметін негізгі төрт қасиет сипаттайды:

1) кәсіби қызмет адвокаттарды мүдделердің жалпы құндылығымен байланысқан адамдар қауымдастығына біріктіреді;

2) пайда табудан гөрі қызмет көрсету мақсатының басымдылығы (адвокаттық қызметтің кәсіпкерлік қызметтен айырмашылығы осында);

3) ерекше білім мен тәжірибе;

4) этика.

Адвокаттық қызметтің мазмұны әрқилы заң көмегі түрлерін көрсету болып табылады, атап айтқанда:

– құқық мәселелері жөнінде ауызша және жазбаша ақыл-кеңестер мен анықтамалар беру;

– өтініш, арыз-шағым, ұсыныс, құқықтық сипаттағы басқа да құжаттардың жазбаша қорытындыларын құрастыру;

– түрлі сот ісін жүргізуге тараптардың өкілі ретінде қатысу;

– заңмен тыйым салынбаған өзге де заң көмектерін көрсету (жарғылар жасау мен заңды тұлғаларды тіркеуге дайындау, коммерциялық операцияларға құқықтық қызмет көрсету, контракттылар жасасу, есеп жүргізу мен есеп беруге құқықтық бақылау және басқалар).

Адвокатура мен адвокаттық қызметтің әлеуметтік құндылығы азаматтық қоғамның мемлекет пен партиялық-саяси деспотизмнің қысымшылығынан арылуына қарай, Қазақстан Республикасын құқықтық мемлекетке айналдыруына, еркін нарық пен шаруашылық бастамашылықтың және кәсіпкерліктің дамуына, құқықтың рөлінің өсуіне және әсіресе экономика саласындағы құқықтық қатынастар жүйесінің күрделіленуіне қарай бұлжымастай өсе түсуде. Адвокаттардың кәсіби негізде сан-салалы білікті заң көмегін көрсетуі жауапсыз азаматтар, кәсіпкерлер, олардың клиенттері, бәсекелестері, қылмыстық элементтер, басқа да құқық бұзушылар тарапынан, сонымен қатар мемлекет тарапынан — өз ісіне жауапсыз қарайтын және құзырсыз анықтау органдары қызметкерелінің, тергеушілердің, прокурорлар мен соттардың тарапынан көрсетілетін қысымшылықтан жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін әсерлі қорғауды қамтамасыз етуде ерекше маңызды мәнге ие болады.

Сонымен бірге, мемлекеттен тәуелсіз адвокатураның жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсетуімен байланысты міндеттерді шеше білуі, аталған тұлғалардың жеке мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің және қала берді бүкіл қоғамның көпшілік мүдделеріне сай келуі мүмкін.

Төңкеріске дейінгі белгілі процессуалист-ғалым Е. В. Васьяковский атап өткеніндей, «қоғам үшін маңыздысы, оның әрбір мүшесінің өз құқығын өзі қорғай білуі, сонымен бірге істе құқықтық тараптардың биікке көтерілуге мүдделі болуы. Сондықтан, егер оң тартушы өзіне қарағанда әккілеу, қабілеттілеу, бай немесе ықпалды болғандықтан ғана істе қарсыласынан жеңілетін болса, онда жеңілген тараппен бірге бүкіл қоғам да жеңіледі. Сол қоғамның барлық мүшесіне қауіп төнеді, олардың құқықтарына бұзыла қалған жағдайда әрқашан қамтамасыздық пен қорғансыздықтың күні туып отыруы мүмкін».

Азаматтың бойында мұндай қауіптену қылмыстық сот ісін жүргізуде сезікті мен айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін аса қаталдықпен аяққа басу кезінде туындайды. «Егер айыпталушының құқығы әділетсіздікпен бұзылатын болса, егер кінәсіз жәбірленетін немесе шамадан тыс жазаға ілігетін болса, онда бүкіл қоғамға оның мүшесі арқылы орны толмас жағдайға тап болатындай қатер туындайды. Осыған байланысты қоғам өзінің игілігі үшін, өзінің құқықтарын қорғау үшін мемлекеттің жәбірленушіні өзінің қорғауына алатыны сияқты айыпталушының қорғауға алуы тиіс және ісі жүргізуге қатысуы үшін мемлекеттік прокурорды уәкіл ететні сияқты өз тарапынан ерекше өкілеттілерді ұйымдастыруы тиіс. Қоғамның қылмыстық соттағы мұндай өкілетті уәкілі құқықтық арашашы немесе адвокат болып табылады».

Қорғау функциясы қылмыстық сот ісін жүргізудің міндеттерін тиісті мәнде орындалуына кепіл болып табылады. Оны жүзеге асыра отырып, адвокат кәсіби қорғаушы ретінде сезіктінің, айыпталушы мен сотталушының ғана мүддесі үшін әрекет жасап қана қоймай, сонымен бірге қоғам игілігі үшін де мүдделі болып, бірде бір адамның кінәсіз қылмыстық жауаптылыққа тартылмауын да ойластырады.

Өкінішке орай, әттеген-ай дегізетін тергеу мен сот қателіктері жиі болып тұрады. Бұл жерде баршаға аян болған, атышулы Чикатилоны еске алуға болады. Еске салып өтейік: оның алғашқы кісі өлтіру қылмысын жасағаны үшін Кравченко сезіктеніп, қылмыстық жауаптылыққа тартылып, осы қылмысты жасамаса да соттың үкімімен ату жазасына кесілген. Бұл кезде жедел іздестіру қызметкерлер мен тергеушілердің Кравченконы әшкерелеумен айналысып жүргенін пайдаланған Чикатило тағы да елу шақты қылмыс жасап үлгерген.

Мұндай қателіктердің негізгі себебі анықтау органдарының, тергеушілердің, прокурорлар мен соттардың тек қана айыптауға бейімділігін танытады. Мұндай айыптауға ғана бейімділік, көбінесе дәлелдемелер жинау кезінде заң бұзушылықпен, теріс пікірде болумен, тергеуді толық емес және біржақты жүргізуімен, айыпталушыны ақтайтын немесе оның жауаптылығын жеңілдететін дәлелдемелер мен мән-жайларға немқұрайлы қарауымен, қорғану және өзі мен жақын туыстарына қарсы куә болмау құқығын бұзуымен, сезіктінің, айыталушының, куә мен жәбірленушінің басқа да конституциялық және процессуалдық құқықтарын бұзуымен, заңсыз және негізсіз айыптау ұсынумен көрінеді.

Зорлық-зомбылықтан, қателіктерден, анықтау органдарының, тергеушілердің, прокурорлар мен соттардың айыптауға бейімділігінен сезікті мен айыпталушының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін әсерлі қорғауды қамтамасыз ету үшін қылмыстық іс жүргізу заңы қорғаушыға, қылмыстық іс жүргізу барысында сезіктінің немесе айыпталушыны ақтайтын, олардың жауаптылықтарын жеңілдететін заңда көрсетілген қорғау құралдары мен әдістерін қолдану мен оларға қажетті заң көмегін көрсету міндеттерін жүктейді (атап айтқанда, сезікті мен айыпталушыға олардың қылмыстық іс жүргізудегі құқықтық мәртебесін түсіндіреді, сезікті мен айыпталушы үшін қолайлы мән-жайлардың мәнін түсіндіреді (оларды ақтайтын, жауаптылықтарын жеңілдететін немесе болдырмайтын) және олар үшін қолайсыз мән-жайларды (жаза мен жауаптылықты ауырлататын, қылмыстың жасалғанын әшкерлейтін) түсіндіреді; тергеушінің, прокурордың, адвокаттың және қылмыстық іс жүргізудің басқа да субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; сезіктіге және айыпталушыға шағым-арыз, ұсыныс және басқа да құжаттарды жасауға көмек көрсетеді).

Адвокаттың мұндай біржақты функцияны жүзеге асыруы сезіктіні және айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделеріне құқық қорғау органдарының жасайтын қысымшылығынан әсерлі қорғауды қамтамасыз ету ерекше маңызды мәнге ие болады.

Алдын ала тергеу органдары мен соттардың жұмыстары шамадан тыс бастарынан асып жатқан жағдайда адвокаттардың қызметі айыптау дәлелдерін нығайта түсетін білікті оппоненттің көмегі ретінде емес, құқық қорғау органдарының жұмысына реніш тудыратын кедергі ретінде қабылданады. Адвокаттардың адал қызметіне теріс көзқарас тергеуді біліктілікпен жүргізе алмайтын, сезікті үшін барлық болжамдарды қолдануды жөн көретін және «мойындаттырушы айғақ беретіндей» дәлелдемелерді жинауға бейім, құзырсыз, кәсіби емес анықтаушылар мен тергеушілердің арасынан кең орын алады. Мұндай тергеушілер мен анықтаушылар, адвокат «тергеуге бөгет жасайды», «қылмыскерлерге көмектесуші» болып табылады, деп са-

найды. Егер адвокат «тамаша» жасалған айыптауды бұзып, жоққа шығаратындай белсенді, негізді, даусыз қорғау шарасын жүргізсе, ал құзырсыз және арам ниетті анықтаушылар, тергеушілер оны илкітіруге, беделін түсіруге ұмтылады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуші органдар жүйесін жетілдіру — өмірдің өзі ұсынатын мәселелерді шешудің үздіксіз, мақсатты үдерісі. Осы үдеріс барысында адвокаттардың мәдениеті өседі, қызметінің мәнері мен әдістері жаңарады, өздерінің алдында тұрған тапсырмаларды орындаудың сапасы жақсарады. Мемлекеттік органдардың централисті мен адвокатура демократизмі арасындағы, алқалық пен дара басшылық, лауазымды адамдардың міндеттері мен қорғаушылардың құқықтары арасындағы, олардың жұмыс принциптері мен бір-бірімен, өзге мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестігі арасындағы оңтайлы қарым-қатынастар анықталады.

Қылмыстық сот ісін жүргізу органдары арасындағы жүйелерді жетілдіру мәселелері қашанда мемлекеттің басты назарында болуы тиіс. Олар полицияның, прокуратураның, соттардың, әділет органдарының, адвокатураның қызметтерін жақсартуға тұрақты назар аударып отыруға шақырады. Бұл органдардың бәрі де заңдылық, қоғам мүдделері, азаматтар құқығы күзетінде тұрады. Мемлекет қылмыстық сот ісін жүргізу органдары мен адвокатура қызметінің ғылыми негіздерге негізделуіне; олардың лауазымды адамдарының шешімдері заңды, негізді, әділетті болуына; қылмыстық сот ісін жүргізудің әрбір жеке органдарында тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне ықыласты көзқарастың, тілектестік қарым-қатынас пен оның абыройын сыйлаушылықтың қалыптасуына үнемі қол жеткізіп отыруы тиіс. Мұны қамтамасыз етуге адвокаттардың да күші жұмылдырылған.

Қылмыстық сот ісін жүргізу органдары жүйесінің сипаты мен ондағы мығым биліктің болуы мемлекеттің табиғатынан туындайды. Демократия мен биліктілік бірлігі қылмыстық сот ісін жүргізу органдары жүйесі мен адвокатураның нәтижелі қызметінің кепілі болып табылады. Демократия осы органдардың адвокатурамен тығыз байланысын нығайтып, олардың іс жүзіндегі тәжірибесін байыта түседі. Қылмыстық іс жүргізу билігі олардың лауазымды адамдары мен адвокаттардың қызметіне міндеттілік, нақтылық, тиянақтылық пен жеделдік қасиеттерін дарытады. Ол қылмыстық сот ісін жүргізудегі міндеттерді нәтижелі шешу мүддесіндегі көп қырлы байланыстарды мығымдай түседі.

Сөйтіп, билік бастауы қылмыстық сот ісін жүргізу органдары жүйесінің өзінде олардың өз міндеттерін түсіне білуі, сол сияқты осы орган қызметкерлерінің талап деңгейі мен қызметтік міндеттерін орындау айқындығы мен бастамашылығы тұрғысынан алғанда өте-мөте әсерлі болуы тиіс.

§ 3. Заң көмегінің түсінігі. Адвокаттың заң көмегін көрсететін саласы. Оның құқықтық көмектен айырмашылығы

Адвокатпен көрсетілетін заң көмегі консультациялар, түсіндірмелер беру, талап қою арыздарын, шағымдар, ұсыныстар құрастыру мен құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды сұратып алу, сот ісін жүргізуде, сол сияқты одан тыс өзге де әрекеттерді белсенділікпен жүргізу жолымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың барлық заңды құралдары мен әдістерін пайдалануды білдіреді.

Мұндай шаралар адвокат пен одан көмек сұрап келген адамның (клиент) арасындағы адвокаттың еңбегіне ақы төлеу мөлшері анықталатын, білікті заң көмегін көрсету туралы келісім-шарты арқылы орындалады.

Тиісті келісім түрлері істің мәніне қарай (заң көмегін көрсету, соттық өкілеттік, қылмыстық және азаматтық істерді жүргізу) жасалады. Көбінесе, адвокаттық кеңсе адвокатының заң көмегін көрсету туралы келісім-шартына клиентке консультация беру, құқықтық сипатқа ие болатын құжаттарды құрастыру, жазбаша қорытынды жасау, оның тарапынан келіссөзге қатысу жөніндегі және басқа да жұмыстар кіреді. Мұндай келісім-шарттар заңды да, сол сияқты жеке тұлғалармен жасалады.

Адвокаттың қызметі жеке және заңды тұлғалардың, олардың мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және өзара қарым-қатынастарындағы құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін жүзеге асыруды қорғау мен жәрдемдесуі үшін тек қана білікті заң көмегін көрсетуге бағытталған.

Адвокаттар алқасының тәуелсіздігі заңнамалық актілермен тура қарастырылған басқа жағдайларды қоспағанда прокуратура, соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, басқа да мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан олардың қызметіне араласуға жол берілмеуімен көрінеді.

Алқалардың кәсіптілігі адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған адамдардың құрылатындығымен көрінеді. Алқа мүшелігіне Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, заңгерлік жоғары білімі бар, кемінде екі жыл заңгер мамандығы бойынша жұмыс өтеуі бар, адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар адамдар өте алады. Лицензия Әділет министрлігімен біліктілік емтиханының нәтижесі бойынша Әділет біліктілік комиссиясының ұсынысы негізінде беріледі. Біліктілігі жетіспегендіктен өзінің кәсіптік міндетін атқару мүмкіндігі болмаған жағдайда лицензия қайтып алынады.

Адвокаттар өздерінің кәсіптік қызметіне орай түрлі заң көмегін көрсетіп, сонымен бірге анықтау, алдын ала тергеу органдарында, соттарда жеке және заңды тұлғалар үшін өкілеттік жасау мен оларды қорғауды жүзеге асырады. Адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы — бұл негізінен айыпталушыны (сезіктіні) қорғау қызметін жүзеге асырумен байланысқан адвокаттық қызметтің маңызды бағыттарының бірі.

Қорғау — бұл қылмыс жасады деп сезік келтірген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, айыптауды жокқа шығару немесе жеңілдетіп, сондай-ақ заңсыз қылмыстық ізге түсуге ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғаутарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі.

Қорғау тарапы сезікті, айыпталушы, оның заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілі болып табылады.

Қылмыстық іс жүргізудің әрбір сатысында онсыз өзінің кінәсіздігін дәлелдей алмайтын болғандықтан, сондай-ақ айыптауды теріске шығаратын немесе жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды аша алмайтындықтан айыпталушы қорғаушының көмегін қажет етеді.

Заң қорғаушы ретінде жіберілуі мүмкін адамдарды нақты анықтап береді. Оларға мыналар жатады:

- а) адвокаттар, яғни адвокаттар алқасына мүше адамалар;
- б) жұбайы (зайыбы);
- в) жақын туыстары немесе заңды өкілдері;
- г) осы ұйымдардың мүшелері болып табылатын және қорғаушы ретінде өкілеттілігін куәландыратын тиісті құжаттармен (шешім немесе хаттама, сенімхат) жабдықталған кәсіптік одақтар мен қоғамдық бірлестік өкілдері.

Адвокат оқытушылық, ғылыми және шығармашылық қызметтермен де айналысуға құқылы. Мұның өзі ғылыми немесе оқытушылық қызметпен айналысатын адамдардың адвокаттар алқасына мүше болып кіре алатындығын білдіреді. Мұндай ерекшелік бір жағынан ғылым жетістіктерін адвокаттық қызметке пайдалануға жағдай туғызса, екінші жағынан ғылыми, педагогикалық және шығармашылық қызмет нәтижелері мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Кәсіптік қорғау қылмыстық іс жүргізудегі қорғаудың көп түрінің бірі болып саналады, сондықтан оған қорғауға қатысты барлық белгілер тән. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңымен реттелетін адвокаттың құқықтық мәртебесіне қатысты өзіндік ерекшеліктерге ие болады.

Сөйтіп, кәсіптік қорғау — бұл айыпталушының, сезіктінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға білікті заң көмегін көрсете

ту мақсатындағы адвокат-қорғаушының заңмен белгіленген тәртіптегі қорғаудың заңды құралдары мен әдістерін жүзеге асыру жөніндегі қызметі.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Құқық қорғау органдары жүйесінде адвокатура қандай орын алады және оның негізгі атқаратын ісі қандай?
2. Адвокатураны неліктен мемлекеттік органдарға жатқызуға болмайды?
3. Заң көмегін көрсететін басқа ұйымдар мен органдардан, қоғамдық бірлестіктерден адвокатураның айырмашылығы неде?
4. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер тобына қандай құқықтық көздер жатады?
5. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің туынды тобына қандай құқықтық көздер жатады?
6. Адвокаттық қызметті реттейтін ұлттық заңнамалардан халықаралық құжаттардың қандай ережелері орын алған?

2-ТАРАУ

ТӨҢКЕРІСКЕ ДЕЙІН, КЕҢЕС ҮКІМЕТІ КЕЗІНДЕ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДВОКАТУРАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

§ 1. Төңкеріске дейіі адвокатураның қалыптасуы мен дамуы. Оны ұйымдастыру қағидалары

Құқықтағы либеральдық бастауды іске асырған 1864 жылғы Ұлы Сот реформасы адвокаттық кәсіптің өткенімен қатынасын үзуге табанды түрде құлшыныс жасаған болатын. Бұл реформа Ресейдің құқық тәртібіне ілгері бастайтын элементтерді енгізуді мақсат етіп, сот ісін жүргізуде кеңірек өкілеттік алған адвокаттар ұйымының құзырын және өзін өзі басқарушы негіздерін қалады.

1864 жылғы Соттық нұсқаулар ережесі алқабилер (присяжный) қызметінің мақсатын былайша анықтады: «ауыртпашылық көрушінің, айыпталушының және іске қатысушы басқа да адамдардың таңдау мен тапсырмасы бойынша, сондай-ақ белгілі бір жағдайда ант берген адвокаттар кеңесі мен сот орындарының төрағасын тағайындау жөніндегі істермен айналысу» (яғни, бүгінгі күнгі қолданыстағы қорғаушы мен айыптаушы тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтылығы принципін жүзеге асыру).

Ант берген адвокаттардың кәсіби бірлестіктері аймақтық соттар орналасқан жерлерде ұйымдастырылды. Мұндай бірлестіктердің өзін өзі басқару органдары сенім берілген адвокаттар кеңесі мен солардың жалпы жиналысы болып табылды.

Ант берген адвокаттардың жалпы жиналысы кеңестің жалпы жиналысымен шақырылатын болды. Жылдық жалпы жиналыста кеңес мүшелері, кеңес төрағасы, төрағаның жолдасы (соңғы төраға жоқ болса немесе ауырып қалған жағдайда соның міндетін атқарады) сайланатын және кеңестің өткен жылғы атқарған жұмыстарының есебі қаралатын болды. Нақ осы функциялар заңмен жалпы жиналысқа жүктелетін болды. Жалпы жиналыстың мәжілістеріне округтің ант берген адвокаттары қатысатын болды. Олардың көмекшілері жалпы жиналысқа дауыс беру құқығынсыз

қатыстырылатын болды. Барлық шешім жәй ғана көпшілік дауыспен шешілетін болды.

Іс жүзінде корпорацияның барлық істерін ант берген адвокаттар кеңесі басқаратын болды. Оның қарауына мынадай: жаңа мүшелер қабылдау, алқабилер қатарынан шығару; алқабилердің әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарастыру; біреуді кемсітуге байланысты істер бойынша кезекпен сеніп тапсырылғандар тағайындау; өтінішпен келген адамдардың ұсынысы бойынша кезекпен сеніп тапсырылғандар тағайындау; клиентпен келісім-шартта ақы төлеу мөлшері белгіленбеген жағдайда адвокаттарды ынталандыру ақысының мөлшерін белгілеу; тәжірибелер жүргізу. Адвокаттар кеңесінің қызметіне қадағалауды аймақтық соттар жүргізді.

Ант берген адвокаттар атағы заңды белгіленген тиісті шарттарға сай келетін мынадай адамдар ие болатын болды: жасы жиырмаға толғандар, заңгерлік жоғары білімі барлар және бес жылдай сот ведомствосында шенеунік немесе адвокаттардың көмекшілері (бүгінгі күнгі — адвокаттың көмекшілері мен тағлымдамадан өтушілер — ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 8-бабы) болып істегендер. Ескере кету керек, мұндай талаптар (адвокаттық қызметпен айналысу үшін біліктілік емтиханын тапсыру) сол кездің өзінде де қазірдегідей өте жоғары болды.

Осындай талаптарға сай келетін адамдар өздерін адвокаттар қатарына қабылдау жөнінде адвокаттар кеңесін өтініш беріп және тиісті құжаттар тапсыратын. Кеңес мұндай өтініштерді қарап және үміткерді қабылдау немесе бас тарту жөнінде шешім қабылдады. Қабылдаудан бас тартылған жағдайда сотқа шағымдануға да болатын. Адвокат болып қабылданғандарға баршаға бірдей жария етілетін тізілімге енгізілгендігі жөнінде куәлік (Адвокаттың лицензиясы — ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 9-бабы) беріліп, сол адамдар ант қабылдайтын болды. Соттық нұсқаулар ережесінің 380-бабына сәйкес, кеңеске заң талаптары бойынша қанағаттанарлық болып, бірақ адамгершілік қасиеті адвокат міндеттерін дұрыс атқаруы үшін сай келмейтін болса, ондай адамдарды адвокаттар қатарына қабылдаудан бас тартуға құқық берілді. Тұлғаны адамгершілік қасиеті негізінде адвокаттар қатарына қабылдамау туралы кеңес шешіміне берілген шағым, сол кездегі ережеге сәйкес қабылданбайтын болды.

Ант берген адвокаттар мынадай жеңілдіктерді пайдаланады: соттарда азаматтық істер жүргізу құқығын пайдалану; жалпы сот орындарында өзінің өкілеттігін сенімхат арқылы ғана емес, сот журналына жазылған сенуші мен сенім берген адамдардың ауызба ауыз айтуымен, егер сенім берілген мен сенушінің арасында мұндай мәселе айтылмаған болса, іс жүргізгені үшін белгіленген тарифке сәйкес сыйақы алу құқығына ие болу; егер соттық қағаз тасушы (соттық орындаушы) мемлекеттік қылмыс жасады деп

айыпталған және Жоғарғы қылмыстық сотпен сотталған адамдардың қорғаушысы болу құқығын иеленген жағдайда делдалсыз-ақ азаматтық іс бойынша бәсекелес қағаздарды бір-біріне беру құқығын иелену.

Адвокаттарға олардың еңбегі үшін сыйақы төлеуге келетін болсақ, олар клиенттің жазбаша келісім шартымен анықталатын болды. Егер келісім-шарт болмаған жағдайда сыйақымен ынталандыру Әділет министрімен белгіленген арнайы бағамен анықталатын болды. Азаматтық іс жүргізгені үшін ақы төлеу жөніндегі баға 1868 жылы белгіленді және одан кейін қарастырылмады. Қаламақы мөлшерін белгілеу үшін негізгі өлшем талап арыз құны болып саналды, сонымен бірге талап бағасының өсуіне қарай қаламақы пайызы кемітілетін болды. Іс сеніп тапсырылған адвокаттар «ұтылған» жағдайда сыйақы мөлшерін анықтау ережесі қызығушылық тудырады. Мұндай жағдайда талапкердің сенімді адамы төртінші, ал жауапкердің сенімді адамы үшінші бөлігін алатын болды. Соттық ережелер жинағының 367-бабында ант берген адвокаттар кеңесінде адвокаттың шағымдарын қарау, сондай-ақ олардың заңдарда белгіленген ережелерді және «өздеріне қабылдаған міндеттердің сенушілер пайдасына орындалуын» қадағалу жүктелетін болды. Осыған байланысты кеңес сенушілердің адвокаттарға деген шағымдарын; адвокаттар ісін жүргізген адамның үстінен шағымын; алқабилердің бір-біріне шағымдарын, көмекшілердің адвокаттар үстінен шағымдарын және керісінше; ресми мекемелер мен лауазымды адамдардың адвокаттар немесе олардың көмекшілерінің көзге түскен теріс қылықтарын хабарлау; бөтен адамдардың мәлімдемелерін; адвокаттар мен олардың көмекшілерінің өздерінің жеке әрекеттерін қарау жөніндегі ұсыныстарын қарайды. Соңғы жағдайда істің заңдылығы туралы күмән туғызған, мысалы қорғаудан бас тарту сияқты әрекеттер айтылады.

Ант берген адвокаттарға қатысты тәртіптік іс жүргізу кеңес төрағасының немесе кеңестің өзінің шешімі бойынша қозғалатын болды.

Сот ережелері жинағының 368-бабының негізінде кеңес адвокаттарға келесідей тәртіптік жаза қолдана алатын болды: ескерту; сөгіс жариялау; кеңестің анықтауы бойынша белгілі бір мерзімге, атап айтқанда бір жылдан кем емес мерзімге міндеттерін атқаруына тыйым салу адвокаттар қатарынан шығару, аса ауыр қылмыстары үшін қылмыстық жауапқа тарту. Сонымен бірге, адвокаттардың міндеттерін атқаруына тыйым салу, алқабилер қатарынан шығару сияқты тәртіптік ықпал студің мұндай шаралары, қылмыстық сотқа беру кеңестің үштен екісінің қатысуымен қабылданатын болды.

Сот ережелері жинағының 368-бабына сәйкес, жасы 25-ке толған, заңгерлік жоғары білімі бар, сонымен бірге сот ведомствосының шенеунігі

ретінде немесе адвокаттың көмекшісі ретінде 5 жыл қызмет жасаған адам адвокат бола алады.

335-бабында мыналар алқабилер мүшесі бола алмайды деп көрсетілген:

- 1) жасы 25-ке толмағандар;
- 2) шетелдіктер;
- 3) борышкер деп хабарланғандар;
- 4) үкіметтік немесе сайланбалы қызметте тұрғандар (ақысыз құрметті немесе қоғамдық лауазым адамдардан басқа);

- 5) сот үкімімен құқықтық жағдайынан айыруға немесе шектеуге ұшыраған, сондай-ақ рухани соттың үкімі бойынша рухани дәрежесінен айырылған діни қызметкерлер;

- 6) құқықтық жағдайынан айыратын немесе шектейтін қылмысы немесе қылықтары үшін тергеуде жүрген және осындай қылмысы мен қылығы үшін сотталып, сот үкімімен ақталмағандар;

- 7) кінәсі үшін сот бойынша қызметтен немесе діни ведомстводан немесе өзі мүшесі болып табылатын қоғамның үкімі бойынша қоғамнан немесе дворяндық жиналыс қатарынан шығарылғандар;

- 8) соттың шешімі бойынша бөтеннің ісін тергей алмайтындар, сондай-ақ адвокаттар қатарынан шығарылғандар.

Одан әрі 1864 жылғы реформа бойынша ант берген адвокатура қызметі, жаңа социалистік мемлекет құрудың қағидаларына қайшы келетін болғандықтан және буржуазияның қалдықтары саналғандықтан кеңес үкіметінің алғашқы декретімен-ақ жойылды.

§ 2. XIX және XX-ғасырдың басындағы Қазақстандағы қорғау институтының ерекшеліктері

Қазақстан адвокатурасының қазіргі кездегі қызметі мен жай-күйін түсіну үшін оның құрылу, қалыптасу және дамуының тарихын оқып-білу қажет. Нәтижесінде қоғамдық-құқықтық маңызы бар институттың алдында тұрған міндеттердің мән-мағынасын түсінуге болады. Сайып келгенде, мұның бәрі адвокатураның құқықтық және демократиялық мемлекет құрудағы орны, рөлі мен мәнін анықтауға мүмкіндік береді.

Адвокатураға жүктелген орындайтын функцияларының және құқықтық қатынастар жүйесіндегі оның жағдайының ерекшеліктеріне байланысты әрқилы тарихи кезеңдерде оған деген көзқарастар қоғамның саяси жүйесіне,

оның экономикалық деңгейіне, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасына қарай өзгеріп отырды.

Адвокатураның қалыптасу жолы өте ауыр болды, сөйтсе де қоғамның дамуының әр кезеңдерінде адвокатура ұйымдарының нысандарын, жолдары мен әдістерін жетілдіру ізденістері қолға алынды.

1917 жылға дейінгі кезеңдердегі кәсіби адвокатураның пайда болуы құрамына Қазақстан да кірген Ресей империясы заңнамаларының қалыптасуы мен дамуының тарихымен және әсіресе 1864 жылғы прогрессивті сот реформасын жүргізумен тығыз байланысты болды.

Қазақстанда аталған патшалық өкіметпен өткізілген жоғарыда аталған, бодандық сот органдарында қарастырылған сот реформасы сот істері үшін елеулі мәнге ие болды.

Сол кезде, қазақ қоғамындағы қорғау институтының белгілі бір тарихи дәстүрі болды. Қазақ құқығының бүгінгі белгілі қайнар-көздері (Ш. Ш. Уәлиханов, Л. И. Баллюзек, Н. А. Гродеков, Қ. А. Жиреншин, С. А. Сабатаев, С. С. Фукс және басқалар) қазақтардың сот төрелігін жүргізуде қорғаушылардың тікелей қатысуын тура көрсетпейді, сөйтсе де қазіргі Қазақстан жерінде Ресей бодандығына айналғанға дейін, кейбірісі ХХ-ғасырдың 20-жылдарына дейін сақталып келген қорғаудың өзіндік институтының (немесе соған ұқсас механизмнің) болғандығы жөнінде тұжырым жасауға болады. Мәселен, қазақтың кәдімгі құқығында айыптаушы бағыттылықпен бірге «іздістіру шаралары» да маңызды орын алып, құқық бұзушылық жағдайларын объективті түрде шешуге мүмкіндік туғызылып отырды және сонымен бірге ол айыпталушыға негізсіз кінә тағудан сақтап қалып отырды. Қылмыстық істерді жедел жәнә атүсті қарауға «істерді тиісті мәнде тергеу мен қарау», «қоғамдық пікір кепілдігі» көлденең тұра білді. Көптеген жағдайларда билер сотының шешімдерімен бірге мүліктік дау-дамайлар «сот билігімен емес, адамгершіліктік беделі жоғары ақсақалдардың айтқандарымен анықталып отырды» Осы ойды дамыта отырып, С. А. Сабатаев, бұл көне дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйенген ақсақалдар соты шынайы халықтық сотқа айнала білді, деп түйді. Қ. А. Жиреншин мен А. Я. Таукелов жәнә басқалар өздерінің еңбектерінде қазақтардың кәдімгі құқығында қорғау элементтерінің болғандығы туралы тура кесіп айтпайды, алайда «судьялардан бас тарту институты», «істі қарауға келісім беру», «ант беру институты» сияқты механизмдер оларды болғандығын білдіреді.

Соған қарамастан, Ресей империясының басқа заңдарына сияқты қазақ қоғамына ант берген адвокаттар институтын енгізу тым баяу жүргізілді. Бұл 1867-1868-жылдардағы реформа барысында өздерінің ұлттық жәнә жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып, нақты мәселелерді шешетін билер соты мен қазылар сотының сақталуымен жәнә олардың отарландыру

міндеттері мен мақсаттарына бейімделуімен түсіндірілді. Билер соты даулы мәселелерді шешуде кәдімгі құқық пен шариғат ережелеріне, алд қазылар соты шариғат ережелеріне ғана жүгінетін болды, алайда, соңғысы ислам мен басқа да бірқатар белгілі факторларға (қазақтардың шаруашылық және әлеуметтік әдет-ғұрыптарды ерекшеліктеріне, кәдімгі құқық — әдеттің басым болуына, Ресей мемлекетінің саясатына байланысты) онша ықпал ете алмайтын болғандықтан тиісті мәндегі өріс алуға ие бола алмай қалды.

XIX ғасырдың аяғындағы Қазақстандағы сот құрылымы 1886 және 1891 жылдардағы жаңадан бекітілген Түркістан және Далалық өлкелерді басқару туралы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылатын болды. 1898 жылғы сот реформасы адвокатура қызметін реттеу мен құқықтық негізін қарастырды, мысалы, 1898 жылғы 2-маусымдағы «Уақытша ережелердің» 2-бабында адвокаттық қызмет жүргізу куәлігі округтік соттармен берілетіндігі көзделді. Мұндай куәлік мәмілеге келтіру соттарында да адвокаттық іс жүргізуге құқық беретін болды.

Сөйтіп, осы ережелермен қазақтың кәдімгі құқығының өрісін тарылта түскен отаршылдық соттар құрылды. Ресей империясының соттық билігі Қазақстанның бүкіл жұршылығына таралатын болды, соған орай сот ісін жүргізуге ант берген адвокаттар мүшесі белсендірек тартылатын болды. Осы түрінде ант берген адвокаттар институты мен жеке сенім берілгендер 1917 жылға дейін өмір сүріп келді.

§ 3. Кеңестік дәуірдегі және қазіргі кездегі адвокатураның Қазақстан Республикасында дамуының негізгі кезеңдері

1917 жылдың қазанында саяси билікті большевиктік партияның басып алғаны белгілі. Осы кезден бастап, бүкіл елдегі сияқты адвокатурамен де эксперименттер басталды.

Кеңестік саяси жүйе бекітілгеннен кейін адвокатураның қызметі де елеулі өзгеріске ұшырады және жаңа саяси мемлекет құрудың принциптеріне қайшы келетін болғандықтан 1864 жылғы реформа бойынша қолданыста болып келген жеке адвокатура кеңес өкіметінің алғашқы декретімен жойылды. Біртіндеп адвокатура кеңестік сот төрелігінде қосымша бағыныңқы қызмет атқара бастады. Қорғау институтын ұйымдастыру мен қорғаушылардың сотқа қатысуы да бірнеше қайтара өзгерді. Бірін ысырып тастап, екіншісін қабылдап кеңестік заңнамалар қорғаушылар қызмет түр-

леріне ұжымдық, тоталитарлық тәртіпті нығайтудың талаптары мен міндеттерін жауап беретін нормалар енгізіп отырды.

Соған қарамастан, қылмыстық іс бойынша қорғаудың жаңа ұйымы мен азаматтық істер жөніндегі өкілдіктердің көпжылғы ізденістерінің нәтижесінде адвокатура дамуын жалғастыра түсті. Белгілі бір тәжірибелік және теориялық ізденістер жинақталып, адвокаттық қызметтің жаңа түрлері пайда болып жатты, оның нормативтік құқықтық негіздері нығайтыла түсті. КСРО тарағаннан кейін және жаңа тәуелсіз мемлекеттер құрылғаннан кейін кеңестік кезеңде жинақталған жағымды тәжірибелер ұлттық адвокатураның негізіне алынды.

Атап өтетін жай, кеңес кезеңіндегі адвокатураның ұйымдық жағынан да, оған деген мемлекет тарапынан қатынастар жағынан да төңкеріске дейінгі адвокатура ісімен байланыстары көп болды. «Осы екі адвокатура да жергілікті деңгейде ұйымдастырылды, оларда орталық аппарат пен идеялық платформа болмады, соның нәтижесінде олар патшылық өкімет пен Кеңес өкіметінің саясатына қарсылық көрсете алмады. Екі адвокатураның екеуі де өздерінің қызметіне, соттардың тарапынан жеткіліксіз көрсетілетін сыйластыққа, олардың сотқа дейінгі ролінің төмендеуіне жасалатын Әділет министрлігінің бақылауына құлақ асатын болды. Екі адвокатураның екеуі де сайып келгенде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда мемлекетке тәуелді болды».

1917 жылдың 24-қарашасында Бүкілресейлік орталық атқару комитеті сот туралы № 1 Декрет қабылдады. Декрет прокуратура, қылмыстық тергеу органдарын және бүкіл сот жүйесі сияқты адвокатураны да таратты және бұл большевиктердің жаңаша құқықтық тәртіп орнатудың алғашқы заңдық қадамы болды. Декрет сотта тұлғалардың мүдделерін кез келген азаматтық құқыққа ие болған, абыройын кір келмеген азаматты қорғай алатындығын белгіледі. Нәтижесінде декрет адвокаттық қызметке шектеусіз барлық адамдар үшін араласу құқығын қамтамасыз етті.

Большевиктар социалистік адвокатураның қандай болуы керектігін біле қоймағанымен осы қызметтің бұрынғы институционалдық негіздерін жою қажеттігін түсіне білді.

Адвокатура қызметінің социалистік балама жолын іздестірудің алғашқы қадамы 1917 жылдың 19-желтоқсанында басталды. Осы күні Әділет комиссариаты жергілікті кеңестердің революциялық трибуналдардағы жұмыстар үшін айыптаушылар мен қорғаушылар алқасын құру жөнінде бұйрық шығарды. Ол 200 мыңнан асатын тұрғын халқы бар губерниялар мен қалаларда мемлекеттік қызметкерлермен жасалған контрреволюциялық қылмыстар деп аталатын істерді қарайтын болды. Алқа мүшелігіне қабылдау жергілікті кеңестердің ұсынысы бойынша жүзеге асырылатын болды. Алқа мүшелері

революциялық трибуналға Англиядағы барристер сияқты қорғаушының не айыптаушының қызметін орындау үшін шақырылатын болды.

РКФСР Халық комиссарлары кеңесінің 1917 жылғы 24-қарашасындағы сот туралы № 1 декретімен алқабилер мен жеке адвокатура институты таратылды. Алдын ала тергеу сатысына жіберілетін айыптаушылар мен қорғаушылардың, ал ал азаматтық іс бойынша сенім берілген адамдардың рөлін атқару азаматтық құқыққа ие болған, абыройы бар барлық еркек және әйел жынысты азаматтарға жүктелетін болды. Бірақта азаматтардың құқықтарын қорғайтын Декретпен құрылған арнайы орган болмады.

Бүкілересейлік орталық атқару комиссиясының 1918 жылғы 7-наурыздағы сот туралы № 2 Декретімен жұмысшылар, солдаттар, шаруалар және казактар депутаттары Кеңесі жанында қоғамдық айыптау және қоғамдық қорғау сияқты нысанда өздерін құқықтық арашашы болуға арнаған адамдардың алқасын құру қарастырылды. Мұндай алқаларға жоғарыда аталған Кеңестермен сайланған және шақырылған адамдар кіретін болды. Тек осы адамдар ғана соттарда сөйлеуге құқық алды. Құқықтық арашашылар алқасынан сот әрбір іс үшін қоғамдық айыптаушы шақыра алатын болды. Егер айыпталушы қандайда бір себептермен қорғаушы шақыру құқығын пайдалана алмаған болса, сот оның сұрауы бойынша құқықтық арашашылар алқасынан оған қорғаушы тағайындайтын болды. Осы көрсетілген айыптаушылар мен қорғаушылардан басқа сот жарыссөзіне сот мәжілісіне қатысып отырғандардың арасынан бір айыптаушы мен бір қорғаушы қатыса алатын болды.

Кеңестік сот ісін жүргізуді құру құқықтық арашашы қызметіне де өзгерістер енгізді. Біртіндеп айыптау мен қорғау функциялары нақтырақ бөлінді, құқықтық арашашылар алқасы мүшелерін ақы төлеу туралы мәселені реттеу белгіленеді, соттарды қорғауға жіберілетін адамдардың шеңбері тарылтып және содан соң таратылды, яғни мұндай қызметті заңда көрсетілген адамдар ғана орындай алатын болды.

1918 жылғы 30-қарашадағы халық соты туралы ереже азаматтық іс жүргізуге қатысатын айыпталушының немесе тараптардың мүдделеріне қатысты барлық мән-жайларды толығырақ көрсету үшін жұмысшылар мен шаруалар депутаттарының уездік (уездік қаланы қоса) атқару комитеттері жанындағы және Жұмысшылар мен шаруалар депутаттарының губерниялық атқару комитеттері жанындағы қорғаушылар, айыптаушылар мен азаматтық іс жүргізудегі тараптардың өкілдері алқаларын құруды белгіледі.

Алқа мүшелері Жұмысшылар мен шаруалар депутаттары атқару комитеттерімен 1918 жылғы 10-шілдедегі РКФСР Конституциясы 64-бабының талаптарын қанағаттандыратын адамдар құрамынан сайланатын болды.

Кеңес Республикасының лауазымды адамы ретінде алқа мүшелері Әділет халық комиссариатының сметасы бойынша халық судьяларына белгілейтін мөлшерде жалақы алатын болды.

Айыпталушының өтініші бойынша алты халық заседателінің қатысумен қарастырылатын қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қорғаушыны қатыстыру міндетті болды. Қалған қылмыстық істерде қорғаушы қатыстыру туралы мәселе жарлықшы немесе сот мәжілісінде сотпен анықталды.

Қорғаушылар алқасын ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі бірқатар шараларға қарамастан соңғысының қызметі жаңа мемлекеттік ұсынған талаптарына сай келмей жатты. Сондықтан 1920 жылғы 21-қазандағы халық соты туралы Ереже қорғаушылар алқасын таратып, соттық қорғаудың жаңа түрін белгіледі. Сот органдарына қорғаушы ретінде осы міндетті атқара алатын азаматтар тартылатын болды (негізінен мұндай адамдар кеңес үкіметіне берілген немес ниеті түзу адамдар болды), осыған байланысты аудандық, қалалық және уездік атқару комитеттерінде Әділет халық комиссариатының нұсқауымен белгіленген тәртіпте ерекше тізім жасалатын болды.

Қорғаушы міндетін атқара алатын азаматтар 1920 жылғы 23-қарашадағы Соттағы айыптау мен қорғауды ұйымдастыру туралы нұсқауға сәйкес жасалатын тізіміне қосылатын болды. Қорғаушы міндетін атқаруға тартылған адам қызмет атқаратын мекемелердің бәрі де сол адамды талап етілген мерзімге дейін уақытша қызметінен босататын болды. Сот мәжілістеріне қатысқан уақыттары үшін олардың жұмыс орнындағы еңбек ақылары сақталатын болды немесе олар жалпы мемлекеттік қаражаттан сол жерге белгіленген, кем дегенде күндік еңбек ақы көлемінде тәуліктік жалақы алатын болды. Аталған адамдар арасынан қорғаушылар жетіспей қалған жағдайда әділет бөлімдерінде қызмет істейтін консультанттар тартылатын болды. Қорғаушыларды бұлайша ұйымдастыру түрі 1922-1924 жылдардағы сот-құқықтық реформаға дейін болды.

1922 жылғы 26-мамырда БОАК Қаулысымен бекітілген адвокатура туралы ереже адвокаттық қызметті тікелей реттеуші алғашқы нормативтік құқықтық акті болып табылды. Ол алғаш рет адвокатураны азаматтық дау-дамайлар шешу мен қылмыстық сотта қорғау кезіндегі еңбекшілерге заңдық көмек көрсету мақсатында құрылған өзін өзі басқаратын ұйым ретінде анықтады.

Қорғаушылар алқасының мүшелері мемлекеттік басқа мекемелер мен кәсіпорындарда қызмет атқара алмайтын болды.

Тек мыналар үшін ерекшелік жасалды:

- 1) сайланбалы мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар үшін;
- 2) заң ғылымының профессорлары мен оқытушылары үшін.

Қорғаушылардың губерниялық алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы өзінің құрамынан президум сайлады:

Қорғаушылар алқасының президумына мыналар жүктелді:

- қорғаушылардың өз міндеттерін орындауын қадағалау мен бақылау;
- адамдардың алқа президиум қаулысына тиісті губерниялық атқару комитетіне шағым білдіру құқығын сақтай отырып, өздерінің мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану;
- алқа қорына түсетін ақша сомаларына иелік ету;
- ақысыз қорғау және белгіленген баға бойынша қорғау тағайындау;
- губерниялық әділет блімінің тапсырмасы бойынша халыққа көмек көрсету үшін заң кеңесін ұйымдастыру.

Қорғаушылардың еңбегіне ақы төлеу келесідей негіздемелер бойынша жүргізілді:

- халық сотының ерекше қаулысымен мүліксіз (кедей) деп танылған адамдар қылмыстық және азаматтық істер бойынша қатысқан қорғаушыларға кез келген сыйақы төлеуден босатылды;
- мемлекеттік және жеке кәсіпорын жұмысшылары және мекеме мен ұйым қызметшілері Әділет халық комиссариатының белгілеген бағасы бойынша қорғаушыларға қызметі үшін ақы төлейтін болды;
- қалған басқа жағдайларда ақы төлеу оның мүдделі жағының келісімімен анықталатын болды.

Қорғаушылар өздерінің алған ақыларынан президиум алқасын ұстау мен заң кеңестерін ұйымдастыруға кететін шығындарды өтеу үшін қорғаушылар алқасы қорына Әділет халық комиссариаты белгілеген пайыздық төлем өткізетін болды.

Қорғауға қорғаушылар алқасының мүшелерінен басқа айыпталушының немесе жәбірленушінің жақын туыстары, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, сол сияқты кәсіптік одақтар мен тұтынушылар қоғамының және басқа да кәсіптік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері жіберілетін болды. Өзге адамдар соттың ерекше рұқсатымен ғана жіберілді.

Қазақстандағы кеңестік адвокатураның қалыптасу барысы объективті де, субъективті де сипаттағы қиындықтарға тап болды. Ең әуелгісі — білікті әрі дайындалған мамандардың жоқтығы. Екіншісі, көптеген сот қызметкерлері, әділет халқымының және басқа да құқық қорғау органдарының басшылары, кеңестік сот өзінің пролетарлық мәніне қарай ешқашанда қателесуі тиіс емес және қандайда болсын істі әділ шешуге қабілетті деген түсінікпен адвокатураға теріс көзқараспен қарады. Ең соңында, қоғамда адвокатура — бұл патшалық самодержавиеден қалған мұра, күні тозған институт деген пікір пайда болды.

Қазіргі кезде адвокатураны реттейтін негізгі заң адвокатура қызметінің және осындағы пайда болып қалатын құқықтық қатынастардың тәртібі мен мазмұнын реттеуші құқықтық нормалар біріктіріліп және жүйелендірілген арнаулы заң — «Адвокаттық қызмет туралы» Заң болып табылады.

«Адвокаттық қызмет туралы» Заң Негізгі заң мен Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қабылданды. Онда мыналар ескерілді: Конституция негізінде қабылданған нормативтік құқықтық актілердің ережелері; өткен жұмыстарда жинақталған тәжірибелер; жетекші деген қазақстандық және шетелдік ғалымдардың теориялық зерттеулері.

Бүгінгі таңдағы адвокатура қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- мемлекетпен кепілдік берілген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғау құқығын жүзеге асыруға, білікті заң көмегін алуға көмектесу;
- қылмыстық істер бойынша қорғауды жүзеге асыру, азаматтық, әкімшілік және басқа да істер бойынша адвокаттың өкілдік жөніндегі қызметін ұйымдастыру;
- заңмен тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсету.

Осыған байланысты адвокатура қызметі келесідей қағидаларға негізделеді:

- 1) өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі адвокаттардың тәуелсіздігі;
- 2) адвокаттық қызметті заңмен тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;
- 3) адвокаттардың қызметіне заң актілерімен тура көзделген жағдайлардан басқа прокуратураның, соттардың, анықтау және алдын ала органдарының, басқа мемлекеттік органдардың, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдардың араласуына жол берілмеуі;
- 4) кәсіптік мінез-құлық нормалары мен адвокаттық құпияларды сақтау. Біріншісі «адвокат» ұғымының айқын болуы.

Сөйтіп, адвокатураның даму деңгейі — адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңдық қамтамасыз етілуінің өлшеуіші. Заңнама жай ғана жариялап қоймай, заң актілерімен тура көзделген басқа жағдайларды қоспағанда прокуратураның, соттардың, анықтау және алдын алу органдарының, басқа мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдардың араласуына жол бермеумен бірге адвокатураның тәуелсіздігі мен жоғары беделіне кепілдік бере білуі керек. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары

мен заңды мүдделерінің жүзеге асырылуын қорғау мен көмектесу мақсатында заңдық көмек көрсетудің кепілі болып табылады.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Ортағасырлық Еуропадағы адвокатураның пайда болуы мен даму тарихы.
2. Ресейдегі адвокатураның даму тарихы.
3. Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы мен даму тарихы.
4. 1864 жылғы сот реформасы және оның адвокатураны дамытудағы рөлі.
5. КСРО-дағы адвокатура (Адвокатура туралы Заңдар — 1939 ж., 1979 ж.).
6. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметі.

3-ТАРАУ

АДВОКАТ — ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ҚОРҒАУШЫ

§ 1. Адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы — адвокаттық қызметтің бір түрі. Адвокаттың қылмыстық іске қорғаушы ретінде қатысуы

Қылмыстық іс жүргізуде, бәлкі, ең ортақ, ауқымды және кең тараған мәселе санаттары «айыптау» мен «қорғау» болып табылатын шығар. Айыптау мен қорғау өздерінің белгілі бір мазмұндарымен қылмыстық сот ісін жүргізуді толықтырады, сонымен бірге қорғау айыптаудан туындайды. Ол айыптау бар жерде ғана орын алады. Егер айыптау жоқ болса, онда қорғау да болмайды. Сондықтан, қорғау ұғымына түсінік беру үшін жалпылама болса да айыптауды да қарастыру қажет.

Айыптау қылмыстық іс жүргізу ғылымында әрқилы түсіндіріледі. Айыптау деп, адамның қылмыс жасаудағы іс-әрекетін әшкерелеу жөніндегі қызметін, айыпталушы адамды кінәлі деп тану жөніндегі айыптаушының сотқа талап қойған қызметін, айып тағылған адамның әрекетінің немесе әрекетсіздігінің жиынтығын, адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту жөніндегі қаулының мазмұнын, сотта сөз алатын айыпталушының атауы деп тану ұсынылады.

Адвокат қызметінің негізін қалаушы қағидалары, заңда көзделгендей, оның тәуелсіздігі болып табылады. Ол қалай болса да белгілі бір органдардан және өзінің қорғауға алған адамынан немесе тұлғасынан тәуелсіз. Қорғалушы мен адвокатты бірге анықтаған қорғау бағыты байланыстырады, ал оның қалай орындайтынын адвокаттың өзі дербес шешеді. Бұл жерде адвокат заңмен тыйым салынбаған барлық құралдар мен әдістерді пайдаланады. Адвокат өзінің қорғаушысына не істейтіні жайында баяндап отыруға немесе айтып отырға міндетті емес. Бұдан басқа, тергеу амалдарын жүргізу барысында қорғалушының талқылау тақырыбына жатпайтын бірқатар мәнжайлар да болуы мүмкін.

Сондықтан қорғаушы қорғаудың қандай құралдары мен әдістерін таңдауға өзі бағыт-бағдар жасайды. Адвокаттың көмек сұраған адамның іс бойынша жағдайын нашарлататындай құқықтық көзқарас ұстануына тыйым салынады; ол қорғалушыны белгілі бір көзқарасты таңдауына мәжбүр ете алмайды, бірақ қорғаудың белгілі бір әдістерінің ықтимал зардаптарын түсіндіруге тиіс. Адвокат, қорғаушымен кездесе отырып, оны, айыптауға кінәлауға, шындықты ашуға мәжбүр етуге міндетті емес. Адвокаттың міндеті — тек қана қорғау, қорғау — демек сену. Сондықтан ол қорғалушысына сенуге тиіс. Қылмыстық іс бойынша нағыз қорғауды жүзеге асыру үшін қорғаушының қорғалушыға деген сенімі жеткіліксіз. Маңыздысы өзара сенім, яғни қорғалушы тарапынан қорғаушыға деген сенімнің болуы. Бұл адвокаттың қорғалушыға тәуелді болуын талап етпейді.

Адвокат қорғалушыны қорғай отырып, бір жағынан заңсыз айыпталған тұлғаны қорғайды, екінші жағынан сот төрелігінің мақсатқа жетуіне жағдай жасайды.

Алдын ала тергеудегі қорғаушының кәсіби қызметі айыпталушыға (сезіктіге) білікті заң көмегін көрсетуге, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сезіктіні немесе айыпталушыны ақтайтын немесе олардың жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды анықтау жөніндегі дәлелдеуге қатысуға бағытталған.

Іске қатысуға жіберілген сәттен бастап қорғаушы мынадай құқықтарды пайдаланады:

- сезіктімен және айыпталушымен саны мен ұзақтығы шектелмейтін оңаша және құпия кездесуге ие болуға;
- айып тағу кезінде қатысуға;
- сезіктіден және айыпталушыдан жауап алуға қатысуға, сондай-ақ олардың қатысуымен жүргізілетін өзге де тергеу амалдарына қатысуға;
- алдын ала тергеу аяқталған сәттен бастап іс материалдарымен танысуға;
- дәлелдемелер ұсынуға;
- сотқа берген шағымдарды қарауға қатысуға;
- наразылық білдіруге;
- анықтау жүргізген адамға, тергеушіге прокурорға және соттың әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасауға.

Бұдан басқа, қорғаушы заңға қайшы келмейтін қорғаудың кез келген басқа да құралдары мен әдістерін пайдалануға құқылы.

Алдын ала тергеудегі қылмыстық іс бойынша қорғаудың негізгі әдістері.

Қорғаушының айыпталушымен (сезіктімен) қарым-қатынасы. Құқықтық қорғау құралдары арасындағы ұсталғанмен немесе айыпталушымен кездесу клиентке көмек көрсетуде ерекше орын алады. Қорғаушы өзінің қорғайтын адамымен неғұрлым ертерек кездессе, оның іске қатысуы соғұрлым әсерлі болады.

Қорғаушы қылмыстық іс жүргізудің барлық сатыларында, кез келген тергеу амалдарының алдында өзінің қорғайтын адамымен оңаша, құпия, ұзақтығы шектелмеген жағдайда кездесуге құқылы.

Сезіктімен немесе айыпталушымен кездесуге рұқсат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы, сондай-ақ «Қылмыс жасаған сезіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау туралы» Заң белгілейді. Осы заңдарға сәйкес, сезікті мен айыпталушыға ұсталған сәтінен бастап-ақ қорғаушымен оңаша және құпия кездесу рұқсаты беріледі. Кездесу мыналарға: іске қорғаушы ретінде қатысатын, заң көмегін көрсету туралы ордерін көрсеткен адвокаттарға; тиісті хаттамаларын көрсетулері бойынша қорғаушы болып табылатын кәсіптік одақтардың немесе басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдеріне беріледі.

Дегенмен қазіргі кезде қорғалатын адамымен кездесуге рұқсат алу үшін лның қылмыстық істі жүргізетін тергеушіден жазбаша рұқсат алса болғаны. Осы мақсатта адвокат, заң кеңесін беру ордеріне ие болғаннан кейін тергеушіге өзінің қорғайтын адамымен кездесуге рұқсат беруі жөнінде жазбаша өтініш жасайды (мүмкіндігінше мұндай рұқсатты алдын ала тергеудің барлық кезеңіне сұрап алған жөн). Қорғаушыға оның қорғайтын адамымен тергеу оқшаулағышында тура кездестіру тергеушінің аталған шешімі мен адвокаттың тұлғасын куәландыратын құжаттарын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Қорғалушымен кездесу мақсаты, онымен жүргізілетін әңгіменің мазмұны қорғаушының кіммен, іс жүргізудің қай кезеңінде қатынасатынына байланысты болады. Ұсталғанмен немесе айыпталушымен бірінші кездесу қорғаушының қорғалушымен танысуына онымен психологиялық байланыс орнатуына, істің мән-жайын білуге, қорғалушыны оның құқықтарымен және қылмыстық іс жүргізудегі қорғаудың рөлін, адвокаттық құпияның мәнін түсіндіруге арналады. Қорғалушының сеніміне ену кедергісін жою үшін адвокатты іске қатысуға шақырған адамның хатын көрсету керек.

Клиентпен келесі әңгімелер енді іс бойынша қорғаудың ыңғайлы сәттерін талқылауға, қорғаудың жоспарларын, құралдары мен әдістерін талқылауға арналады. Қорғаудың жоспарын талқылау кезінде клиентпен бірлесе отырып, іс бойынша жауап беруді, кінәсін мойындау туралы мәселелерді шешеді. Егер солай дейтін болса, онда толығымен бе, ішінара ма, тергеу

амалдарына қатысудың, өтініш білдіру, бас тарту, дәлелдеме келтіру керек пе, керек болса қандайы, қамауға алуға, оның мерзімінің ұзақтығына немесе басқа әрекеттерін және тергеуші мен прокурордың шешімі сияқты мәселелер қарастырылады.

Адвокаттың айып тағу кезіне қатысуы. Қорғаушы айып тағу кезінде айыпталушының өтініші болған жағдайда не заң бойынша осы сәттен міндетті болғанда, сонымен бірге айыптылушының қорғаушыдан бас тартпаған жағдайында қатыса алады.

Айып тағу тергеушінің айыпталушының тұлғасын анықтағаннан кейін оны айыпталушы ретінде тарту туралы қаулымен таныстыруымен, тағылған айыптаудың мәнін түсіндірумен көрінеді. Тәжірибе көрсеткеніндей, айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы (әсіресе бірінші редакциялауында) ірқашанда дәлелді бола бермейді, онда қылмыстың жасалуының барлық мән-жайлары келтірілмейді, қылмыс құрамының сараланған белгілері көрсетілмейді. Сондықтан, айыптау кезінде қатысатын қорғаушы ең алдымен өзі айыпталушы ретінде тарту туралы қаулымен танысып, оның мағынасын анықтап, осы іс жүргізу актісінің нысаны мен мазмұны жағынан қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сай келетінін тексеруі тиіс.

Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы хабарланғаннан кейін және тергеушінің айып тағудың мәні түсіндірілгеннен кейін қорғаушы қажет болған кезде айыпталушыға айып тағудың мәнін қолайлы және түсінікті сөздермен санасына құйып береді. Мұны ол тергеушінің қатысуымен немесе айыпталушымен оңаша жасай алады. Ең қолайлысы екінші амал. Шынын айтқанда, айып тағылғаннан кейін тергеуші заң бойынша осы кезде әлі өзіне өзі келе алмай тұрған айыпталушыдан дереу жауап алуға кіріседі. Ал айыпталушының бірінші жауап беруі қорғауды ойластыру үшін көбінесе анықтаушы сипатқа ие болатыны белгілі. Сондықтан қорғаушы айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы көрсетілгеннен кейін, бірақ жауап алынғанға дейін өзінің клиентімен кездестіру туралы тергеушіге өтініш білдіргені орынды. Бұл кездесуде қорғаушы айыпталушымен тағылған айыптаудың мәнін ғана емес, қорғау жоспарын, соның ішінде тағылған айыптауға кінәлі немесе кінәсіз екенін айту, жауап беру немесе бермеу жөніндегі мәселелерді талқылайды.

Кейде тергеушілер айыпталушыны айып тағу туралы қаулымен таныстырғаннан кейін дереу жауап алу жүргізу жөніндегі заң талаптарын желеу етіп қорғаушы мен айыпталушының мұндай кездесулеріне қарсылық білдіріп жатады. Тергеушінің мұндай әрекеті заңды деп танылмайды, өйткені айыпталушы айыптаудың мәнін анықтап білгенше жауап беруден бас тартуға құқылы. Осындай мақсатта ол өзін қорғаушымен оңаша кездестіруін

талап ете алады. Егер мұндай кездесудің қажеттігін айыпталушының өзі ойламаған жағдайда қорғаушының өзі талап етеді.

Адвокаттың сезікті мен айыпталушыдан жауап алуға қатысуы. Айыпталушыдан (сезіктіден) жауап алу ең ақпаратты тергеу амалдарының бірі болып табылады.

Қорғаушының айыпталушыдан (сезіктіден) жауап алынуға қатысу мағынасы мынада, жауап алудың заң шеңберінде жүргізілуін қамтамасыз ету, жауап алу барысынла қорқытуды, дөрекілікті, күштеп немесе психологиялық ықпал етуді қолдануға жол бермеу, айыпталушының (сезіктінің) заңды мүдделерін қорғау, оны ақтайтын немесе жазасын жеңілдететін фактілерін ашуға жағдай жасау.

Қорғаушы айыпталушыдан жауап алу уақыты мен орны жайлы тергеушіден сұрап біледі, егер ол тергеушіден іс жүргізуден күні бұрын сұраған болса, онда тергеу амалдарының күні оның қорғайтын адамымен бірге хабарланады.

Егер қорғаушы қандайда бір себептермен (басқа бір іс жүргізуден қолы болсамй, ауырып қалуы, іссапарға кетуі және т. б.) тағайындалған уақытта жауап алуға қатыса алмайтын болса, онда тараптардың екеуара келісімі бойынша айыпталушыдан жауап алудың күні мен уақытын өзгерте алады.

Жауап алар алдында қорғаушы айыпталушымен оңаша кездесіп, алдағы жауап алуда қорғаудың жоспарын, соның ішінде жауап алынатын адамға қойылатын бір топ сұрақтарды бірге талқылауға болады. Жауап алу барысында қорғаушы жауап берушіге сұрақ қоюға және хаттамадағы жазулардың дұрыстығы мен толықтығына қатысты жазбаша ескертпелер жасауға құқылы. Егер тергеуші қандайда бір қатысы жоқ сұрақтар қоятын болса, қорғаушы осы сұрақтың және оған жауап берудің негіздемесін хаттамаға енгізілуін талап ете алады. Қорғаушы айыпталушыға (сезіктіге) жауабы айтарлықтай бір дәрежеде қалыптасқан қорғау шебін бағдарлау мүмкіндігін және соған сыйыса алатындай сұрақтар қоя алады. Кейде қорғаушы жауап алуды тоқтата тұрып, өзіне айыпталушымен кездесу мүмкіндігіне өтініш білдіре алады. Мұндай қажеттілік даулы жағдайда жауап алу кезінде болуы мүмкін. Мұндай өтінішті қанағаттандыру заңға қайшы келмейді және пайда болған қиыншылықты шешу мен туындағалы тұрған даулы мәселені өршітпеуге жағдай жасайтындай тактикалық жағынан дұрыс болып саналуы да мүмкін.

Хаттамаға қол қояр кезде қорғаушы осы тергеу амалдарының дұрыстығы мен толықтығы жөнінде жазбаша ескертулер жасауға құқылы. Мұны жауап алу хаттамасының өзінде де сол сияқты хаттамаға қоса тіркелетін бөлек мәлімдеме түрінде де жасауға болады.

Адвокаттың сезікті мен айыпталушының қатысуымен жүргізілетін өзге де тергеу амалдарына қатысуы. Адвокаттың өз клиентінің қатысуымен жүргізілетін тергеу амалдарына қатысуы соңғыларына өте пайдалы болуы мүмкін. Алайда, бұл жағдайда айыпталушының сотта өз құқықтарының сақталмауына немесе бұзылуына жол берілді деп айту мүмкіндігі төмендейді.

Қылмыстық іс жүргізу заңы тергеушіні қорғаушыға айыпталушымен жүргізілген тергеу әрекеттері жайында, егер ол жөнінде өтініш білдірілмеген болса, хабарлап отыруға міндеттемейді.

Сондықтан адвокаттың іске кірісер алдында тергеушіге осы сәттен бастап оның қатысуынсыз айыпталушымен (сезіктімен) ешқандай іс жүргізу амалдарын қолға алмауды және оның жүргізілетін күні мен орнын алдын ала хабарлануы жөнінде өтініш жасау (жазбаша түрде болғаны дұрыс) ұсынылады.

Өзінің клиентінің қатысуымен жүргізілетін тергеу амалдарына қатысу туралы шешімді мүмкіндігіне қарай адвокаттың өзі қабылдайды. Мұндай тергеу әрекеттерінің ауқымын адвокат іске кірісер кезінде қорғалушымен бірлесіп талқыланғаны дұрыс.

Адвокаттың айыпталушымен (сезіктімен) жүргізілетін тергеу амалдарының мақсаты мыналар болуы мүмкін: өзінің клиентін психологиялық жағынан қолдау; осы тергеу әрекетін орындалу заңдылығын қамтамасыз ету, қорғалатын адамның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау; қорғауға қажетті іс жүзіндегі деректерді анықтау және басқалар.

Қорғаушы өз клиентінің қатысуымен жүргізілетін белгілі бір тергеу әрекеттерінде тек қана қосалқы адамның ролін атқарушы ретінде көрінуі тиіс емес. Ол оны өткізуге белсенді және мақсатты түрде қатысуы тиіс (жүргізілетін тергеу әрекеттерінің мәнін, жүргізу ерекшеліктерін, қатысушылар қатарын, құқықтарын анықтауы, тергеу әрекеттерін жүргізу барысында шешілуі қажет мәселелерді белгілеуі тиіс). Мұндай дайындық жұмыстарының бәрі қорғаушының тергеу мен іс жүргізу амалдарын жүргізілуіне әсерлі қатысуына жағдай туғызады.

Айыпталушымен (сезіктімен) тергеу амалдарын жүргізу барысында адвокат тергеушінің рұқсатымен өзінің қажеттігі үшін дыбыс және бейне жазба құралдарын пайдалана алады. Егер тергеуші бұл жөнінде бас тартатын болса, қорғаушы дыбыс және бейне жазба құралдарын іс жүргізулік жолмен қолдану жөнінде өтініш білдіруге құқылы.

Тергеу амалдарының нәтижесін хаттамаға түсірудің толықтығы мен дұрыстығы сонымен бірге қатысушы қорғашының қолымен мақұлданады. Және бұл тергеу әрекетіндегі адвокаттың қатысуының жауапты кезеңі болып саналады. Егер адвокат қандайда бір себептермен (ынтасыздықпен, жи-

герлілік, табандылық танытпауы және т. б.) хаттамада бұзушылыққа жол беру мен анықталған мән-жайлардың толық көрсетпеген болса, іс жүзінде оның қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің кейбір нәтижелері ортаға салу үшін тиісті мәнге ие бола алмай қалады.

Дәлелдемелер ұсыну. Адвокат өзінің клиентіне қарағанда қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдеуге қатысуға құқылы ғана емес, сонымен бірге белсенді түрде қатысуға міндетті. Қылмыстық іс бойынша адвокаттың дәлелдейтін мәселесі айып тағуды жоққа шығаратын немесе айыпталушының жауаптылығын жеңілдететін мән-жайлар ғана болып табылады. Осы мақсатта қорғаушы іске қатысуға жіберілген сәттен бастап дәлелдеме ұсынуға құқылы.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5-желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» заңына сәйкес, адвокат мемлекеттік, қоғамдық және өзге де ұйымдардан белгіленген тәртіп бойынша заң көмегін көрсетуге қажетті заң консультациясы арқылы берілетін анықтама, мінездеме және өзге де құжаттарды немесе олардың көшірмелерін сұратып алуға құқылы.

Бұл материалдар айыпталушының мінездемесіне ғана қатысты емес, денсаулық жағдайына, сонымен бірге істің нақты мән-жайларына да тікелей қатысты болуы мүмкін (келісім-шарт, бұйрық, нұсқау, түбіртек көшірмелері). Қорғаушы ғылыми мекемелерден ақпараттар сұратып алуға, сараптамалық зерттеу жүргізу туралы тәуелсіз сараптама бюросына баруға құқылы. Дәлелдеуді жүзеге асыра отырып, қорғаушы тергеушіге өзі немесе өз клиентінің қатысумен қараған оқиға орнының фототүсірімін мен сызбасын ұсынуына болады. Қорғаушы түсірім жасайтын фото-кино зертханасына тапсырыс беріп фото және кино көріністер түсіртуге құқылы. Қорғаушы тергеушілер, сарапшылар іздестіріп, олармен алдын ала әңгіме құра алады. Бұдан басқа да, қорғаушы айыпталушыдан және оның жақындарынан алынған құжаттар мен заттарды тергеушіге ұсынуға құқылы.

Қорғаушыны жоғарыда аталған дәлелдемелер жинау мен ұсыну жөніндегі әрекеттері кейбірісі кейде ұғымының анықтамасына аздап қана жауап беретін «жарыспалы тергеу» деп аталады. Қорғаушының мұндай әрекеті қылмыстық іс жүргізудегі бәсекелестік қағидасын жүзеге асыруды көрсетеді. Сонымен бірге есте боларлық жай, қорғаушының дәлелдеу барысында қолға түсірген материалдары тергеушімен процессуальдық бектілген жағдайда, яғни тексеріліп және іске қоса тіркелгенде ғана дәлелдеме бола алады.

Өтініш мәлімдеу. Өтініш — бұл қандайда бір іс жүргізулік әрекеті, шешім қабылдау туралы ресми түрде сұрау, өтіну.

Адвокат клиентті қорғау үшін маңызы бар, соның ішінде: тағылған айыптауды саралауды өзгерту туралы, бұлтартпау шараларын өзгерту, болдырмау туралы, қылмыстық істі қысқарту туралы, жекелеген тергеу әрекет-

терін жүргізу туралы, дәлелдемелер сұратып алу туралы сияқты мәселелер бойынша өтініш мәлімдеуге құқылы. Істің сәтті болуы үшін жеткілікті сенімділіксіз, қорғаудың белсенді жүргізілуін жұртқа көз қылып қана жасау үшін өтініш мәлімдеу орынсыз.

Қорғаушы мәлімделген өтінішінің сәті мен сипатын таңдауда дербес. Сонымен қоймай, ол өтініштің мазмұны мен орындылығын өзінің клиентімен талқылауы тиіс. Мұны этика да, сол сияқты қылмыстық іс жүргізу заңының нормалары да талап етеді. Тактикалық ұғыным бойынша өтініш қорғаушыдан емес, оның клиентінен, кейбір жағдайларда қорғаушыдан және айыпталушыдан шығуы керек.

Өтініш қорғаушымен ауызша және жазбаша түрде мәлімделуі мүмкін. Ауызша өтініштің мазмұны тергеу амалдарының хаттамасына жазылады да, жазбаша өтініш іс материалдарына қоса тіркеледі. Ең қолайлырағы жазбаша өтініш. Әрине оны дайындау үшін белгілі бір уақыт талап етіледі (ғылыми әдебиеттерді, сот тәжірибесін, қылмыстық іс материалдарын қарау, мамандардан ақыл-кеңес сұрау керек). Дегенмен ол ауызша өтінішпен салыстырғанда анағұрлым негізді, дәлелді болады және тергеушіден дәлелденген жауапты талап етеді.

Қорғаушының іс үшін маңызы бар мәселе төңірегіндегі өтінішінен тергеушінің бас тартуға құқысы жоқ. Өтінішті қарау нәтижесі қорғаушыға хабарлануы тиіс. Өтініштен толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда тергеуші бас тартуының себептерін келтірген қаулы шығаруы тиіс. Заң мәлімделген өтінішті қарау мен шешуге міндеті тергеуші үшін арнайы мерзім белгілемейді. Өтініш түскен кезінен бастап үш күннен аспайтын уақытта қаралуы тиіс.

Тергеушінің өтінішті қанағаттандырудан бас тартқаны үшін қорғаушы прокурорға шағымдануға, ал прокурор бас тартқан жағдайда одан жоғары прокурорға шағымдануға құқылы. Сонымен бірге, мұндай әрекеттер қорғаушыны осы өтінішті тергеудің басқа кезеңінде не оның негізділігін айғақтай түсетін жаңа деректер түскеннен кейін де қайталау құқығынан айырмайды.

Қамауға алу немесе қамауда ұстау мерзімін ұзартуына байланысты сотқа шағымдану. Адвокаттың айыпталушыны қорғау жөніндегі жұмысының маңызды жері «клиентін бостандықта ұстауға» ұмтылуы болып табылады, ал егер қорғалушысы қамауға алынған болса, оның заңды және негізді екенін тексеру.

Тергеу (анықтау) органы қылмыс жасады деп сезіктелген адамның кез келген ұсталу жағдайында бұл жөнінде прокурорға жазбаша хабарлама жасауға міндетті. Прокурор хабарлама келіп түскен сәттен бастап қырық сегіз

сағаттың ішінде қамауда ұстау жөнінде санкция беруге немесе ұсталған адамды босатуға міндетті.

Сезіктіге бұлтартпау шарасын және оның нақ қандай түрін қолдану қажеттігі туралы мәселені шешу кезінде тергеуші мен прокурор сонымен бірге сезіктінің тұлғасын, айналысатын кәсібін, жасын, денсаулығын, отбасы жағдайын және басқа да жағдайларын ескерулері керек.

Тәжірибе көрсеткеніндей, тергеуші іс жүзінде заңмен көзделген уақыт аралығында сезіктінің тұлғасы туралы деректерді толық анықтау мүмкіндігіне ие болмаған. Осы мақсатта оның өзі сезіктінің жақын туыстары арқылы оның тұлғасын, айналысатын кәсібін, жасын, денсаулығын, отбасы жағдайын сипаттайтын деректерді жедел жинайды.

Осыдан кейін қорғаушы тергеушіге немесе тікелей прокурорға сезіктіге қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларының қолданудың қажеті жоқтығын негіздеген жазбаша өтінішпен шыға алады. Бұл өтінішке өзінің клиентін сипаттайтын адвокат жинаған құжаттар қоса тіркеледі.

Егер бұл өтініш қанағаттандырусыз қалдырылып, ал сезікті қамауға алынған жағдайда қорғаушы бұл шешім бойынша сотқа шағымдануға құқылы (ҚР ҚІЖК 110-бабы).

Сол сияқты қорғаушы айыпталушыға қатысты заңсыз және негізсіз бұлтартпау шарасы — қамауға алу немесе қамауда ұстау мерзімі ұзартылғанын анықтайтын болса да осылай жасайды.

Анықтау органдарының, тергеушінің, прокурордың қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын, сол сияқты қамауда ұстау мерзімін ұзартуына байланысты сотқа шағым әкелуі ұсталып отырған жеріне тікелей не сол анықтау жүргізген, адам, тергеуші немесе прокурор арқылы жасалады.

Өзінің шағымында қорғаушы қамауға алу заңсыз және негізсіз деп санына негіздеме келтіреді.

Қамауға алудың заңсыз қолданылуына осы бұлтартпау шараларын қолдануды реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасының барлық нормаларын сақтамауы айғақ бола алады. Қамауға алуды қолдану туралы шешім, егер ұсынылған материалдарда қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын, сол сияқты қамауда ұстау мерзімін ұзартуын қолдануды мақұлдайтын қамауға алынатын немесе ұсталатын адамның тұлғасы жөнінде мәліметтер жоқ болса негізсіз деп саналады. Бұдан басқа, шағымда өзінің айыпталушыға (сезіктіге) қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын болдырмау жөніндегі өтініші айқын көрсетілуі тиіс. Шағымға қамауға алынған адамның тұлғасына қатысты құжаттар да қоса тіркелуі мүмкін.

Егер қорғаушы шағымды тікелей сотқа жолдайтын болса, онда ол онымен бірге заң кеңесін беру жөніндегі ордерді қоса тапсырады. Егер шағым тергеуші немесе прокурор арқылы берілетін болса, ал адвокат бұған дейін

іс жүргізуге қатысуға жіберілген болса, онда қосымша ордер көрсетудің қажеті жоқ.

Қамауға алудың заңдылығы мен негізділігін соттық тексеруге дайында-ла отырып, қорғаушы өзінің шешімін бекіту үшін тергеушінің сотқа жібер-гелі отырған барлық материалдарымен танысуға құқылы. Егер сот мәжілі-сінде осы мақсатта қылмыстық іс көрсетілетін болса, онда қорғаушының алдын ала тергеу аяқталғанша қорғау үшін маңызы бар кейбір материал-дармен танысуға қолайлы мүмкіндікке ие болады.

Сот мәжілісі болар алдында қорғаушының өз клиентімен кездесіп және оның болғалы отырған сот мәжілісіндегі құқықтары туралы ақыл-кеңес бергені пайдалы болып көрінеді.

Заң қамауға алудың заңдылығы мен негізділігін соттық тексеру кезінде оған қорғаушының міндетті түрде қатысуын қарастырмайды. Егерде адво-кат шағымында өзінің сот мәжілісіне қатысуына өтініш білдіретін болса, онда сот сот мәжілісіне мұндай қорғаушының қатысуын қамтамасыз ететін шара қабылдауы тиіс.

Қандай жағдайда болмасын сот соттық мәжіліске қамаудағы адамды алып келу шарасын қабылдауға міндетті. Ерекше жағдайда ғана, яғни сол адам өзінің өтініші болса немесе өзінің бастамашылығымен мәжіліске қа-тысудан бас тартса шағым айыпталушысыз да қараға жатады.

Сот мәжілісінде қорғаушы өзінің шағымын негіздейді және қамауға алу мен қамауда ұстау мерзімін ұзартудың заңдылығы мен негізділігін дәлел-дейді.

Соттық тексеру нәтижесінде судья мына қаулылардың бірін шығарады:

- 1) қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасының күшін жою және адамды қамаудан босатуы туралы;
- 2) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы.

Іс материалдарымен танысу. Іске қатысуға рұқсат етілген сәттен бас-тап қорғаушы ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулымен, айыпталушының сезіктінің немесе қорғаушының өзінің қаты-суымен жүргізілген тергеу амалдарының хаттамаларымен, сезікті мен айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуы тиіс материалдармен, қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы мен қамауда ұстау мерзімін ұзартуды қолдан-удың заңдылығы мен негізділігін мақұлдайтын сотқа жіберілетін мате-риалдарымен танысуға құқылы.

Осы мақсатта қорғаушы іске кірісу кезінде тергеушіге іс материалдары-мен танысу туралы жазбаша өтінішпен шығады. Бұл өтініште танысу үшін қандай құжаттардың қажет екендігі, сонымен бірге өзінің қорғайтын ада-мымен өткізілген барлық тергеу әрекеттерінің хаттамаларын сұраумен шектелуге болады.

Анықтау немесе алдын ала тергеу аяқталған соң адвокат істің барлық материалдарымен танысуға және олардың өзіне керек мәліметтерді көшіріп, жазып алуға құқылы. Қорғаушы істі оқып-танысып алмайынша білікті заң көмегін көрсетуі мүмкін емес.

Алдын ала тергеуде қылмыстық іс материалдарымен танысу кезінде,

1. Адвокат (қорғаушы) мыналарды талап етуі қажет:

- іс материалдарының парақтары нөмірленген (қаламмен) және тігілген болуын;
- аузы байланған, пакетке салынған заттай дәлелдемелер мен іске қосымшалар (мысалы, бухгалтерлік құжаттар) ұсынуды;
- іспен танысу үшін жеткілікті уақыт беріліп және жағдай жасауды.

2. Құжаттардың көшірмесі қажет болған жағдайда керек деген мәліметтерді көшіріп алуды. Өзінің жазбалары жүйелейді (оқиғалар бойынша, адамдар бойынша және т. б.). Жүйелеу қажетті мәліметтерді тез табуға және пайдалануға көмектеседі.

3. Өтініш жасауға асықпауды. Қылмыстық іс материалдарымен тану-су туралы хаттамада өтініш кейін сотта жасалады деп жазуға болады.

4. Қылмыстық іс материалдарымен танысуды әбден созбалаңға салуға байланысты тергеуші айыпталушы мен қорғаушыға қандай материалдардың танысуға берілгенін күн сайын белгілеп отыратын кесте жасап және оны өзінің қаулысымен шектеп отыруға құқылы. Кесте іс жүргізулік емес, тергеушінің жұмыс құжаты болғандықтан заң оған айыпталушы мен сезіктінің қол қойып отыруын міндеттемейді.

5. Қылмыстық іс жүргізу материалдарымен танысу кезінде қорғаушының жасалған өтінішін қанағаттандырудан бас тартқан кезде тергеуші дәлелденген қаулы шығарып және оны өтініш берушіге хабарлауы міндетті.

6. Тергеушінің рұқсатымен адвокат танысу кезінде өзінің немесе айыпталушының берген орындалатын өтініші бойынша тергеу әрекеттерін жүргізуге қатыса алады.

7. Қосымша тергеу әрекеттерін жүргізіп болғаннан кейін тергеуші тағы да айыпталушы мен оның қорғаушысын іс материалдарымен таныстыруға міндетті.

Қылмыстық іс бойынша заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан адвокат қандай жағдайда бас тартуы мүмкін?

Адвокат мүддесі көмек сұраған адамның мүддесіне қайшы келетін болса, сол іс бойынша заң көмегін қазір көрсетіп отырған немесе бұрын көрсеткен жағдайда (тараптардың өзара келісімі бойынша делдал ретінде қатысудан басқа жағдайларда), немесе ол осы іс бойынша судья, прокурор, анықтама жүргізуші адам, тергеуші, сараптамашы, маман, аудармашы, куә,

жәбірленуші немесе куәгер, азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер, сондай-ақ егер тергеуде немесе істі қарауда іс бойынша онымен туыстық қатынастағы лауазымды адам қатысса және егер оған оның өзі ісі бойынша куә ретінде шақырылуы мүмкін екендігі белгілі болған басқа жағдайларда қылмыстық іс бойынша алған тапсырмасынан бас тартуға құқылы.

Қорғауға тапсырма алған және сотқан ордерін көрсеткен адвокат іст сотта тыңдау басталғанға дейін сотталушы адамның оның көмегінен бас тартқандығы жайында естіген жағдайда дереу келісім-шартты бұзып және сол жөнінде сотты хабардар етеді.

Тапсырманы орындау мүмкіндігінің болмайтындығы туралы шешім қабылдай отырып, адвокат ол жайында өзінен көмек сұраған адамның (клиенттің) басқа адвокат іздестіру мүмкіндігін тудыруды оған хабарлайды.

Қорғау қандайда бір бағытқа ғана арнала алмайды. Бұл әдетте қылмыстық іс жүргізудегі адвокаттың аса күрделі ісі болып саналады. Мұндай қызметте тұлғаның көп қасиеті көрінуі керек. Көптеген қылмыстық іс жүргізу амалдары ескерілуі керек. Қорғау азаматтарды әлеуметтік қауіпсіздігі жүйесін жетілдірудің жалпы міндеттеріне де сай болуы тиіс. Осыған орай, қылмыстық іс жүргізудегі адвокаттың белгілі бір тұлғаны қорғауы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы жалпы әлеуметтік қызметтің бір буыны болып саналады.

Сөйтіп, қылмыстық іс жүргізудің кәсіби қорғау мақсатының көрінуі өзінің негізінде адамдардың қауіпсіздігін барынша қанағаттандырудың мақсатына сай келеді. Осыған сәйкес, қоғам үшін, әрбір адам үшін қызмет ететін қорғаудың алғышарты — бұл адам өміріне тиісті жағдай туғызу.

§ 2. Қорғаушының қылмыстық іске міндетті түрде қатысуының негіздемесі мен мағынасы. Қылмыстық іс жүргізудегі адвокат-қорғаушының құқықтары мен міндеттері

Қылмыстық іс жүргізу заңдылығының бір ерекшелігі, онда көрсетілген және бекітілген мемлекеттік ерік, тәртіп бойынша, жеке қорғаудың қажеттілігін ескереді. Бұл қорғауды сот төрелігі мүдделерінің ауқымына енгізу үшін іс жүргізулік-құқықтық негіз ретінде қызмет етеді. Қылмыстық сот ісін жүргізу органдары заңды пайдалана отырып қоғамдағы тиісті реттілік

пен тәртіпті, сондай-ақ адамды қорғауды да қамтамсыз етеді. Олар азаматтардың жеке қауіпсіздігінің ауқымын анықтайды, тиісті лауазымды тұлғалар мен азаматтардың өзара міндеттері мен екіжақты жауапкершіліктерін алдын ала ескереді, айыптау шаралары мен қорғаныс құралдарын реттейді.

Анықтау, тергеу органдары, прокурорлар мен соттар өздері арқылы мемлекетті бейнелейді, нақтылы түрде көрсетеді және қорғайды, ең алдымен қоғамдық мүдделерді жүзеге асырады. Айыптау мен қорғаудың, осы функциялар мен жауаптылықтың өзара қарым-қатынастарының субъектілері ретінде оның өкілі санатында нақты құқық қорғау органы және қылмыстық сот ісін жүргізудегі сезікті, айыпталушы немесе сотталушы азамат көрінеді.

Қазіргі заманғы қоғамда мемлекет пен адам, қылмыстық сот ісін жүргізу органдары мен айыпталушы арасында айтарлықтай өткір, кейде тіпті бітпейтіндей қарама-қайшылықтар болады. Бұл органдар адамға және оның қорғалуына көбінесе айыпталушының мүдделерін ескермейтін, өзінде ғана тұйықталған құбылыс ретінде қарсы тұрады. Олар мен адамның арасында демократиялық негізге құрылған оған қажетті өзара қарым-қатынастар-мемлекет пен оның органдарының гуманизмі, қалыпты әлеуметтік қатынастар, жеке мүдделердің жалпы мүддемен сәйкестігі негізіндегі қатынастар әрдайым бола бермеген. Қоғамның әлеуметтік құрылымында соңғы жылдары орын алған өзгерістер, халықтың материалдық және рухани деңгейінің күрт төмендеуі, ғылыми-техникалық тоқырау, ауқатты адамдардың жана тарихи қауымдастық ретінде пайда болуы адамды қорғаудың мазмұнын айтарлықтай құнсыздандырады, оның мемлекет пен адамның арасындағы қатынастарды реттеудегі рөлін төмендетті.

Мұндай қатынастың әр жағы тең құқықты және қылмыстық іс жүргізу заңында тікелей көрсетілген белгілі бір міндеттерді алып жүретін болулары керек. Қазіргі кездегі процессуалдық-құқықтық қатынастардың өздеріне тән белгісі мемлекет таныған өте күшті органдар: анықтау, тергеу мекемелері, прокуратура немесе соттың іс-әрекет жасауымен көрінеді. Ал әлеуметтік тұрғыдағы кедейленген тұлға-азамат ретінде ғана көрсетілген және ол тиісті жағдайларда белгілі құқықтарға (айыпталушының, күдіктінің, сотталушының) ғана, оның ішінде әрдайым сенімді түрде қамтамасыз етілмейтін қорғауға ғана ие болған.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің қандай болмасын органы, сөз жоқ, айыпталушыға келгенде маңызды міндеттер субъектісі болып табылады. Бірақ олар адамға қарай емес, мемлекетке қарай «бұрылған». Адамды ең жоғарғы әлеуметтік байлық санатында қорғаудың бекітуі қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтуы қажет. Ол қылмыстық сот ісін жүргізу органдары мен адамның қарым-қатынастары қағидаларын белгілеуі, тергеушінің,

прокурордың, соттың адамды айыптау ғана емес, оны қорғау міндеттерін де алып жүруін қамтамасыз ету керек. Тергеушінің, прокурордың, соттың қылмыстық іс жүргізу барысында қорғаушылық функцияны көрсетуге жан-жақты көмектесуге, адамның озбырлықтан жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оның қорғанатын дәлелдемесін жүзеге асыруға қолғабыс жасауға, айыпталушының құқықтарын қорғауды заңдылық тұрғысынан ұйымдастыруға жағдайлары бар.

Қылмыстық сот ісін жүргізу органдары мемлекеттің ғана емес, оның адамдарының да мүдделеріне қызмет етулері керек. Олар өздерінің әлеуметтік тағайындалуына орай қылмыстық-процессуалдық құқық нормаларымен адамдарды айыптауды да, сондай-ақ қорғауды да реттейді. Оларға құқықтар береді және міндеттер артады, бір іс-қимылдарға рұқсат беріп, басқаларына тыйым салынады, үшіншілеріне көмек көрсетеді және т. б. олар кейбір айыпталушыларды белгілі жағдайда демейді, кейбіреулерін белгілі әрекеттерге еріксіз көндіреді, үшіншілерін жазалайды.

Адамға қатысты мемлекеттің өкілі ретінде шыққанда қылмыстық сот ісін жүргізу органы құқықтық қарым-қатынастардың абсолютті түрдегі тең құқықты субъектісі болып есептеле алмайды. Оның әрекеттері ерікті және кездейсоқ емес. Олар қылмыстық іс жүргізу нормаларында көрініс тапқан мемлекеттің объективті заңдарымен келісілген. Ол адамның қылмыстық-процессуалдық тәртібінің белгілі бір ережелерін қалыптастырып және анықтау, тергеу, прокуратура, сот органдарына оларды жүзеге асыруды тапсырды. Қылмыстық іс жүргізу заңдылығында баяндалған қылмыстарды талқылау реттемесі, ұсыныстар мен тыйым салулар қоғам мүшелерінің емес, мемлекеттің мүдделерін қорғауға бағытталған. Осы сияқты құқықтық жағдаяттар мен шектеулер қорғауды ұйымдастыруды және қамтамасыз етуді қиындатады.

Қорғауды қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының әрекеттерінен қылмыстық іс жүргізу құқығының көмегімен шектеу қашанда орайлы бола бермейді. Олар билеуші топтың саяси, құқықтық және ізгілік санасының деңгейімен шартталған. Қорғаудың қылмыстық сот ісін жүргізу органдары тарапынан құқықтық шектеулер шарасы қоғамдық қарым-қатынастармен белгіленген, ең алдымен мемлекет мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігімен шартталған.

Сенім білдірушілерге олардың өтініші бойынша заң көмегін тегін беру Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5-желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 6 бабымен анықталады:

1) алимент өндіріп алу туралы, асыраушысының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы

арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді жүргізу кезінде бірінші са-
тыдағы соттарда талап қоюшыларға;

2) Отан соғысына қатысқандарға және оларға теңестірілген тұлғалар-
ға, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, I және II топтағы мүгедек-
терге, жасы жөнінен зейнеткерлерге егер бұл кәсіпкерлік қызмет мәселе-
леріне байланысты болмаса, консультациялар беру кезінде;

3) зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау туралы өтініштерді
дайындау кезінде азаматтарға;

4) ақтау мәселелері жөнінде кеңестер беру кезінде азаматтарға заң кө-
мегін тегін көрсетеді.

Мұндай жағдайларда бұл адвокаттар алқасының барлық мүшелерінің
міндеті болып табылады.

Азаматтар олардың материалдық жағдайы ескеріліп адвокаттар алқасы-
ның төралқасы, заң консультациясының меңгерушісі, заңды тұлға ретінде
тіркелмей өз қызметін жеке атқаратын адвокат және адвокаттық кеңсе иесі
(иелері) шешімі бойынша заң көмегін төлеуден толық немесе ішінара боса-
тылуы мүмкін.

Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу одан босатылған Қазақ-
стан Республикасы ҚІЖК 71, 72-баптарына сәйкес рұқсат етілген тұлғалар-
дың төлеуі егер:

1) ол туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы өтініш жасаса;

2) күдікті, айыпталушы, сотталушы кәметке толмаса;

3) күдікті, айыпталушы, сотталушы дене немесе психикалық кемісті-
гінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;

4) күдікті, айыпталушы, сотталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;

5) адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бос-
тандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жа-
засы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса;

6) айыпталушыға, сотталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға
алу қолданылса немесе ол мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық
сараптамаға жіберілсе;

7) күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың мүдделері
арасында қайшылық болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса;

8) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жәбірленушінің (жеке айыпта-
лушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса;

9) іс сотта қаралған кезде мемлекеттік айыптаушы қатысса, сондай-ақ
Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 114 бабына сәй-
кес судья істі сотқа әзірлегенде, азаматтың мүліктік жағдайына қарай заң
көмегін төлеуден түгелдей немесе ішінара босатып және адвокаттың еңбе-
гіне төленетін шығындарды мемлекет есебіне апарылғанда, бұл жағдайлар-

да қорғау және өкілдікпен байланысты шығындардың орнын толтыру (азаматтарды төлеуден заң консультациясының меңгерушісі немесе адвокаттық кеңсенің құрылтайшысы немесе заңды тұлға ретінде тіркелмей жеке адвокаттық қызметпен айналысатын адвокат босатқан жағдайлардан басқа) республикалық бюджет қаржылары есебінен іс жүргізетін органның қаулысы негізінде және іс өндірісінде болған соттың анықтауы бойынша жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26-тамыздағы «Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің, және қорғау мен өкілеттікпен байланысты шығындардың орнын толтырудың ережелері туралы» № 1247 Қаулысы).

10) айыпталушы, сотталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және алдын ала тергеу органдарына келуден жалтарса міндетті. Айыптаудың сырттай формасы бойынша Заң көмегінің ақы төлеу ауқымы адвокаттың орташа сағаттық жалақысын істелген сағаттар санына көбейту арқылы анықталады. Адвокаттың орташа сағаттық жалақысы белгіленген тәртіпте кейінгі екі айда есептелген жалақы сомасын бес күндік жұмыс аптасының күнтізбегі бойынша осы айлардағы жұмыс сағаттарының санына бөлу арқылы анықталады.

Адвокат көмек сұрап келген адамға ол мұқтаж болған кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы.

Адвокат өзіне өтініш жасаған адамман заң көмегін көрсету туралы өз атына келісім жасасады.

Адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет жасай отырып, іс жүргізу заңына сәйкес:

1) барлық соттарда құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтер сұрауға;

3) заң көмегін көрсету үшін қажет мәліметтерді дербес жинауға және дәлелдер табыс етуге;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамға қатысты материалдармен, соның ішінде іс жүргізу құжаттарымен, тергеу және сот істерімен және олардағы ақпаратты заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен белгілеп алуға;

5) іске қатысуға жіберілген сәттен бастап жолығулар санын, олардың ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығып отыруға;

6) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер мен басқа да қызмет салаларында арнайы білімді қажет ететін

мәселелрді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

7) өтініштер мәлімдеу, әділет, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттың лауазымды адамдарының, сондай-ақ көмек сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтарына және заңдармен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын өзге де лауазымда адамдардың әрекеттеріне белгіленген шағым жасауға;

8) мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпаратпен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заң қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен, егер бұл анықтау, алдына ала тергеу кезінде және сотта қорғау немесе өкілдік ету үшін қажет болса, заң амктеріінде көзделген тәртіппен танысуға;

9) заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңдарда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдеріе пайдалануға;

10) заңдарға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттың заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мүддесін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды.

Адвокаттың мемлекеттік органдардың, соттардың, прокуратураның, анықтау және алдын ала тергеу органдарының әкімшілік үйлеріне кіруі осы органдар мен соттар белгілеген тәртіппен өзінің адвокаттық куәлігін көрсетуі бойынша жүзеге асырылады.

Адвокаттың ұсталғандар, қамауға алынғандардың және жазасын өтеп жатқандар отырған орындарына кіруі белгіленген рұқсаттық режимге сәйкес жүзеге асырылады.

Адвокат міндетті түрде сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қорғалуға құқылы.

Әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды адвокаттар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төлейді (14-бап. Адвокат құқықтары).

Адвокат заңдылық талаптарын сақтауға, адвокатураны ұйымдастыру мен оның қағидаларын басшылыққа алуға, кәсіптік мінез-құлық нормаларының талаптар мен адвокаттық құпияны сақтауға міндетті.

Егер адвокат осы іс бойынша мүдделері көмек сұрап өтініш жасаған адамның (тараптардың өзара келісім бойынша ара ағайын болған жағдайларды қоспағанда) мүдделеріне қайшы келетін адамдарға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұдан бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, анықтауды жүргізуші адам, тергеуші, сарапшы, маман, аудармашы, куә, жәбірленуші немесе куәгер, азаматтық талап қоюшы немесе азаматтық жауапкер ретінде іске қатысқан жағдайларда, сондай-ақ егер істі тергеуге

немесе қарауға адвокатпен жақын туыстық қатынастағы лауазымды адам қатысса, ол заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндетті.

Адвокат заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпияда сақтауға міндетті және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етуге құқығы жоқ.

Іс бойынша адвокаттық көмек сұрап өтініш жасаған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық бағыт ұстануға тыйым салынады.

Адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша әділетсіз үкім шығарылған жағдайда, оған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

Адвокатқа мемлекеттік қызметте болуға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, өтыушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметтен басқа өзге де ақы төленетін қызмет атқаруға тыйым салынады.

Сөйтіп заңды болып тек адамның құқық нормаларының қорғауындағы, олар мойындайтын мүдделерді ғана заңды болып табылады. Олар тек заңды тәсілдердің көмегімен қорғауға жатады. Адвокат заңнан өзіне қажетті қорғайтын құралдарды таба білуі қажет.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы нысандары қандай?
2. Қылмыстық іс бойынша қорғаушының қатысуы қандай жағдайларда міндетті болып саналады?
3. Қылмыстық сот ісін жүргізудің сотқа дейінгі және сот сатыларында қорғаушы қандай құқықтарға ие болады?
4. Қорғауды жүзеге асыру кезінде адвокат қандай құқықтарды басылыққа алуы тиіс?
5. Іс бойынша қорғау көзқарасы деген не?
6. Адвокаттар қандай заң көмектерін көрсете алады?
7. Қылмыстық іс бойынша адвокаттың сотқа дейінгі жұмысы неден құралады?
8. Қылмыстық іс бойынша келісім жасасудың тәртібі қандай?

4-ТАРАУ

АДВОКАТ-ӨКІЛДІҢ ҚЫЗМЕТІ

§ 1. Азаматтардың қылмыстық іс жүргізуде өкілдік ету құқығы. Адвокаттың өкіл ретінде қатысуының негіздері

Сезіктімен, айыпталушымен және сотталушымен бірге қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынастарының жәбірленуші, азаматтық талапкер, жеке айыптаушы, азаматтық жауапкер және куәгер сияқты қатысушылары да білікті заң көмегіне мұқтаж болады. Бұл тізімдегі ерекше орын қылмыстық іс жүргізудің белсендірек қатысушысы саналатын жәбірленушіге беріледі.

Қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, жәбірленуші ҚР ҚІЖК 75-бабының 6-бөлігінде бекітілген процессуалдық құқықтардың тұтас бір кешенін иемденген, соның бірі жәбірленушінің іс жүргізу кезінде өзіне өкіл иелену құқығы болып табылады. Мұндай қажеттілік жәбірленушінің көптеген жағдайларда өзінің іс жүргізудегі құқықтарын өзі белсенді түрде пайдалана алмайтындығынан туындайды. Мұның себептері толып жатыр. Кейде алған жарақатының нәтижесінде оның денсаулық жағдайы іске қатысушы болуға мүмкіндік бермейді. Ал кейде моральдық зақымның ауыр болатындығы сондай, мәселен зорлауға қатысты іс бойынша жәбірленуші адам сот ісін жүргізуге белсенді түрде қатысуға жағдайы келмейді де, өз өкілін ұстағанды жөн көреді. Көбінесе жәбірленушінің рөлінде заңдылық мәселелелерін шамалы білетін адм болады да, ол тиісті құқықтарды тиімді пайдалана алмайды, сондықтан арнайы заңгерлік білімі бар маманға жүгінеді. Ондай жағдайда жәбірленушіге өзінің өкілі ретінде кәсіби адвокаттарды шақырғаны жөн.

Жәбірленуші қылмыстық іс жүргізуде өзінің абыройы мен қадір-қасиетіне, өмірі мен денсаулығына, жеке бостандығы мен мүлкіне қылмыстық қол сұғудан қорғау құқығын жүзеге асырады. Қылмыстан жәбір көрушіге өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға көмек қажет болғанда, немесе ол қылмыстық іс жүргізуге жеке өзі қатысуға мүмкіндігі болмағанда, іске кәсіби өкіл, яғни адвокат кіріседі.

А. М. Ларин тұлғаны жәбірлеуші деп тану оның жолына да, психикалық немесе денсаулық жағдайына да тәуледі емес деп есептейді. Қылмыстардан зардап шеккен кез келген азаматтар (балалар немесе ересектер, психикалық науқастар және сау адамдар) жәбірленушілер болып танылады².

Ал олардың іс-әрекетке қабілеттілігі басқаша. Осы тұрғыдан алғанда олар былайша бөлінеді: қабілетті — өздерінің іс жүргізудегі құқықтары мен міндеттерін өздері толық ауқымда атқара алатын, психологиялық тұрғыда дендері сау ересек адамдар; қабілеттілігі шектеулі — 14 пен 18 жас аралығындағы жас өспірімдер, және сондай-ақ психикасы біршама бұзылған, бірақ есі ауыспаған, өздерінің іс жүргізудегі құқықтары мен міндеттерін тек қана өзге тұлғалардың көмегімен жүзеге асыра алатын ересек адамдар; толықтай қабілетсіздер — 14 жасқа толмаған балалар, және сондай-ақ іш құса ауруы, жарыместігі немесе басқа да сырқаттық жағдайына байланысты өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін түйсіне немесе оларға басшылық ете алмайтын (ҚР ҚК 16-б. 1-бөл.) ересек тұлғалар. Бірінші топтағы жәбірленушілер өздерінің іс жүргізудегі құқықтарын өздері немесе өкілдің көмегімен жүзеге асыратындықтарын өз қараулары бойынша шешеді. Ал екінші және әсіресе үшінші топтағы жәбірленушілер өкілсіз әрекет ете алмайды. Демек, егер заң бойынша алдын ала тергеуде олардың мүдделерін көрсетуге құқық алған тұлғалар іске өз бастамасы немесе келісім бойынша кіріспесе, жәбірленуші өкілінің қатысуын қорғаушыға байланысты көрсетілгендей (ҚІЖК 71-б.) қылмыстық іс жүргізетін орган қамтамасыз ету керек.

Адвокат-өкіл жәбірленушіге ол өз құқықтарын пайдалана алмағанда, немесе өзі жүзеге асырғысы келгенде ғана емес, сондай-ақ іс жүргізуге қатыса отырып моральдық-психологиялық жәрдемге немесе кәсіби заң көмегіне мұқтаж болғанда қажет болуы мүмкін. Заң шығарушының өкілдер ретінде кәсіби заңгерлер санатында адвокаттар алқасының мүшелері болып табылатын адвокаттарды көрсетуі кездейсоқ емес. Заң әдебиеттерінде мынадай пікір бар: адвокат жәбірленушінің өкілі ретінде азаматтың қылмыстық іс жүргізуге азаматты жәбірленуші деп танылатындығы туралы қаулы шығарылғанда ғана кіріседі. Кейде істі жүргізуге және жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға тапсырма қабылдау адвокат үшін қиынға түседі. Бұл жағдаят заңның тұлғаны жәбірленуші деп мойындау уақытын жетерліктей нақты реттемейтіндіктен, осыдан барып адвокат-өкілдің де іске араласу мерзімін орайластырмаумен түсіндіріледі.

² Ларин А. М. Представители и правопреемники в уголовном процессе // Советская юстиция. — 1981. — № 8. — 21-22-беттер.

Мәселен, А. Фоков өзінің монографияларының бірінде заңда тұлғаны жәбірленуші деп мойындау актісінің қылмыстық іс қозғалу актісімен орайлас келуі керек деген ұсыныс енгізген болатын³. Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамалары қылмыстық іс жүргізуші адамды азаматтың жәбірленуші деп танылатындығы туралы қаулымен таныстыруын, оның құқықтарын, онымен қоса бұл құқықтарды қылмыстық іс барысында адвокат-өкілдің көмегімен жүзеге асыру мүмкіндігінің бар екендігін түсіндіруін міндеттейді, ол жайында жауап алу хаттамасында немесе тұлғаның жәбірленуші ретінде танылғаны туралы қаулыда әдейілеп көрсетеді. Бұл міндет ҚР ҚЖК 186-бабының 3-бөлігінде көзделгендей, қылмыс белгілерін, ал кейде қылмыстан зардап шеккен адам болғандағы көрсететін мәліметтер толық болғанда қылмыстық істің қозғалу фактісінен туындайды. Адвокаттың өкілдігі оның қылмыстық іс жүргізуге дер кезінде қатысуына орай барынша әсерлі болмақ. Бұған, бәлкім, жәбірленуші деп тану уақыты бойынша қылмыстық істің қозғалу мерзімімен дәлме-дәл келгенде, немесе уақыттағы айырмашылық барынша аз болғанда қол жеткізуге мүмкіндік туады.

Жәбірленушінің адвокат-өкілінің қызметін қылмыстық іс жүргізудің жекелеген кезеңдерінде қылмыстық сот ісін жүргізудің теориясында да, практикасында да мәселе туындататын болып табылатындарына көбірек назар аударып, өзге авторлар талай рет талқылаған және айтыс туғызбайтын мәселелерді ықтияттай түсіндірмей-ақ қарастырған жөн болады. Бұл орайда кәсіби адвокаттың қызметін Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуінің сотқа дейінгі кезеңдеріндегі өкілі ретінде қарастыру қажет. Қылмыстық сот ісін жүргізу ауқымында танымдары жоқ азаматқа көптеген, толып жатқан өзара байланысты және өзара шарттылы іс жүргізушілік нормаларда қажетті бағдар табу айтарлықтай қиындыққа түсетіндігі әбден айқын болса керек. Мемлекет осыны ескере отырып, өзіне қабылдаған міндеттердің пәрменімен тиісті тетіктер жасап шығаруы қажет, бұлардың ішіндегі ең тиімділерінің қатарына жәбірленушінің кәсіби заңгердің қызметін пайдалану мүмкіндіктері де жатады.

Қылмыстық істі тергеу немесе оны сотта қараудың өзі қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған қарапайым азаматтар үшін жақсылығы аз құбылыс. Адамдардың айтарлықтай бөлігі қылмыстық сот ісін жүргізуден қашқақтауға немесе оған өз қатысуын барынша азайтуға тырысады. Тәртіптің тәсілдері азаматтардың процессуалдық жағдайына негізделген. Куә «қылмыстық іспен байланысқысы» келмейді, сондықтан ол іс жүргізуден тай-

³ **Фоков А.** Адвокат-представитель потерпевшего в советском уголовном процессе // Советская юстиция. — 1983. — №1.

сақтауға мүмкіндік жасайтын жауаптар береді. Оның үстіне, куәге көп жағдайларда тергеу органдарының іс-әрекеттері түсініксіз болады, ал олар өз кезегінде куәге (оның міндеттері және қасақана жалған жауап бергені әрі жауап беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығынан басқа) қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес ие болатын барлық құқықтарын түсіндірмейді. Жәбірленуші өзіне келтірілген нұқсанның орнын толтыруға ұмтылады да, көбінесе қылмыстық істің өзге жағдаяттарына ерекше ықылас білдіре бермейді, оның пікірінше, тергеудің тым ұзаққа созылатын мерзімін қолдамайды.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5-желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы Қазақстан Республикасы адвокатурасының негізгі міндеттерін белгіледі. Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттар қызметін ұйымдастырады (ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы, 1-б. 2-бөл.). Сонымен бірге адвокаттар анықтау, алдын ала тергеу органдарында, соттарда, мемлекеттік және өзге де органдарда, ұйымдарда, және азаматтармен қарым-қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың өкілдігі мен оларды қорғауды жүзеге асырады («Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 4-б. 1-бөл. 3-тар.).

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңы «өкілдік» институтының мынадай түсінігін береді: бұлар — жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің заң немесе келісім күшіндегі заңды мүдделерін көрсетуге өкілеттігі бар тұлғалар. (ҚІЖК 7-б. 1-бөл. 21-тар.).

Сондай-ақ, жәбірленуші адвокат-өкілінің алдын-ала тергеуге қатысуын шектеу белгілі бір дәрежеде адвокат-қорғаушыға қатысты шектеулермен де арандатылуы мүмкін. Алайда енді, бұл шектеулердің барлығы алынғанда, жәбірленушінің адвокат-өкілі қылмыстық сот ісін жүргізу және тараптардың теңдігі қағидаларынан бастау ала отырып, іс жүргізуге оның сенім білдірушісі жәбірленуші ретінде танылған сәттен бастап қатыса алады.

Белгіленген мәселелерге қатысты қолданыстағы заңнаманы жәбірленуші адвокат-өкілінің алдын ала тергеуге қай кезден қатысуын жәбірленуші жөн деп есептесе, сол кезден қатысуы күні бұрын қарастырылатын болатын нормамен толықтыру қажет сияқты.

Іс-тәжірибелік тұрғыдан алғанда ең алдымен мынадай мәселе де айтарлықтай қызығушылық тудырады: адвокат қай кезден бастап жәбірленушінің өкілі деген іс жүргізушілік мәртебесіне ие болады? Заң әдебиеттерінде бұл жайында әрқилы көзқарастар келтірілген. Көпшілік авторлар: Р. Д. Ра-

хунов, Ю. И. Стецовский, В. Е. Юрченко және басқалары адвокат-өкіл іске кірісіп және өзіне тиісті іс-жүргізулік құқықтарды жүзеге асыруға оны тергеуші қылмыстық сот ісін жүргізуге жіберген сәттен бастап қолға ала бастайды деген бірегей пікір айтады. Тек Л. Д. Кокарев пен Г. Д. Побегайло жәбірленуші адвокат-өкілі жәбірленуші заң консультациясында өкілдікке тапсырманы рәсімдеген сәттен бастап қана қылмыстық іс жүргізудің субъектісі бола алады деп есептейді.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңдары өкілдің қылмыстық іске қатысуға жіберілу механизмін орнықтырады. ҚР ҚІЖК 80-бабының 1-бөлігіне сәйкес, өкіл іске қатысуға қылмыстық іс жүргізуші органның қаулысымен жіберіледі. Бұл баптың астарында «жіберіледі» деген баяндауыш тиісті орган үшін адвокаттың жіберілуі жөніндегі мәселені шешу қажеттігі астарында емес, «қатыса алады» деген сөз тіркесінің синонимі ретінде қолданылған.

Ал біз өз алдымызға тергеуші немесе сот адвокатты іске жіберу немесе жіберуден бас тарту жөніндегі мәселені шешулері керек деп пайымдаймыз. Біз онда мемлекеттік органдар жәбірленушіге өзінің таңдаған адвокат-өкілі арқылы процеске қатысу құқығын жүзеге асыруға құқықсыз дегеннен бастау аламыз. Мәселені басқаша шешу бұл органдардың тарапынан өкілді іске қатысудан негізсіз шеттету жолымен қиянат жасауына жол ашуы мүмкін. Әрине, мұндай жағдайда адвокат-өкіл іске қатысуға жіберуден негізсіз бас тартылуына шағым жасай алады, бірақ ондай шағым қарастырылғанша, істің тағдырына әсер ететіндей айтарлықтай процессуалдық мүмкіндіктер жіберіліп қоюы мүмкін. Сондықтан адвокат жәбірленушінің өкілі мәртебесіне ол тергеушіге немесе сотқа өз өкілеттігін, заң консультациясы ордерін көрсеткен сәттен бастап ие болуы керек деп есептейміз, яғни адвокаттың іске кіріскендігі рұқсат етушілік емес, хабардар етушілік тәртібі әрекет етуі керек.

Л. Д. Кокарев пен О. Д. Побегайлоның адвокат жәбірленуші өкілінің мәртебесін жәбірленуші өкілдікке тапсырманы ресімдеген сәттен иемденеді⁴ деген айқындамасы қолдау таппайды, өйткені өз алдына осы кезден бұл туралы тергеушіні немесе сотты жазбаша хабарландырып және оған заң консультациясының адвокаттық өкілеттігін бекітетін ордерін бергенше әдетте едәуір уақыт өтеді. Іске қатысушылардың мүдделеріне адвокаттың тергеушінің немесе соттың заң консультациясының ордерін іске асыру кезінен бастап жәбірленушінің өкілі болатын да жауап бермейді, өйткені

⁴ *Кокорев Л. Д., Побегайло Г. Д.* Адвокат-представитель потерпевшего в советском уголовном процессе. — Воронеж, 1969.

мұндай іске асыру ордерді тиісті органға ұсынғаннан кейін ізінше болмауы мүмкін.

Адвокат-өкілдің жәбірленушіге заң көмегін көрсету жөніндегі қызметі оның клиенті қылмысты істі жүргізетін тұлға адвокатты өкіл ретінде танытын тиісті қаулы шығарғанға дейін басталуы мүмкін. Ол адвокаттың жәбірленушіге кеңестер беруімен, онымен іс жүргізуде ұстану қажет бағытты талқылауы, сонымен қоса сенімхатты әзірлеуден, әрқилы мекемелерден тиісті құжаттарды талап етуден (оның клиентінің тергеу іс-әрекеттеріне қатысуынан басқа) бой көрсетеді. Мұның бәрі адвокат-өкілдің іс жүргізу қызметі емес, бірақ ол, тұтастай оның клиентіне білікті заң көмегін көрсетуге бағытталған. Заң адвокатқа өзі өкілдік ететін клиентпен тергеуші тиісті қаулылар шығарғанша жүздесіп тұруына тыйым салмайды.

Ал тергеушілік іс-әрекеттер, атап айтқанда жәбірленушіден жауап алуға келетін болсақ, онда қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, мұндай тергеушілік іс-әрекетке тек қозғалған қылмыстық іс болғанда және жауап алынатын тұлғаның процессуалдық жағдайы анықталғанда, яғни тұлғаны құқықтары мен міндеттері түсіндірілетін қаулы шығарылғанда жол беріледі. Адвокатқа процеске жіберілуі үшін заң консультациясының ордерін көрсетсе жетіп жатыр. Оның зерттелетін жағдаяттарға қатысушы ретінде заңгерлік білімі мен адвокат-өкілдің тәжірибесімен ұштастырғандағы жеке хабардарлығы бұзылған мүдделерді барынша тиімді түрде қорғауға мүмкіндік береді. Жәбірленушінің өкілі ретіндегі адвокаттың айыпталушыны қорғағандағыдан өзгешелігі — ол өзіне айыптау функциясын алады, өйткені жәбірленуші процесте айыптаушы ретінде шығады. Адвокаттың қызметі қашанда бір жақты тәртіпте өз клиентінің пайдасына бағытталатын болады.

Жәбірленушіге заң көмегін көрсететін адвокаттың іс жүргізу құқықтары осындай көмекті сезікті адамға және айыпталушыға көрсететін адвокаттың қорғаушылық құқықтарымен салыстырғанда едәуір шектелген. Іс жүргізуде бұл қатысушылардың соңғысының пайдасына қарай күшті ойысуы көзге ұрып тұр, ал бұл Қазақстан Республикасының Конституциясы жариялайтын іс жүргізудегі тараптар жақтарының тең құқықтық қағидасына және қылмыстық сот ісін жүргізудің жарысушылық бастамасына тікелей қайшы келеді. Әдебиетте жәбірленуші өкілдің және айыпталушы қорғаушысының процессуалдық мүмкіндіктерін пропорционалдық тұрғыдан теңестіру қажеттігі жайлы пікір әлден айтылғаны тегін емес.

Жәбірленуші өкілінің арнайы өкілеттіктері ретінде оның жасалған қылмыс жайлы ағымды кері шақырып алу мүмкіндігі, және сонымен қатар күдікті адаммен және айыпкермен бітістіру мүмкіндігін көздеуі мақсатқа лайықты болып келеді, сондай-ақ жәбірленуші өкілінің оның атынан кінәні мойындау туралы мәмілеге келу құқығы да толықтай қисынды көрінеді деп

ойлаған жөн. Бұл жайындағы құқық жәбірленушінің адвокат-өкіліне берілген сенімхатта ерекше атап көрсетілуі керек.

Жәбірленушінің адвокат-өкіліне іс жүргізу құқықтары мен міндеттерінің тиісті ауқымы берілуі, дәлелдемелер келтірудегі құқықтар өкілеттіктерінің теңдігі, олардың зерттеулеріне қолдау хаттар мәлімдеуіне қатысуы бұл іс жүргізуге қатысушының дербестігіне куәлік етеді, ал бұл-жәбірленушінің адвокат-өкілінің процессуалдық жағдайының ең маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Ол қорғаудың тәсілдері мен құралдарын, өзіне сеніп тапсырылған мүдделерді таңдаудағы еркі өзінде. Мәселен, өкіл өз атынан процестің өзге қатысушыларымен қылмыстық іс жүргізудің құқықтық қарым-қатынастарына кіре алады, дәлелдемелер талап етуге қолдау хаттар мәлімдейді және жаңа дәлелдемелер ұсынып, олардың заңдық мағынасын негіздейді, істі қосымша тергеуге жаңа тергеу амалдарын жүргізу үшін қайтаруға қолдау жасайды, куәгерлер, айыпталушылар және жәбірленушілердің тергеуіне оларға жәбірленушінің өзі сұрақтар қойған-қоймағандығына қарамастан қатысады. Осылайша жәбірленушінің адвокат өкілі дәлелдемелерді ұсыну және зерттеу үрдісіндегі іс-қимылда, дәлелдеудің процессуалдық құралдарын таңдау кезінде пайда болатын мәселелерді шешуде бұл әрекеттерді әрдайым жәбірленушімен келіспей-ақ өзіндік процессуалдық жағдай ұстанады. Дәлелдеуге өз алдымен қатысу-тұлғаның оған ие болуы, оны қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдеме субъектісіне айналдыратын негізгі процессуалдық құқық. Іс жүргізуге қатысушыға дәлелдеу жөніндегі әрекетінің еркіндігі болуы өз функциясын, құқықтық бағытын, іс бойынша тактикасын жүзеге асырудағы оның дербестігін алдын-ала белгілейді.

Дегенмен, адвокат-өкілдің жәбірленушіден белгілі бір дәрежеде тәуелділігі де бар — ол адвокатың оған артылған міндеттерді жүзге асырудағы өзінің негізгі ұстанымын, басты бағытын жәбірленушімен келісіп алуы керек, әйтпесе, өкіл көмекшіден қарсыласқа айналып кетуі де ғажап емес. Қалған жағдаяттардың барлығында жәбірленушінің адвокат-өкілі дербес болады, әйтпесе онсыз қылмыстық іс жүргізудегі тапсырманы орындау мүмкін емес. Дербестік жәбірленушінің мүдделерін тез және уақтылы қорғауға, сондай-ақ оның құқықтарын толығырақ жүзеге асыруға жол ашады.

§ 2. Адвокаттың өкілдік жүргізуге тапсырма қабылдауының шарттары. Адвокат-өкілдің өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес (ҚР КІЖК 80-б. 3-бөл.) жәбірленушінің адвокат-өкілі ол өкілдік етегін жеке тұлғалар сияқты (ҚР КІЖК 75-б. 6-бөл.) жауап беруден басқа барлық іс жүргізу құқықтарын иемденген. Мұндай шектеушілік толықтай түсінікті, өйткені жауап беру құқығы өз табиғатында иеліктен айырылмайды, және өкіл жүзеге асыра алмайды. Дегенмен, біздің көзқарасымызша, адвокат-өкілге жәбірленушінің құқықтарымен қоса ҚР КІЖК 74-бабының. 2-бөлігіндегі талаптарға сәйкес, адвокат-қорғаушының да жекелеген құқықтарын артқан жөн. Онымен қоса, қылмыстық іс жүргізу заңына кәсіби адвокат-өкілдің қызметін реттейтін және норма енгізу мақсатқа лайық болады. Осылайша, жәбірленушінің адвокат-өкілінің негізгі процессуалдық құқықтарын талдауға жатқызу қажеттілігі туындайды.

Дәлелдемелер беру құқығы адвокат тергеу органына немесе сотқа оның иелігіндегі заттар немесе құжаттарды оларды іске дәлелдемелер ретінде қосуға өтінішпен (қолдаухат) ұсына алатындығын білдіреді. Жәбірленушінің адвокат-өкілі әдетте көрсетілген құқықты тергеудің немесе соттың қажетіне жәбірленушіге зақым келтірген тұлғаның кінәлілігін растау үшін дәлелдемелер бар немесе келтірілген зиянның сомасын растауға қолданады, бірақ ол істің өзге жағдайларын куәландыратын да дәлелдемелер болуы мүмкін. Аталған заттар және құжаттар жәбірленушінің тұрақты иелігінде болуы және сондай-ақ құзыретті мекемелер немесе жекелеген азаматтардан алынған анықтамалар, қорытындылар, түсініктер және сол сияқтылар болуы кәдік. Қолданыстағы заңдар адвокатты тергеушіге немесе сотқа әрқилы ақпарат көздерін жинап және тапсыруға шектемейді, тек олар зорлау, тұрғын мекеніне басып кіру және тұлғалардың басқа да құқықтары мен бостандықтарын бұзумен қоса жүрмеуі керек.

Адвокат-өкілдің қылмыстық істер бойынша дәлелдеудегі процессуалдық жағдайының ерекшелігі мынаған саяды. Ол қылмыстық істің барлық жағдаяттарын, оның ішінде тұлғаның кінәлілігін және кінәсіздігін дәлелдеу (ҚР КІЖК 115-б.) жүктелген органдарға қарағанда клиентінің жағдайын нашарлатпайтын деректерді ғана беруге міндетті. Адвокат-өкіл дәлелдемеге қатысуға тиісті және бұл үрдісте өз бағытын қорғауы, қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғаның кінәлілігін дәлелдеуге бағытталған жағдаяттарды анықтау үшін дәлелдемелер жинауға және зерттеуге бел-

сенді түрде қатысуы қажет. Адвокат-өкілдің бұл өкілеттігі қылмыстық істі жүргізуші органдардан міндеттілігін алып тастамайды.

Оның бер жағында, заң шығарушы адвокат-өкілге куәгердің, жәбірленушінің айғақтарын, заттай дәлелдемелерді, тергеу іс-әрекеттерінің хаттамаларын және өзге құжаттарды процессуалды түрде ресімдеу құқығын жүктемейді. ҚР ҚІЖК 126-бабының 2-бөлігіне, сәйкес анықтау және алдын ала тергеу жүргізу барысында хаттамалар жүргізу жауапкершілігі анықтаушыға және тергеушіге жүктеледі. Осыған орай адвокат-өкіл дәлелдемелер ұсыну және адвокат-қорғаушы сияқты (ҚР ҚІЖК 125-б. 3-бөл.) өз клиентіне заң көмегін көрсетуге керекті мәліметтер жинау құқығымен иелендірілуі қажет.

Қорғаушы қылмысты істі жүргізушіге ұсынатын құжаттар, заттар және басқалары өз негізінде дәлелдемелер болып табылмайды. Мысалы, адвокат-тұлға, потенциалды куәгерден жауап алды, оны жазып алып, кассетаны тергеушіге берді делік. Бұл бейнежазба адвокат-өкілде болғанша, ал жауап берулерін адвокат-өкіл ұнтаспаға жазып алынған тұлғадан тергеуші заң орнықтырған тәртіп бойынша жауап алғанша бұл материалдар процессуалдық мағынада дәлелдемелер болып табылмайды. Тек адвокат-өкіл өзі берген мәліметтерді қылмысты іс материалдарына қосуға кепілдеме мәлімдегенде, оларға жіберу, не жібермеу жөніндегі тергеуші бағалағаннан кейін дәлелдеме мәртебесін ала алды. Егер қолдаухат қылмыстық іс материалдарымен танысылғаннан кейін мәлімденетін болса, ол жәбірленушінің және оның адвокат-өкілінің қылмыстық істің материалдарымен танысқандығы жөніндегі хаттамаға (ҚР ҚІЖК 276-б.1-бөл.) көшіріліп басылуда тиісті, Егер ондай алдын ала тергеуде мәлім етілсе, ол жазбаша түрде де, ауызша формада да ресімделе алады. Жазбаша қолдаухаттар қылмыстық істің материалдарына қоса тіркеледі, ал ауызшалары тергеу іс-әрекетінің хаттамасына енгізіледі (ҚІЖК 102-б. 2-бөл.).

Қылмыстық іс жүргізетін органдар жәбірленушінің адвокат-өкілін бұл құқықты жүзеге асыруын қамтамсыз етуге міндетті, ол үшін тиісті орган дәлелдемелер ұсынудың хаттамасын құрастырады, тергеу іс-әрекеттері объектісінің салыстырмалылығы жөніндегі мәселені анықтау үшін қажетті тергеу іс-әрекеттерін жүргізеді, ұсынылған объектіні іске дәлелдеме ретінде қосу немесе өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Дәлелдеме ұсыну құқығының астарында «дәлелдеме» терминінің өзі де айтарлықтай шарттылықтан пайдаланатындығын атап кеткен жөн. Хабарлама, фактілер жөніндегі мағлұматтар олар тергеу іс-әрекеттері арқылы процессуалдық формаға ие болғанда ғана дәлелдеме бола алады. Ақпарат алып жүрушілерге оларға жәбірленушінің өкілі-адвокат ие болып тұрғанда,

процессуалды форма орайлы емес. Бұлар әзірше дәлелдемелер емес, тек заттар, құжаттар ғана. Сондықтан, әдебиетте атап өтілетіндей, дәлелдемелер ұсыну емес, іске дәлелдеме ретінде қосу үшін заттар немесе құжаттар ұсыну құқығы жайлы айту керек.

Өтініш жасау құқығы жәбірленушінің адвокат-өкілі үшін іс бойынша ақиқатты анықтауға қол жеткізудің және жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қорғаудың нақты мүмкіндігінің маңызды кепілдігі болып табылады. Жәбірленушінің адвокат-өкілінің өтініші тергеушіге, прокурорға немесе сотқа айтылған белгілі бір тергеу әрекетін жүргізу, қайсыбір фактіні анықтау немесе нақты шешім қабылдау жөніндегі өтініш. Қағидасында адвокат-өкілдің қолдау хаты жазбаша да, ауызша түрде де жария етілуі мүмкін. Бірақ, адвокат-өкіл мәлімдейтін қандай болмасын қолдау хат дәлелді болуы, өзінде қолдау хат қол жеткізбекші мақсаттарды ұстағаны жөн, материалдық және процессуалдық құқықтың нормаларына тиісті сілтемелер жасауы керек (оның ішінде ҚР ҚІЖК 102 бабына да онда тергеушінің егер орнықтырылуы жайлы өзі кепілдік жасайтын жағдаяттардың істің дұрыс шешілуіне маңызы болуы мүмкін болса, қолдау хат мәлім етілген күннен үш сөткеден асырылмай шешілуі қажет), сондай-ақ қажетті жағдайларда, іс материалдарындағы дәлелдемелердің болғаны дұрыс. Сондықтан адвокаттың қолдау хаттарды жазбаша түрде мәлімдегені мақсатқа лайықты келеді. Соңғы бұл қолдау хаттардың жолданған органның барынша тиянақты түрде қарастырылуына көмектеседі. Адвокат-өкілдің қолдау хатты ауызша мәлімдеуі тек қолдау хат кеңінен дәлелдеуді қажет етпейтін болған шектеулі жағдайларда мүмкін болдаы.

Жәбірленушінің адвокат-өкілі қолдау хаттар мәлімдей алатын мәселелер ауқымы адвокаттың жәбірленушінің құқықтарын қорғау үшін тиісті органға өтінішпен жүгінуге қажеттілік туындауы мүмкін жағдайларды тіркеу мүмкін еместігіне орай, заңмен белгіленбеген.

Жәбірленушінің адвокат-өкілі анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға, судьяға, соттың хатшысына, аудармашыға, маманға, сарапшыға және сондай-ақ адвокатқа, іске қорғаушы немесе өзге жәбірленушінің өкілі, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкерге, кәсіподақтық немесе өзге қоғамдық ұйымның өкіліне қарсылық білдіруге құқығы бар (ҚР ҚІЖК 11-тарауы). Әдебиетте қарсылық білдіру ісі ана немесе мына тұлғаның заңсыз қатысына шағым ретінде қарастырылады. Қарсылық білдіруге негіз санатында процеске ана не мына қатысушының оған жүктелетін процессуалдық құқықтылықтарды бейтарапты түрде орындайтындығына күмән келтіретін, сондықтан іске қарсылық білдірілетін тұлғаның қатысуына жол бермейтін, заңда көрсетілген мән-жайлар қызмет етеді.

Шағым айту құқығына Қазақстан Республикасының Конституциясы негізге алынады, ал онда былай делінген: «Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар» (ҚР Конституциясының 33-бабы). Қылмыстық іс жүргізуге қатысты шағым — прокурорға немесе сотқа заңсыз деп тану, әйтпесе заңсыз шешімді өзгерту жөнінде өтініш жасау. Шағым айту құқығы — іс жүргізудің көптеген қатысушыларының, оның ішінде жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың маңызды процессуалдық мәртебесінің бөлінбес бөлшегі. ҚР ҚІЖК 13-тарауына сәйкес, бертіңгі уақытқа дейін анықтау жүргізетін тұлғаның және тергеушінің іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымды тек қана прокурорға, ал прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағымды тек одан жоғарғы прокурорға айту мүмкін болып келеді. Мұндай жағдай іске қатысушы тұлғалардың, оның ішінде жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің талаптарына толықтай ауқымда жауап бермейтін еді. Мысалы, А.М. Ларин «жоғары тұратын прокурорлар төмендегілердің әрекеттері мен шешімдеріне сыни баға бергеннен гөрі көбінесе оларды қолдауға ыңғай танытып тұрады»⁵ деп атап өткен болатын.

Оған себеп ретінде ведомстволық ынтымақтастық қызмет етеді. Анықтау органдарының іс-әрекеттері және олардың қызметінің нәтижесі заңдылығына жауап беретін прокурор, тергеуші сияқты, қылмыстық қуғындауды жүзеге асыратын мемлекеттік инстанцияларға өкілдік етеді. Сондықтан тергеушінің іс-әрекеттері заңсыздығын прокурорға айтып шағым беру қылмыстық қуғындау органдарының іс-әрекеттеріне шағымдарды оларды жүзеге асыратындардың өздері іс жүзінде қарастырады дегенді білдіреді. Мұны өткеруге анықтау органдары, тергеуші және прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне сотқа шағым беру институты қызмет етеді, өйткені сот «ведомстволық мүдделермен байланыспаған, тәуелсіз, қылмыстардың ашылуына жауапкершілік арқаланбайды, соттық рет-жосықтың ауқымымен шектелген».

Қолданыстағы қылмыстық іс заңдарын бұл бөлігінде, және сондай-ақ қалыптасқан практиканы түзетуге негіз ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелері, және бәрінен бұрын әркімге өз құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғау құқығына кепілдік беретін (13-б. 2-бөл.) және осы құқықтың елеулі элементі ретінде мемлекеттік билік органдары

⁵ *Ларин А.* Предоставление предметов и документов при расследовании // Социалистическая законность. — 1981. — №3. — 31-32-беттер.

мен лауазымды тұлғалардың шешімдерін және әрекеттерін (әрекетсіздік) сотқа шағымдану мүмкіндігі қызмет етеді.

Заң әдебиеттерінде В. З. Лукашевич, Г. А. Матевосян, Л. Д. Кокорев, Г. Д. Побегайло, В. Е. Юрченко, Н. А. Якубович, Л. В. Батищева, Е. С. Радутная, Г. И. Пичкалева сияқты ғалымдар заңдарда анықталған (ҚР ҚЖК 75 бабы) жәбірленушінің өкілі процессуалдық құқықтарының жәбірленушінің өзінің процессуалдық құқықтарымен (айғақтар беру құқығын есепке алмағанда) толық тепе-теңдігі жәбірленушінің адвокат-өкілінің қылмыстық сот ісін жүргізуге белсенді түрде қатысуының кепілдемесі болып табылады деген пікірді талай рет айтқан. Жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін іс жүзінде сенімді түрде қорғауы үшін оның өкілі жәбірленушінің өзі қажетсінбейтін, бірақ оның өкіліне алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыруы үшін қажет процессуалдық өзіндік құқықтарға ие болуы керек деген мұндай ой-түйінмен ғана шектелуге сірә бола қояр ма екен?

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңдарында жәбірленушінің өкілінде мұндай процессуалдық құқықтар бар екендігіне көз жеткізу үшін оған берілген процессуалдық құқықтар ауқымына көз салса жетіп жатыр. Мұндайларға, мәселен, айыптау тағылғанда қатысу құқығы; айыпталушыдан және күдікті адамнан жауап алуға қатысу және сондай-ақ олардың қатысуымен жүзеге асырылған өзге де тергеу әрекеттеріне қатысу құқығы жатады.

Сонымен, жәбірленушінің адвокат-өкілінің қылмыстық сот ісін жүргізудегі қатысуын құқықтық реттеудегі кемшіліктер ғана емес, сондай-ақ қорғаушы мен жәбірленуші өкілінің процессуалдық жағдайындағы айтарлықтай қиыспаушылықтар да көзге ұрып тұр.

Қылмыстық іс жүргізу заңында жәбірленушінің өкілі үшін мынадай өзіндік процессуалдық құқықтар қарастыру керек:

- қылмыстан зардап шеккен тұлғаны жәбірленуші деп мойындау жөніндегі қаулымен танысу;
- зардап шегушіден жауап алуға, және сондай-ақ өзге де тергеу іс-әрекеттеріне, жәбірленушінің өз өкілінің қолдауымен жүргізілетін басқа да тергеу іс-әрекеттеріне қатысу;
- жәбірленуші өкілінің өз қолдауы бойынша жүргізілетін тергеушілік іс-әрекеттерге, заң көмегін көрсетуге қажетті заттар, құжаттар және мәліметтер жинауға және ұсынуға қатысу;
- жәбірленуші немесе жәбірленуші өкілінің өзі қатысқан тергеу іс-әрекеттерінің хаттамаларымен танысу;
- арнайы өкілеттігі болған жағдайда ол өкілдік ететін жәбірленушіні жеке айыптаушы ретінде мойындауды талап ету;

- сондай жағдайларда жәбірленуші қатыса алатын соттың барлық мәжілістеріне қатысу;
- бірінші инстанциядағы сотта жәбірленушінің орнына жарыссөздерге қатысу және ілікпе сөз (реплика) айту;
- жәбірленушінің келісімі бойынша өзі берген қандайда болмасын шағымды қайтарып алу;
- жәбірленушінің арнайы тапсырмасы бойынша жәбірленушіні күдікті және айыпталушы адаммен татуластырарда оның атынан сөйлеу;
- іс жүргізуге өзге қатысушылардың шағымдарына қарсылық білдіруде жәбірленушінің мүдделеріне қатысты қарсы шығу;
- жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын өзге де кез келген заңға қарсы келмейтін құралдары мен тәсілдерін қолдану;
- сенім білдірушінің келісіміне орай ол үшін басқа өкіл шақыру және өкілдікті қайта тапсыру.

Жәбірленуші өкілінің жоғарыда тізілген процессуалдық құқықтарына нақты да айқын сілтеме жасау қылмыстық іс жүргізетін органдар мен тұлғалардың тым артық субъективизмнен сақтандыратын кепілдік ретінде қызмет етеді. Мысалы, тергеуші заңға формальды түрде келгенде және оған неізделген сілтеме жасағанда (ҚР ҚІЖК 75-б.) жәбірленуші адвокат-өкіліне жәбірленушіден процеске енуден бұрын алынған жауаптар хаттамаларымен танысуға рұқсат бермеуге барлық негіздері бар, өйткені жәбірленуші өкілінің бұл құқығы қорғаушының осындай құқығына қарағанда заңда қарастырылмаған.

Іс жүргізуге қатысушының процессуалдық жағдайы оған берілген құқықтардың жиынтығымен ғана емес, сондай-ақ оған жүктелетін міндеттерінің ауқымымен де белгіленетіндігі күмән туғызбайды.

Әдебиетте жәбірленушінің адвокат-өкілінің процессуалдық міндеттерінің ұшпағы жайлы мәселе жеткілікті талқыланбағандығын мойындаған жөн. Бұл мәселені зерттеген авторлардың бірқатары тек жәбірленушінің өзінің процессуалдық міндеттерін шолумен ғана шектелген, ал жәбірленушінің процессуалдық міндеттері мен оның өкілінің процессуалдық міндеттері бірдей жағдаяттар емес екендігі көзге көрініп тұрғандығы күмән туғызбайды. Л. Д. Кокорев пен Г. Д. Побегайло сияқты өз еңбектерін жәбірленушінің адвокат-өкілінің қылмыстық сот ісін жүргізуге әдейі арнаған процессуалистер оның процессуалдық мәртебесіне талдау жасарда оның құқықтарын ғана ашады да, онда процессуалдық міндеттер болатындығын ескермейді.

Тек В. Д. Адаменко ғана өкілдің процессуалдық құқықтармен бірге процессуалдық міндеттерді де алып жүретіндігіне назар аударды, ол бұл қатарға іс жүргізетін лауазымды адамдардың қаулылары мен өкілдеріне бағыну міндетін, сот мәжілісінің рет-тәртібін қадағалау міндетін, және сондай-ақ олардың бірінші рет талап етулері бойынша есеп беру міндетін қосты⁶.

В. Д. Адаменко ескерген өкілдің міндеттерінің соңғысына келетін болсақ, ол процессуалдық тұрғыны арқаланбайды, өйткені, біріншіден, ұсынушы және адвокат-өкіл арасындағы ішкі қарым-қатынастар ауқымына жатады, ал оны қылмыстық іс жүргізу құқығының қатаң шеңберіне енгізу мүмкін емес, екіншіден, кез келген процессуалдық міндеттеме заңда оның орындалмағаны үшін санкциялар орнықтыруды көздейді, бұл санкциялар да мұндай жағдайда алдын ала болжау мүмкін емес процессуалдық жағдай арқаланады.

Жәбірленушінің адвокат-өкілінің процессуалдық міндеттеріне мыналар жатады:

1) қылмыстық іс жүргізетін органға оның өкілдік өкілеттігін растайтын құжаттар ұсыну;

2) жәбірленушінің мүдделерін қорғау үшін қылмыстық іс жүргізетін органның шақыруы бойынша бару;

3) прокурордың, тергеушінің, анықтаушының заңды өкімдеріне бағыну; төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағыну;

4) прокурордың, тергеушінің немесе алдын ала анықтау жүргізетін тұлғаның рұқсатынсыз алдын ала тергеудің мәліметтерін жария етпеу;

5) залды сот мәжілісінде төрағалық етуші үзіліс жариялағанша тастап кетпеу;

6) сот мәжілісінде тәртіпті қадағалау.

Бұл міндеттерді құқықтық реттеудің кемшілігі жәбірленушінің өкілі міндеттерінің жалпы тізіміне процессуалдық міндеттер де, және ондай емес міндеттердің де, мәселен, сенім білдірушінің нұсқауларын ұстану міндетінің де енгізілгенінен көрінеді. Бұл орайда жәбірленушінің адвокат-өкілінің ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 14-бабы 3-бөлігінің 9-тармағында бекітілген адвокаттың оған заң көмегін көрсетуге жүгінген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін заңмен тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануды оның процессуалдық міндеті деп есептеуге болмайды. Бұл міндет сондай-ақ процессуалдық «мінез» арқаланбайды, өйткені оның орындалмауына процессуалдық санкциялар қарастырылмаған, сондықтан ол бәрінен бұрын адвокаттың кәсіби парызын

⁶ *Адаменко В. Д.* Советское уголовно-процессуальное представительство. — Томск, 1978.

мегзейді. БҰҰ сегізінші Конгресінде қабылданған және БҰҰ Бас Ассамблеясының 45-ші сессиясында қабылданған (1990 ж. 14 желтоқсандағы № 45\121 қарар) қылмыстардың алдын алу және құқық бұзушылармен орайласу жөніндегі адвокаттардың рөлі туралы. Негізгі ережелерде мұндай жағдаят адвокаттың процессуалды міндеті емес, оның клиентке қатысты міндеті ретінде қарастырылады да, бұл біздің пікірімізше, өзін-өзі толық ақтай алады.

Қылмыстық іс жүргізу заңында азаматтық іс жүргізу заңдылығымен орай жәбірленуші өкілінің, оның ішінде адвокаттың да жалпы және арнаулы өкілдіктерін ажыратқан жөн болар еді. Ондайда жалпы өкілеттіктер деп адвокат-өкіл өзінің іс жүргізуге қатысушылық мәртебесінің күші бойынша өзіне жәбірленуші жағынан арнайы нұсқауларсыз жүктелетін өкілеттіктер танылады. Бұл процессуалдық өкілеттіктердің ауқымы заңда толық та жан-жақты түрде көрініс табуы керек. Жәбірленуші өкілінің ҚР ҚІЖК 75-бабында бекітілген процессуалдық құқықтары тап осындай жалпы өкілеттіктерге жатады. Адвокат жалпы өкілеттіктерді пайдалана алуы үшін заң консультациясының жәбірленушінің мүдделерін қорғауға берген ордерін ұсынса жарап жатыр.

Сонымен қатар, жәбірленушінің адвокат-өкілі қағидасында жүзеге асыра алатын іс жүргізулік әрекеттер ауқымы бар, бірақ олар жәбірленушінің мүліктік мүдделерімен байланысты және ол үшін процессуалдық қана емес, сондай-ақ материалдық-құқықтық ауыртпашылықтар әкелетін болғандықтан, оларды жүзеге асыру үшін жәбірленушінің арнайы келісімі талап етіледі. Біздің арнайы өкілеттіктер деп белгілегендеріміз де осылар. Жәбірленушінің адвокат-өкілі мұндай өкілеттіктерді жәбірленуші, мәселен, сенімхатта атап көрсеткенде ғана иемдене алады. Сондықтан, жәбірленушінің адвокат-өкілге сенімхат беру мүмкіндігін заңдылықта алдын ала қарастырған жөн.

Атап өтерлігі, іс жүзінде тіпті қазіргі уақыттың өзінде жәбірленушінің адвокат-өкілі заң консультациясының ордеріне анадй не мынадай іс-әрекеттер жасауға құқық беретін сенімхатты қоса тіркейтін жағдайлар кездеседі. Мәселен, бір қылмыстық іс бойынша жәбірленуші берген сенімхатта адвокатқа өзге өкілеттіктермен бірге азаматтық талап беру құқығы да берілген. Сот мәжілісінде адвокат-өкіл бұл өкілеттікті пайдаланған және талап қойған.

Жәбірленушінің адвокат-өкілінің арнайы өкілдіктеріне мына жағдаяттарды апарған жөн:

- жәбірленушіге келгенде қылмыстық заң тыйым салған әрекет жасалғанына шағымды қайтып алу;
- жәбірленушіні жеке айыптаушы деп мойындауды талап ету;

- жәбірленуші берген азаматтық талаптан толықтай немесе ішінара бас тарту;
- өкілеттікке сенім ауысуы; атқару парағын өндіріп алу үшін ұсыну; жәбірленушіге кесілген мүлік немесе ақшаны алу.

Жәбірленуші азаматтық талапты мәлімдеген жағдайда оның адвокат-өкілі азаматтық талапкердің процессуалдық құқықтарына да ие болады, ал ол құқықтар жәбірленуші өкілінің процессуалдық құқықтарына тек жай ғана бөлек қойылуы мүмкін. Сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңында жәбірленушінің іс бойынша кез келген сәтте ол адвокат-өкілге берген сенім-хатын өзгертуге құқығы болуын алдын ала қараастыру керек, осыған байланысты адвокат арнайы өкілеттіктерін жоғалтады.

Қазірдің өзінде іс жүзінде тараптар өздерінің процессуалдық мүдделерін және оң мағыналы ой-пікірлерін басшылыққа ала отырып, осы сияқты келісімдерге келетін жағдайлардың аз еместігін мойындаған жөн. Ондайда бұл келісімдердің түрлері ерікті болады да, қолданыстағы заңдардың ауқымына қиындықпен барады, бірақ оның мақсаттары мен қағидаларына қарсы шықпайды. Кінәні мойындау туралы мәміле институтын заңды түрде бекіту соттағы күрделі емес қылмысты істерді қарастыруды тездетуге, алғашқы сатыдағы соттардың жүгін жеңілдетуге және судьялар өз күш-жігерлерін дәлелдеу тұрғысындағы даулы жағдайларға жұмылдыруға мүмкіндік берер еді. Заң әдебиеттерінде бұл мәселемен айналысатын кейбір процессуалистердің пікірлері келтірілген. В. А. Лазарева мен А. У. Рустамов кінәні мойындау жөніндегі мәмілені сот тәжірибесіне енгізу керек, және бұл рет-жосықты бастапқы кезде ауырлығы шамалы және орташа қылмыстар жөніндегі істермен шектеп, кейін оны әрекеттердің өзге де түрлеріне тарату қажет деп есептейді. Мұндай ұсыныстар соттардың да тарапынан түсіп жатады.

Бірақ осының бер жағында жәбірленушінің заңды мүдделерін назардан жіберіп алу кешірілмейтін қателік болар еді. Тіпті кінәні мойындау жөніндегі мәмілелерге шексіз ауқымда жол берілетін және мұндай келіссөздерді жүзеге асырудағы ерекше дисфециялық құқығына сай жетекші төл жәбірленуші мен оның адвокатымен қатар мемлекеттік айыптаушы атторнейге (прокурорға) берілетін АҚШ-тың өзінде «жәбірленуші прокурордың «кінәні мойындау жөніндегі мәмілеге айыпталушымен келуде принципалды рөл ойнайды». Мәмілеге келудің шарттарын айыпталушымен талқылаудың алдында, прокурор жәбірленушімен бірқатар мәселелерді талқыға салады. Жәбірленуші айыпталушымен кінәнің мойынға алынуы жөнінде мәміле болатыны немесе болмайтындығы жөнінде ақырғы шешім қабылдаса да, прокурордың шешімі жәбірленушінің тілегіне сәйкес келетін болады.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуге кінәнің мойындалуы жайлы мәмілелер жіберілген жағдайда, бұл келісім жәбірленушінің шарттарымен айыптаудың тең құқықты жағы ретінде келіскенде ғана мүмкін болады деген ережені бекіту қажет. Жәбірленуші және оның өкілі үшін бұл шараларға қатысуы оның заңдылығының кепілдігі, келісім бекітілгенше жәбірленушінің бұзылған құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіруді талап ету мүмкіндігі болып табылады, моральдық және материалдық залалдың орнын толтыруға жол ашады. Әрине, бұл жағдайда жәбірленуші өз құқықтарын беру құқығынан, мәміле шарттарын өз өкілімен келісу, әсіресе бұл үрдісте кәсіби заңгер-адвокат іс-әрекет жасағанда айырылуға тиісті емес.

Қарастырылып отырған тұрғыдағы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында құқықтық жүйе үшін тұжырымды жариялау мәселесін де көтерген жөн, яғни кінәні мойындау жөніндегі мәмілелерге келу, сондай-ақ олардың көмегімен айыптау және қорғау істі шешу жөніндегі келісімге келетін (айыпталушы өзін кінәлі деп мойындайтын тармақтарды есептегенде) жариялау проблемасын қозғау қажет.

§ 3. Адвокаттың қылмыстық іс бойынша өкіл ретінде қатысуын болдырмайтын мән-жайлар

Жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер қылмыстық іс жүргізудегі өз құқықтарын өздері жеке, және сондай-ақ өзінің өкілінің көмегімен іске асыра алады. Алдын-ала тергеуде және қылмыстық істер бойынша соттарда жәбірленушілердің, азаматтық талапкерлердің және азаматтық жауапкерлердің өкілдері ретінде адвокаттар қатысады. Адвокаттың қылмыстық істе жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілі ретінде аталған тұлғалармен келісімге отырған соң және заң консультациясында ордер алғаннан кейін қатысуға құқығы бар. Адвокатты іс жүргізуге жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің өкілі ретінде қатысуға шақыру осы тұлғалардың тікелей өздерінен, және жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің заңды өкілдерінен де шығуы мүмкін.

Іске жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің өкілі ретінде шақыруды қабыл алардан бұрын адвокат бұл тұлғалардан олардың заңда белгіленген тәртіп бойынша жәбірленуші, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер ретінде танылғандықтарын анықтауы қажет.

Қолданыстағы заңдар бойынша тұлға жәбірленушінің құқықтарымен тек қана ол жәбірленуші ретінде мойындалған соң пайдалана алады, ал ол туралы тергеуші және судья қаулы ал судья — ұйғарым шығарулары керек. Егер мұндай қаулы жоқ болса, адвокат заң көмегімен жүгінген тұлғаға оның жәбірленуші немесе азаматтық талапкер ретінде танылу тәртібін түсіндіреді.

Адвокаттың іске жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің өкілі ретінде қатысуға мынадай жағдайларда қатысуға құқығы жоқ: егер ол бұл іс бойынша іс жүргізуге өтініш еткен тұлғаның мүдделеріне қайшы келсе, егер ол бұл іс бойынша мүдделері қайшы келетін тұлғаға заң көмегін көрсетіп жатса немесе бұрын көрсеткен болса, немесе ол бұрын судья, прокурор, тергеуші, алдын ала анықтау жүргізетін тұлға, сарапшы, маман, аудармашы, куәгер немесе куә ретінде қатысса, және сондай-ақ істің тергеуіне немесе қарауына адвокаттық туыстық қарым-қатынастарда тұратын тұлға қатыса-құқықты емес. Егер бұл жағдаяттар адвокат тапсырманы қабылдағаннан кейін анықталатын болса, онда ол тергеушінің, прокурордың қаулысымен немес соттың анықтауымен дәлелді түрде іске қатысудан шеттетіледі.

Жәбірленуші, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер іс бойынша өндірістік кез келген сәтінде өзінің өкілі-адвокаттан бас тартуға құқықты. Бірақ, адвокат жәбірленушінің заңды өкілімен шақырылғанда, онда мұндай жәбірленушінің (жас бала, ақылы-есі кем, есі ауысқан адам және т. б.) заңды өкілі шақырған адвокаттан бас тартуы адвокатты поцестен шеттетуге негіз болып қызмет ете алар ма екен?

Жәбірленушінің адвокат-өкілі қылмыстық іс жүргізудегі дербес және тең құқықты субъект болып табылады. Ол қылмыстық істе жәбірленушінің орнына әрекет жасамайды, тек онымен қатар кең өкілеттіктреді иемденген. Адын ала тергеуде жәбірленушінің адвокат-өкілі дәлелдемелер ұсынуға, сенімхаттар мәлімдеуге; алдын ала тергеу аяқталған сәттен бастап істің барлық материалдарымен танысуға, тергеуші мен прокурордың іс-әрекеттеріне шағым жасауға құқығы бар.

Жәбірленушінің адвокат-өкілі сот талқылауына қатысуға, қарсылық білдіруге, қолдаухат және қолдаухат жайлы пікір білдіруге, сот талқылауына қатысқан өзге тұлғалардың мәлімдемелері жайлы пікір айтуға, азаматтық талапты қолдауға және соттан мәлім етілген талапты қамтамасыз етуге шаралар қабылдауға сұрауға, дәлелдемелерді зерттеу тәртібі жөнінде ұсыныстар енгізуге, дәлелдемелер ұсынуға және олардың зерттелуіне қатысуға, соттағы жарыссөздерге қатысуға, сот мәжілісінің хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер айтуға құқығы бар.

Адвокат-жәбірленушінің өкілі соттың іс-әрекеттеріне шағымдар келтіруге және үкімге кассациялық тәртіпте шағым беруге құқылы. Адвокат-жәбірленуші өкілінің іске қатысуы ешқашанда және еш жағдайда жәбірленушінің өз процессуалдық құқықтарын өз бетімен дербес жүзеге асыру жөніндегі мүмкіндіктерін шектемеуі тиіс.

Жәбірленушінің адвокат-өкіліне қарағанда азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкердің адвокат-өкілі қылмысты істе азаматтық жауапкермен қатар емес, солардың орнына әрекет жасайды. Заң бойынша азаматтық талапкермен азаматтық жауапкерге берілген құқықтарды олардың тікелей өздері немесе азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкердің адвокат-өкілі жүзеге асырады. Алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін қылмыстық істің материалдарымен азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер, немесе олардың өкілдері-адвокаттар танысуға құқылы.

Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің адвокат өкілі:

1) жәбірленушіге, азаматтық талапкерге және азаматтық жауапкерге заң көмегін көрсетуге (олардың құқықтарын түсіндіруге, құқықтық мәселелер бйынша кеңестер беруге, айыпталушының іс-әрекеттерінің заңды біліктілігін түсіндіруге, азаматтық талап ұсынудың тәртібін қойылған талапты қамтамасыз ету шараларын, қылмыстық іс бойынша сенімхат, шағымдар, арыздар, бас тартулар құрастыруға көмек көрсетуге);

2) жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға,

3) азаматтық талаптың негіздемелері мен ауқымын орнықтыру үшін дәлелдемелер жинау, тексеру және дәлелдемелерге баға беруге, дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға бағытталған қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге қатысуға міндетті.

Осыған орай жәбірленушіні қорғаудың шекарасы қандай деген сұрақ туындайды.

Жәбірленуші қашанда істің нәтижесіне мүдделі және оның мүдделілігі біржақты болып табылады. Ол өзіне моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян келтірген тұлғаны әшкерелуге және жазалауға ұмтылады. Жәбірленушінің адвокат-өкілі оның сотталушыны жазалауды күшейтуге деген ұмтылысымен байланысты ма?

Адвокат жәбірленушінің (азаматтық талапкердің барлық мүдделерін емес, тек қана оның заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға тиісті. Жәбірленушінің бұл мүдделері жәбірленуші түсінігінің анықтамасында растау табады. Жәбірленуші деп моральдық, дене немесе материалдық зиян келтірілген (қылмыс арқылы) тұлға танылады. Сондықтан жәбірленушінің бұл

тұрғыдағы құқықтарын қорғау— жәбірленушінің адвокат-өкілінің кәсіби парызы.

Сотталушыға қатаңырақ заңды және қатаңырақ жазалау шарасын қолдану қажеттігін адвокат дәлелдей және негіздей алмайды, міндетті де тиісті емес (мұны прокурор, мемлекеттік айыптаушы жасауы керек).

Жәбірленуші өзінің мүдделерін білдіретін адвокаттың жасалған үкімге бұдан да гөрі қатал заң қолданылып және бұдан да қатал жаза қолданылуын талап еткен жағдайларда қорғаушы мұндай шағымды жәбірленушінің өзі жазуын немесе оны заң бойынша соттағы үкімді қорғанысқа қатысты емес негіздемелер бойынша қарсы шығуға тиісті прокурорға қайта жолдауға тиіс.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Қылмыстық іс жүргізуде жәбірленушіні қорғауды жүзеге асыру кезіндегі адвокаттың құқықтары мен психологиялық ерекшеліктері.
2. Қылмыстық сот ісін жүргізуде жәбірленушінің өкілі қандай құқықтарды иеленеді?
3. Өкіл атынан адвокаттың қандай әрекеттерді жасауға құқығы жоқ?
4. Сот талқылауы барысында адвокат-өкіл қандай құқықтарға ие болады?
5. Қылмыстық іс бойынша адвокат-өкілдің атқаратын ісі.
6. Адвокат-өкілдің бірінші сот сатысына қатысуы.
7. Адвокат-өкіл қандай құжаттар толтырады.
8. Адвокат-өкілдің екінші сот сатысына қатысуы.
9. Адвокат-өкілдің қылмыстық іс бойынша сөз дайындауы.
10. Адвокат-өкілдің шағымды сот сатысына қатысуы.

5-ТАРАУ

АДВОКАТТЫҢ СОТТЫҚ САТЫЛАРҒА ҚАТЫСУЫ

§ 1. Адвокат-қорғаушының бірінші сот сатысындағы қызметі. Іс бойынша құқықтық бағытты таңдау

Адвокаттың соттағы міндеті айыпталушыны ақтайтын немесе оның жауапкершілігін жеңілдететін заңда көрсетілген барлық құралдар мен тәсілдерді пайдалану болып табылады.

Бұдан айыптаудың әрбір дәлелдемесін тексерудің ғана емес, сондай-ақ іс жүргізу нысандарын қатаң қадағалаудың да маңыздылығы туындайды, өйткені заңмен белгіленген дәлелдемелерді жинау, тексеру және баға беру тәртібі оларды барынша бағалауға және әділ үкім шығаруға мүмкіндік береді.

Міне, сондықтан сот ісін жүргізу нормаларын асқан дәлдікпен ұстану-қорғаудың ең маңызды міндеттерінің бірі.

Тәртіп бойынша адвокат сот мәжілісіне қорғаныстың ендігі дайын болған, жасалған бағытымен келеді, оның міндеті өзінің қарауындағы іс жүргізу құралдардың көмегімен өз бағытын соттарға жеткізу, оларды бұл бағыттың дұрыстығын иландыру болып табылады. Әрине, соттық зерттеу нәтижесінде қорғаныстың бағыты өзгеруі мүмкін жағдаяттар да кездеседі.

Қайсыбір адвокаттар сот ісін жүргізудің алғашқы сатысын қорғаушының қатысы жоқ шара ретінде қарастырады. Мұндай көзқарас дұрыс емес.

Сот ісін жүргізудің ең басынан бастап адвокат сотталушыны қорғауды белсенді түрде жүзеге асыруға кірісуге міндетті. Ол соттағы сотқа шақырылған тұлғалардың келмей қалу себептері жөніндегі құжаттарды жария етуді сұрай алады, бұл құжаттарды көріп шығу үшін беруді өтінеді. Кейде мұндай қарау айтарлықтай маңызға ие болады. Куәгердің сырқат, іссапар жайлы жалған анықтамалар беріп сотқа келуден тайсақтаған жағдайлары белгілі. Кейде келмеудің себептері жайлы сотталушыға белгілі болуы кәдік. Мұндай жағдайда қорғаушы соттан сотталушыдан оған келмеудің себептері жайлы не белгілі екендігін анықтауды сұрай алады.

Келу тексерілгеннен кейін барлық куәгерлердің сот залынан шығарылатындығы белгілі. Адвокаттың барлық куәлардың шыққан-шықпағанына көз жеткізгені жөн. Кейде куәгерлердің не білмегендіктен, ал кейде әдейі залда қалып, істі тыңдайтын жағдайлары болады.

Соттық рәсімнің басталуына сотталушы тұлғасының, яғни оның сауалнамалық (анкеталық) деректерін анықтау да жатады. Адвокатқа сотталушының жұмыс істейтіндігін, оқитындығын, асырауындағылардың (олардың ішінде балалардың) барлығын, олардың жолын анықтаудың, наградалары барлығын, мүгедектігін анықтаудың маңызы бар. Әрине, мұның бәрін кейінірек те анықтауға болады, бірақ, сот бұл жайлы қаншалықты ерте білсе, соншалықты жөн болады, өйткені сотталушының тұлғасы соттың сенімі қалыптасуы үшін айтарлықтай маңызды. (Айта кетерлігі, тұлға жайлы барлық мәліметтерді қорғаушымен алдын ала тергеу кезінде немесе іске дайындалу тұсында анықтау керек).

Кейде адвокаттар бірқатар мәселелерді, қорғалушының денсаулық жағдайын (егер ол мүгедек болмаса), бұл кәсіпорында қанша уақыт істейтіндігін, қандай алғыстар алғандығын өнертапқыштық ұсыныстары және т. б. жайлы анықтай бастайды, ал оларды қорғалушыдан жауап алынғанда анықтау дұрысырақ болады. Мұның бәрінің мағынасы бар, бұлардың барлығын міндетті түрде анықтау қажет.

Сотталушыға айыптау қорытындысының көшірмесі тапсырылуының дер уақтылығын тексеру айтарлықтай маңызды. Бұл сырт қарағанда формальды актінің үлкен мағынасы бар, өйткені айыптау қорытындысының көшірмесін уақытынан кеш тапсыру қорғау құқығының өрескел бұзылуы болып табылады. Сондықтан адвокат қашанда ертерек, іске дайындалу кезінде айыптау қорытындысының тапсырылу уақытын анықтауға тиісті. Егер ол кешірек, істі тыңдауға үш сөтке қалғаннан кем мерзімде тапсырылса, адвокат істі кейінге қалдыруды сұрауы керек.

Бұдан кейін соттың құрамы жарияланады, айыптаушы, қорғаушы, хатшы, сарапшылар және аудармашы туралы ақпараттар хабарланады, сотталушыға бұл тұлғаларға қарсылық білдіру құқығы түсіндіріледі.

Адвокаттың қарсылық білдіру құқығына барынша абайлықпен қарағаны абзал. Ол қорғалушының қарсылық білдірулерінің барлығын бірдей қолдауға міндетті емес. Әдетте сотқа немесе прокурорға қарсылық білдіру жөніндегі мәселе қорғалушының істі әзірлеу үрдісінде қорғалушымен әңгімелесу барысында туындайды. Адвокат қарсылық білдірудің себептері заңда көрсетілгенін түсіндіруге міндетті.

Сонымен бірге судьялар істі тыңдау барысында да айыптаудың дәлелдендігі жөніндегі өз пікірін тура айтатын жағдайлар болады. Ондайда судьяның ешқандай жекелей мүдделілігі жоқ, бірақ сонымен қатар бұл

оның бейтараптылығына заңды күмәнділік туындатады. Соттың жеке мүдделілігімен еш байланысты емес, оның бейтараптығына күмән туғызатын өзге де жағдайлар болуы мүмкін.

Істі сотта қарастырудың алғашқы сатысының айтарлықтай маңызды сәті ретінде төрағалық етушінің процеске қатысушыларға оларда бар қолдау-хаттар жайында сұрау салуын есептеу керек.

Адвокат істің барлық мәселелері бойынша өтініштер (қолдаухаттар) мәлімдеуге құқылы. Олар қосымша куәгерлер шақыру жөніндегі өтініш, сараптаманы тағайындау туралы өтініш, заттық дәлелдемелер мен құжаттарға талап ету жөніндегі өтініш және т. б. болуы мүмкін. Ол мұндай жағдайда сотқа нақты қандай жағдаяттарды анықтау үшін және бұл жағдайларды тексеру және айқындаудың қандай мағынасы барлығын түсіндіруге міндетті. Қолдаухаттарды дәлелдеу міндеті заңда тікелей қарастырылған.

Әрбір өтінішті жазбаша түрде баяндаған жөн болады. Әсіресе бұл күрделі өтініштерде оңтайлы өз алдына жазбаша өтініш болғанда сот қорғаныстың дәлелдерін тиянақты түрде тексере алады, яғни өтініштің тағдыры жөніндегі мәселені де дұрыс шешеді.

Егер адвокат өз өтінішінде істе бір қандайда бір дәлелдемеге сілтеме жасайтын болса, істің томы мен парағын көрсетуі қажет. Онсыз, әсіресе процестің бастапқы сатысында сотқа кейде өтініштің негізділігін тексеру қиынға соғады.

Сот тергеуші айыптау қорытындысын жариялаудан басталатыны белгілі, бұдан кейін төрағалық етуші сотталушыдан ол өзін кінәлі деп санай ма деп сұрайды. Адвокат сотталушының жауабын ықтиятты түрде тыңдауы керек. Кейде сотталушы оған артылған фактілер дәлелді бола тұрса да, өзін кінәлі деп мойындамайтындығы жайлы уәж айтады.

Мұндай бекіту-сотталушының заңгерлік сауатсыздығының салдары, сондықтан адвокат сотталушыға нақтылайтын сауал беруі керек, сонда сотта сотталушының өзіне тағылған кінәларды жоққа шығаруы жайлы жөнсіз пікір қалыптаспайды.

Іс бойынша құқықтық бағытты таңдау. Іс бойынша дұрыс қорғауды ұйымдастыру үшін адвокат қылмыстың субъективтік жағын сипаттайтын фактілерді жетерліктей толықтықта анықтайды. Оларды түсінбей, ол қорғалушының кінәлілігі жөніндегі мәселені зерттеуге сауатты түрде қатыса алатын дәлел болмайды.

Ең алдымен анықтауға кінәнің түрі (қасақаналық немесе абайсыздық) жатады. Кейбір іс-әрекеттердің, мәселен, зорлықпен жасалғандардың сипаты олардың абайсыздықпен жасалу мүмкіндігіне жол бермейді. Шындығында, жәбірленушіге күш көрсету тек қана қасақаналық жолмен ғана жү-

зеге асырылады. Өзге қылмыстар тек абайсыздықпен, ал үшіншілері-аралас қасақаналықпен жасалады.

Егер іс-әрекет қасақана жасалса, адвокат қорғалушының оған қылмысты ретінде кінәге тағылған іс-әрекеттердің бәрі қасақаналықпен қамтылғандығын анықтайды. Осымен адвокатты зерттеуге жататын фактілер ауқымы да белгіленеді.

Тұлғаның кінәлілігін анықтау үшін адвокатың белгілі бір іс-әрекеттің қасақаналықпен жасалу жағдайын білуінің айтарлықтай маңызы бар. Кейбір істер бойынша адвокат қасақаналықты субъектінің іс-әрекеттерге немесе олардың зардаптарына қатынасына сай саралап, жіктейді. Бұл қылмыстың субъективтік мазмұнын барынша толық және тереңдете ашып және адвокаттық қорғаудың мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашады.

Қасақаналық сипаты адвокаттың субъектінің өзі жасаған әрекеттеріне қатынасын талдаудың негізінде белгіленеді: егер ол өз іс-қимылдарының қоғамдылық қауіптілігін сезінсе, бірақ, сөйте тұра оларды жасайтын болса, онда тікелей қасақаналықпен қимылдайды. Қорғалушының кінәлілігін анықтау үшін айыптау жағына оның қасақаналығы мен қылмыстың бұл түрін сипаттайтын тиісті іс-әрекеттерді ол абайсызда жасаған болса, адвокат оларды айыптаудан шығару мәселесін ойластырады.

Қорғауды құрастыру үшін айыпкер болжауының мағынасы. Қорғау ешқашан абстрактілі болмайды. Ол қашанда айыптауға жауап ретінде және міндетті түрде айыпталушы адам — айыпкердің оған қатынасын (бағытын) есепке ала отырылып құрылады. Көп жағдайда оның болжауы, болғанды түсіндіруі адвокаттық жұмыстың барлық маңыздысын немесе оның едәуір бөлігін құрастырады.

Сотталушының көрсетпе айғақтарында үлкен қорғаушылық мүмкіндіктер жатады, одан жауап алу тек қана дәлелдемелердің көзі емес, сонымен қатар оны адвокаттың қорғау құралы. Мәселен, бұл тұлғадан жауап алғанда жәбірленушінің оған қастандық әрекет жасалардың алдындағы жағдайы мен тәртібі жайлы, қылмысты туындатарлық факторлардың барлығы немесе жоқтығы, күш көрсетушілік немесе пайдакүнемдік қасақаналықтың пайда болуы сәтінің туындауы туралы білуге болады.

В. И. Жуковский адвокат бағытының қорғалушының көрсетпе айғақтарының мәніне де тәуелді екендігін атап өткен: «Сотталушының мойындауына байланысты қорғаныстың да міндеті жеңілдейді, — ол бір жағынан сотталушының сотты құрметтеу актісіне сүйенеді; екінші жағынан ол өзіне айыптаудың пайдасына көп және талай рет айтылғанынан, ал сотталушының пайдасына бір сөз де айтылмағанына таяныш табады».

Адвокаттың нақты іс бойынша бағытының әлеуметтік рөлі де атап өтілген: «Қорғау мазмұны бойынша прокурор сөзінің мазмұнымен анықталады.

Қорғаудың бәрінен бұрын іс қозғаған және сотталушының басына түсетін қоғамдық мүдденің салыстырмалы түрдегі кеңдігін анықтауға мүмкіндігі бар. Қоғамдық мүдденің сайып келгенде неде екенін анықтау қажет: қылмыстық объектісінде ме, жоқ әлде қылмыстың жағдайында ма, сотталушының іс-қимылының түр сипатында ма?».

В. И. Жуковскийдің осыдан 120 жыл бұрын дерлік айтылған осынау ой-пікірлері қазіргі адвокаттарға да көмектеседі: кәсіби ақыл-ойды кемелдендіреді, фактінің аржағынан құбылысты көруге үйретеді, адвокатураның әлеуметтік рөлін белгілейді.

Адвокатқа қылмыстың көптеген элементтерін ашуға сотталушыны тергеуден алынған деректер істің өзге материалдарымен расталғанда мүмкіндік туады. Сотталушыдан дұрыс жауап алу өз алдына егер істе сотталушының сөздеріне қарама-қайшы келетін, оларды растайтын емес, қайта керісінше теріске шығаратын мәліметтер болса, сот үшін сенімсіз болып көрінеді. Яғни қорғалушыдан сотта жауап алардан бұрын адвокат айыптаудың дәлелдемелерін ғана жақсы анықтай қоймайды. Сондай-ақ сотталушыдан жауап алынғаннан кейін қорғаушы дәлел, уәждер бола алатын факторларды да тиянақтай айқындайды.

Сотталушыдан жауап алардың алдында адвокат өзіне қылмыстың негізгі жағдаяттарын анықтайтын, туындаған зардаптардың механизмі мен сипаты жайлы сараптаманың шешімі жарияланғанын, жәбірленуші мен куәгерлердің көрсетпелері қандай материалдарда екендігін, оқиға болған жерді қарау хаттамалары ақпараттарын қалай пайдалануға болатындығын белгілей алады. Тиісті құжаттардан қажетті көшірмелер жасап, адвокат оларды сотталушыдан жауап алу жоспарын құрастырарда есепке алады.

Мәселен, сарапшылық қорытындының түпкілікті емес, ықтималдық сипаты бар үзіктері («болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін еді» деген тұрпат бойынша) ерекшеленеді. Сарапшылардың баламалы көп нұсқалы көрсеткішінің барлығы адвокатты сотталушыдан ол шын мәнінде әр мағыналы сарапшылық қорытынды туындататындай не жасағанын анықтауды талап етеді. Ондайда кейде сотталушының объективті түрде анықталған іс-әрекеттері туындаған зардаптармен тікелей себепті байланысты емес екендігі анықталады. Осыдан барып қозғаудың әртүрлі нұсқаларының болуы (оның ішінде осындай да) мүмкін.

Қорғау үшін дәлелдемелерді зерттеу тәртібінің де айтарлықтай мағынасы бар: адвокат дәлелдемелерді қорғаныс бағытынан алғанда қайткенде жақсырақ зерттеуге болатындығын өзіне елестетін болуы қажет.

§ 2. Адвокат-қорғаушының дәлелдемелерді зерттеуі және бағалауы, дәлелдемелердің қатыстылығы мен мүмкіндік өлшемдері

Сотта іс жүргізудің заң консультациясы ордерін алғаннан кейін адвокат соттағы қорғау ісіне әзірленеді.

Сот мәжілісінде қорғауға әзірлену — шығармашылық процесс және көптеген жағдаяттарға, оның ішінде: адвокаттың тұлғасына, қылмыстық істің сипатына, адвокаттың алдын ала тергеуге қатысуына және т. б. тәуелді болып келеді. Дегенмен барлық жағдайларда адвокат іс жүргізуге әзірлену барысында мына төмендегідей жұмыстарға баса көңіл аударады:

- іс материалдарын зерделеу;
- адвокаттық іс жүргізу жолдарын құрастыру;
- сотталушымен сот мәжілісіне дейін жүздесу;
- іс бойынша нақты және құқықтық бағытты алдын ала қалыптастыру;
- жазбаша қолдау хаттар әзірлеу;
- жаңа дәлелдемелерді талап ету және алу;
- мамандардың баламалы қорытындыларын дайындау;
- сот мәжілісінде қорғауды жүргізудің тактикасын жасау енеді.

Іс материалдарын зерделеу. Адвокаттар әдетте іс материалдарын зерделеуді айыптау қорытындысынан бастайды. Қорғаушы алдын ала тергеудің қорытынды құжатынан өзінің клиентінің қалай айыпталатынын, бұл айыптаудың қалай құрылғанын, сотталушы өзіне танылған айыптауға қалай қарайтындығын, оның қандай адам екендігін біледі.

Айыптау қорытындысын оқуға кіріскенде мына келесі жағдаяттарға назар аударған жөн: айыптау қорытындысын құрастырған кім (бұл тұлғаның өзі іс жүргізуге қатысты ма); оны прокурор бекіткен бе; айыптау қорытындысындағы айыптау нысаны айыпталушы ретінде жауапқа тартылу жөніндегі қаулыдағы айыптау нысанына сәйкес келе ме; айыптау қорытындысының нысаны мен мазмұны ҚР ҚДЖК талаптарына сәйкес келе ме?

Айыптау қорытындысымен танысқаннан кейін істі оқуға кірісуге болады. Істі ақ ниетпен, ықтиятты түрде, зейін қойып, асықпай, «ұзынынан да, көлденеңінен де» оқыған абзал. Қорғаудың соттағы сәтті болуының кепілдігі тап осында жатыр. Белгілі орыс заңгері П. С. Проховщиков (П. Сергеич) бұл орайда былай деп жазған: «Егер мүмкін болса, сіз істі елдің бәрінен артық білуіңіз, егер мүмкін болмаса-төраға мен айыптаушыдан кем білмеуіңіз керек. Егер сіздің қарсыласыңыз нағыз прокурор болса, сіз оның әр қағаздың парақтарын ғана емес, әр титтей қағазшаның сырт түрін біле-

тіндігін қай жерлерде ұштасатынын және тергеуші актілеріндегі жаңылыс тұстарды байқайтындығын көресіз. Қауіпті қарсылас, міне, осы. Сіз де сондай болуыңыз керек. Бірақ мұндай жұмыс уақыттың өте көп мерзімін алатын болады. Дау жоқ. Енді қайтпек керек? Сіз қорғаушысыз ғой. Сіздің бос уақытыңыз сізге емес, сотталушыға жатады».

Істі оқудың әдістемесі әртүрлі болуы және қылмысты істің күрделілігі, айыпталушылардың, сұралған куәлердің, жүргізілген сараптамалардың санына, адвокаттың кәсіби тәжірибесіне тәуелді болуы мүмкін. Бұл мәселеде әлдеқандай бірегей ережелер ұсынуға мүмкіндік бола қоймайды. Кейбір адвокаттар істі оның материалдары тізілген ретте, бірінші парақтан соңғысына дейін оқиды. Екіншілері айыптау қорытындысында сілтеме жасалған дәлелдемелерді зерттей бастайды, ал сонсоң қалған материалдарды оқиды, үшіншілері таңдамалы тәртіп қолданады, яғни әуелі айыпталушылардың, сонсоң жәбірленушілердің, ал одан кейін барлық жағдайда да іс бастан аяқ «жіктеліп» оқылуы қажет. Қалыптасқан теріс практикаға орай, жәбірленушілер, сезіктілер және айыпталушылар алдын ала тергеуде әлденеше рет әртүрлі лауазымды тұлғалармен, әрқилы іс жүргізу жағдайларында сұралады. Оның үстіне бұл тұлғалардан жауап алу хаттамалар іс бойынша шашылған, әрқилы томдарда жатады.

Бұл көрсетінділерді бағалаудағы және тексерудегі өз жұмысын жеңілдету үшін адвокатқа бұл хаттамаларды поцессуалдық тұлғалар бойынша біріктірген мақсатқа сай келеді, яғни әрбір тұлғаға өз алдына жеке карточка (папка) жүргізсе, онда істің парақтары, томдардың нөмірлері көрініс тапса, оларда бұл адамдардың жауаптары, олардың берілген уақыты, қандай тергеу әрекетінде оларды кім алғаны және бұл көрсетінділердің мазмұны бой көрсетеді.

Егер іс көп көріністі, көп айыпталушылары болса, немесе бір айыпталушы бірнеше қылмыс жасағандығы үшін айыпталса, айыптаудың әр көрінісіне жеке папка жүргізу мақсатқа сай келеді, олардың әрқайсысында айыптауды растайтын немесе теріске шығаратын дәлелдемелер шоғырланатын болады.

Адвокат істің материалдарын оқырда бәрінен бұрын заңның тергеу өндірісіндегі талаптарын қадағалауға назар аударады. Егер процессуалдық құжатта қандай да бір бұзушылықтар болса, (мысалы, уақыт, тергеу іс-әрекетінің орны жоқ болса, немесе тергеу іс-әрекетінің өткізу орны немесе оны өткізу мерзімі көретілмесе, бұл тергеу әрекетіне қатысушыға оның құқықтары түсіндірілмесе, поцессуалдық акт оған өкілеттігі жоқ тұлғамен құрастырылса, және т. б.), адвокат бұл бұзушылықтарды атап өтеді, ол кейін оларды соттағы қорғауды құрастырарда пайдаланады.

Адвокат қылмысты істі зерттей отырып, айыпталушының алдын ала тексерудегі құқықтарының олардың ішінде оның қорғалуға деген құқығының қалай қамтамасыз етілгендігін тексеруі керек. Онда айып тағудың дер кезділігі, айыпталушының оның қатысуымен тергеу іс-әрекеттерін жүргізетіндігі құқықтарын қадағалау, қорғаушының айыптау жазалануына, алдын ала тергеу аяқталғанда, танысу үшін қылмысты істің барлық материалдары жария етілгенін, айыпталушы мен оның қорғаушысының қолдау хаттары рұқсат етілген-етілмегендігін алдын ал тергеу аяқталғаннан кейін мәлімделген қолдау хаттарына рұқсат етілгеніне назар аударылады. Іс материалдарын зерттеудегі маңызды құрамдас жағдаят дәлелдемелермен жұмыс істеу болып табылады. Адвокат әрбір дәлелдемені оның салыстырмалығы, мүмкіндігі және шүбәсіздігі тұрғысынан бағалауы қажет.

Дәлелдеме егер ол қылмысты іс бойынша дәлелдеу затымен байланысты, яғни ҚДЖК 125-бабында тізілген жағдаяттарға қатысты нақты ақпараттар болса, іске қатысы бар деп есептеледі.

Болу мүмкіндігі (допустимость) — бұл дәлелдеменің оны нақты мәліметтер көзінің заңдылығы көзқарасынан және сондай-ақ бұл ақпараттарды қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген тәртіпте алу тәсілдері ретінде сипаттайтын белгісі.

Болу мүмкіндігі дәлелдеменің қасиеті ретінде өзіне төрт өлшемді (критерий) енгізеді:

1. Дәлелдеме алуға бағытталған, іс жүргізу амалдарын жүргізуге құқықты тиісті субъекті.
2. Дәлелдемелердің мазмұнын құрастыратын нақты мәліметтердің (ақпараттар, хабарламалар) тиісті көзі.
3. Дәлелдемелер алу үшін пайдаланылатын тиісті іс жүргізу амалдары.
4. Дәлелдемелер алу құралы ретінде пайдаланылатын іс жүргізу амалдарының тәртібі.

Тиісті емес субъектінің тиісті емес көзден немесе тиісті емес тергеу іс-әрекетімен алған дәлелдемелері жол берілмейтін, заңды күші жоқ дәлелдемелер ретінде бағаланады. Қорғаушы дәлелдеменің дұрыстығын мынадай жолдармен бағалай алады:

- а) ақпарат көзін оған сенуге бола ма деген зерттеу;
- б) бұл көздің хабарлайтын нақты ақпараттарының мазмұнын талдау және одан іштей қарама-қайшылықты анықтау;
- в) қарама-қайшылықтар бар-жоғын анықтау мақсатында бір көздің нақты деректерін өзге көздердің нақты деректерімен салыстыру;
- г) бұл қарама-қайшылықтардың себептерін анықтау және оларды жою үшін шаралар қолдану.

Қылмыстық істің материалдарын зерделеу — көркем әдебиет оқу емес. Ол қорғаушының негізгі материалдарды бекіту жөніндегі мұқият та табанды еңбегін талап етеді. Адвокат осы мақсаттарда құжатнама (досье) (адвокаттық іс жүргізу) құрастырады. Адвокаттық іс жүргізу өзіне қорғаушыға қатысты іс құжаттарының көшірмелері немесе үзінділерін, және сондай –ақ адвокаттың қылмыстық іспен жұмыс істеуі барысында, сот мәжілісіне әзірленуде, кәсіби міндеттерін тиісті түрде атқару үшін соттық анықтау барысындағы жұмыс жазбаларын енгізеді. Адвокат адвокаттық құжатнаманы іске жіберілген сәтінен бастап, іс бойынша өз өкілеттігін аяқтағанға дейін жүргізеді. Онда қорғаушының істің барлық материалдарымен танысу және одан кез келген көлемдегі, кез келген мәліметтерді жазып алу құқығы жүзеге асырылады. Іс жүргізуді құрастырарда кейбір техникалық ережелерді сақтау ұсынылады:

- жазбаларды парақтың тек бір ғана жағына жасау;
- әр парақтың жиегінен сот мәжілісіне дайындаларда тиісті белгілер, қысқа жазбалар жасайтындай орын қалдыру;
- әр құжатта барлық бастапқы мәліметтер; құжаттың аты, оны кім, қашан және қай жерде құрастырғаны; бұл тергеушілік немесе процессуалдық әрекетке кім қатысты, құжаттың мазмұны қандай, қандай процессуалдық бұзушылықтар бар, бұл құжат (істің томы мен парақтары) қайда. Мұндай жазба ережеге сай, істі зерделеу барысында енді бұл құжатқа қайтып оралмауға мүмкіндік береді.

Қорғаушы істің материалдарын зерделегеннен кейін және тиісті жазбаларды жасағаннан соң қылмыстық іс бойынша нақты және құқықтық бағытты жасауға кіріседі. Адвокат нақты бағытты істе бар дәлелдемелерді талдау, бағалау және тексеру негізінде жасап шығарады. Бұл оған айыптаудың қандай көрінісі бойынша бар, қандайы бойынша жоқ екенін, ана не мына айыптаудың қандай дәлелдемелерге негізделетінін, бұл дәлелдемелердің қайсы жалған, қарама-қайшы, болу мүмкін белгісіне ие еместігін анықтауына мүмкіндік беерді.

Қорғаушы іс бойынша құқықтық бағытты алдын ала жасауы үшін заң шығаратын материалға (ҚР ҚК, ҚР ҚІЖК) ҚР Жоғарғы соты Пленумының жетекші түсініктемелеріне және сондай-ақ ҚР Жоғарғы сотының соттық практикасына жүгінуі қажет. Бұдан кейін адвокат соотталушымен кездесуге тиісті. Мұндай сұхбат (ол жалғыз ғана емес шығар) клиенттен:

- 1) сот мәжілісіне қорғайтын нақты және құқықтық бағытын келісу;
- 2) қорғалушыдан істе ана не мына себептермен болмай қалған қосымша дәлелдемелер барлығын білу;
- 3) сот мәжілісіне қандай колдаухаттар әзірлеу және мәлім ету мақсатқа сай болатындығын талқылау;

4) қорғанушыға оның сот мәжілісіндегі құқықтары мен міндеттерін ыждаһаттылықпен түсіндіру;

5) соттағы қорғау тактикасын белгілеу мақсатында жасалады.

Қорғаушы өзінің қорғалушысымен тағылған айып бойынша нақты бағытты келісерде, қандай жағдаяттарда болмасын қорғалушысының бағытынан алшақ кетпеу керек және өйте алмайды. Егер ол өзіне кінә ретінде тағылған қылмыстық іс-әрекеттерді жоққа шығарса, қорғаушы оларды дәлелдеген деп мойындай алмайды. Қорғаушы қорғалушыны оған қандай да болмасын орайлы сылтау болмасын, егер ол кінәні жоққа шығаратын болса, өз кінәсін мойындауға қарай бағыттай алмайды және өйтпеуі керек. Қорғаушы өз клиентімен сөйлескенде қорғалушы сот мәжілісінде қандай көрсетінділер берілуін немесе оларды беруден бас тартуды белгілеуге құқықты емес. Бұл шешімді клиент өз алдына дербес қабылдауы қажет. Бірақ адвокат оған қорғалушының белгілі бір шешімінің соңы қалай болатындығын түсіндіруге міндетті. Сотталушы сотта жауап беруден бас тарту немесе алдын ала тергеуде берген өз көрсетінділерін өзгерту ол алдын ала тергеуде берген көрсетінділерін жария етуге киліктіретінін білуі тиіс. Оның үстіне сот үкім шығарғанда бұл көрсетінділерге сілтеме жасаға құқығы бар. Клиентпен әсіресе сотталушы алғаш рет қылмысты жауапкершілікке тартылған жағдайларда сотта қараудың шарасын, оған қатысушылар ауқымын, олардың құқықтық жағдаятын түсіндіру маңызы болып табылады.

Сот мәжілісіндегі қорғаудың әдістемесі мен тактикасын жасағанда қорғаушы мына мәселелерді анықтап алғаны абзал:

- шақырылған тұлғалардың қайсыбірі жоқ болғанда істі қарау мүмкін бе;
- қылмысты іс материалдарын зерделеуді кімнен және неден бастау керек;
- дәлелдемелерді зерттеу барысында кімге, қашан, және қандай сауалдар қою қажет;
- қолдаухаттар мәлімдеу керек пе, егер олай болса, сотта қараудың қай сатысында қандай қолдаухаттар мәлімденуі тиісті.

Сот мәжілісінде адвокат сотта қарауға қатысушылардың бірі ретінде дәлелдемелер ұсынуға, дәлелдемелерді зерделеуге және қолдаухаттарды мәлімдеуге қатысуға бірдей құқықтарын пайдаланады. Оның үстіне қорғаушы қорғауға бапты жағдай туындататын құралдарды пайдалануға тиісті (сотталушы төрағалық етушінің рұқсатымен соттық тергеудің кез келген сәтінде жауап бере алады, ол қорғаудың жаңа болжауын ұсынуға құқықты, қорғаушының өз қорғаушысынан сотта қарауға қатысушылардың ең соңынан жауап алу құқығы, қорғаушының соттағы жарыссөздерде ең соңынан сөйлеу құқығы бар). Сот мәжілісінің әзірлік бөлігінде адвокат өз назарын және

талпыныстарын сот құрамының заңдылығына шоғырландырады. Соттардың істің қалай аяқталуына тікелей немесе жанама жағдайда мүдделі екендігіне куәлік ететін деректер болған жағдайда қорғаушы оларға қарсылық білдіреді. Мұнымен қоса, қорғаушы прокурорға, сот мәжілісінің хатшысына, аудармашыға, маманға, сарапшыға қарсылық білідруге құқықты.

Қорғау үшін шақырылған тұлғалар: жәбірленушінің, куәгерлердің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің, сарапшының, аудармашының сотқа келгендіктерін тексерудің айтарлықтай маңызы бар. Қорғаушы соттың назарын белгілі бір тұлғаның келмеу себебін нақты анықтауға аударады, өйткені бұл жағдаят соттық тергеу барысындағы дәлелдемелерді зерттеу тәртібіне айтарлықтай әсерін тигізуі мүмкін. Сот куәгерлердің, жәбірленушілердің алдын ала тергеуде берген жауаптарын олар сот мәжілісінде олардың келуіне мүмкіндік болмаған жағдайда ғана жария етуге құқықты.

Қорғаушы соттағы тексерістің әзірлік бөлігінде әркілы кепілдік мәлімдеуге, оның ішінде: жаңа куәгерлер, сарапшылар, мамандар шақыру туралы; заттай дәлелдемелер мен құжаттарды талап етуге; бұлтартпау шараларын өзгертуге, істі тексеруден жіберуге болмайтын дәлелдемелерді шығаруға; істі қосымша тергеу өндірісі үшін бағыттауға жіберуге; сотта сараптаманы тағайындауға және іске асыруға құқығы бар.

Қорғаушының кез келген кепілдігі қорғалушымен атастырылуы, келісілуі, және ең бастысы оның жағдайын қиындатпай, оған тек пайда әкелгені жөн. Қолдаухатты дер кезінде мәлім ету тактикалық тұрғыдан алғанда өте маңызды. Мәселен, сотта іс қараудың дайындық бөлімінде алдын ала тергеудің толық болмауына байланысты істі қосымша қарау өндірісі үшін істі бағыттау туралы өтінішті мәлімдеу ертерек болар, өйткені сот дәлелдемелерді зерттеуге кіріскен жоқ, сондықтан қорғаушыға бұл өтінішті қанағаттандырудан бас тартады. Әрине, бұл оған сот тергеуі барысында осы өтінішті қайталауға кедергі болмайды. Бірақ, мұндай іс-әрекеттер қорғаудың пайдасына аса қояр ма екен?

Соттағы қорғауды жүзеге асыру тактикасында істегі материалдарды зерттеуді кімнен және неден бастау керектігі жайлы мәселенің маңызы ерекше болады. Сондықтан қорғаушы соттағы қорғауды орнықтырғанда бұл мәселені терең ойлануы қажет және дәлелдемелерді зерттеу тәртібін орнатқанда сотқа өзінің дәлелді пікірін айтқаны жөн. Ол мемлекеттік айыптаушының пікірімен орайлас келмеуі мүмкін және де қорғаушының міндеті өз ұсынысын қорғап алуда жатыр.

Сот тергеуі барысында қорғаушы бір жағынан іс бойынша жиналған дәлелдемелерді зерттеуге: куәгерлерден, жәбірленушіден, сотталушыдан жауап алуға, оқиға орнын, құжаттарды, заттай дәлелдемелерді тексеруге,

сараптама тағайындалғанда және жүргізілгенде белсенді түрде қатысуы керек, ал екінші жағынан сотқа өз қорғаушысының пайдасына жаңа дәлелдемелер ұсынуы қажет.

Адвокаттың соттағы істі қараудағы ауқымды да күрделі жұмысын соттық жарыссөздерге қатысы аяқтайды.

§ 3. Процеске қатысушылардан жауап алуды жүргізу тактикасы. Соттағы жарыссөздерге дайындалу

Әдетте сотта сотталушылардан, куәгерлерден, жәбірленушілерден, сарапшылардың олар айыптау қорытындысына қоса тіркелген тізімде қалай аталса, сол тәртіпте жауап алады. Бірақ кейде соттың көзін басқаша тәртіпті таңдауға жеткізген пайдалы болады.

Мысалы, көп көріністі істер бойынша көріністерге орай жауап алу мақсатқа сай келеді.

Жауап алу — тергеу-сот талқылауының ең маңызды буыны; тергеудің көмегімен дәлелдемелер тексеріледі, фактілер анықталады.

Кез келген жауап алудың мақсаты — ақиқатты анықтау. Адвокат жүргізетін жауап алуда бір жақты ғана сипат бар, адвокат айыптауды теріске шығаратын немесе қорғалушының жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайды ғана анықтайды. Жауап алудың бір жақты сипатта болуы адвокат ақиқатты бұрмалауы мүмкін деген сөз емес. Соттағы жауап алу істің материалдарын білуді, адам психологиясын терең түсінуді, сабырлылықты, табандылықты және принциптілікті талап етеді.

Соттағы жауап алудың мынадай негізгі ережелерін тұжырымдауға болады.

1. Жауап алу кезінде анықтауға жататын фактілер мен мән-жайлар ауқымын айқын белгілеу. Жауап алу адвокат бұл тұлғадан дәл нені анықтауы керектігін білгенде ғана мақсатына жете алады. Анықтауға жататын фактілер мен мән-жайлар ауқымын адвокат іске дайындалу барысында және қорғаудың бағытын нақтылау кезінде анықтайды. Ойластырылған бағыттың жоқтығы адвокатты бұл тұлғаны тергеу кезінде нақты қандай фактілер мен мән-жайларды анықтау қажеттігін орнықтыру мүмкіндігінен айырады. Әрине, іске әзірлікте алдын аларлық сипатта болады. Соттық тергеу барысында жаңа фактілер мен мән-жайлар айқындалуы мүмкін. Тергеу кезінде адвокат мұны ескергені жөн.

2. Қорғау үшін ғана қажетті сұрақтар қою. Сотталушыны ақтауды немесе оның жауапкершілігін жеңілдетуді мақсат етпейтін сұрақтардың болғаны — артық.

Мысал ретінде келтірілген Сергеевтен жауап алғанда берілген сегіз сұрақтың жетеуі артық, өйткені олар қорғауды жүзеге асыруға қажетті мән-жайларды анықтаған жоқ.

Артық сұрақтар қорғауға кедергі жасайды. Олар сотқа адвокаттың нені дәлелдегісі келетіндігін түсінуін қиындатады. Бірақ кейде артық сауалдар қорғалушының жағдайын қиындататын мән-жайларды анықтайды, сөйтіп адвокат қорғаушыдан айыптаушыға айналады.

Сонымен қатар, кейбір адвокаттар артық сұрақтар бермеуге тырысып, түбегейлі сауалдар бермейді. Қайсыбір жағдайларда түбегейлі сауал тұлғаны судьялар, прокурорлар және іс жүргізуге өзге де қатысушылардың қайта жауаптауына байланысты туындайды. Тәжірибесіз адвокаттар жауап алудың кемшін жерлерін олар тергеуге толықтыруларда орнын толтырамыз деп пайымдай, жауап алуды ыңғайсыз деп есептейді.

Адвокат жауап айқын болмағанда, немесе тура болмаса, немесе нақты болмаса, нақтылайтын әйтпесе қайталанған сұрақтар беруге міндетті.

3. Сұрақтардың жүйелілігі. Дұрыс жауап алу үшін жауап алу логикасының, яғни сұрақтардың белгілі бір жүйелілігін қадағалаудың айтарлықтай маңызы бар. Дүмбілез жауап алу жауаптарды игеруді қиындатады, жауап берушіні жаңылдырады, оған қорғаудың дәлелдемелері «батып кетеді».

Жауап алу жүйелі болу үшін адвокатқа істі тыңдауға дейін құрылған тергеу жоспары көп пайда көрсете алады. Жоспар қандай болса да, ол қашанда алдын ала жасалған болады. Соттық тергеу кезінде жоспарды түзетуге: толықтыруға, қысқартуға, өзгертуге тура келеді, сұрақтардың әлдебір бөлігін адвокатқа дейін судьялар мен прокурор анықтауы мүмкін. Бірақ, қосымша сұрақтарды талап ететін жаңа да жағдаяттар орындауы кәдік.

Адвокат жоспарды сот және прокурор жүргізетін тергеу кезінде түзейді. Егер жауап алу жоспары алдын ала жасалмаса, оны сотта, судьялар мен прокурор тергеу жүргізген кезде құрастыруға болады.

Сұрақтар көп болғанда, оларды нөмірлеген пайдалы. Әйтпесе жүйелі тергеу жүргізу қиынға соғады. Жауап алудың қатаң жүйелілігі әдетте куәгерлерге істің нақты жағдаяттарын еске түсіруге, көрсетінділердегі қателіктерден алшақ болуға көмектеседі.

Кейде сұрақ ол қажет болса да, іске қатысы жоқ, артық болып көрінуі мүмкін. Мұндай жағдай адвокат «сұрақтар тармағы» деп айтуға болатын өзара қисынды түрде байланысқан жүйелі сұрақтар қатарын бергенде туындайды. Олар бірте-бірте, байқаусыз жағдайға маңызды сауалдарға айна-

латын сырттай елеусіз сұрақтардан тұрады. «сұрақтар тармағымен» жауап алу шешуші аса маңызды дәлелдемені алу үшін жүргізіледі. Мұндай жауап алудың артықшылығы алынған жауаптардың бірте-бірте және жан-жақты жауап дайындайтындығында жатыр. Шешуші жауап алынғанға дейін ол көзге көрінбей және залда бекитін сияқты, ол ендігі сезіледі, қажет бола бастайды, оқиғалар қисындамасымен тудырылады, бұрынға жауаптарда жария етілген болады.

4. Сұрақтардың дер кезінде қойылуы. Соттың сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігіне көз жеткізуі сот талқылауының барысында қалыптасады. Сұрақтардың дер кезінде қойылуының маңызды мағынасы болатындығы, міне, осыдан. Дер кезінде қойылған сұрақ сотқа істе дұрыс бағыт ұстануға, дәлелдемелерді дұрыс бағалауға көмектеседі.

Егер сұрақ уақтылы қойылмаса, адвокат оны ұмытуы мүмкін, сұрақ қойылуы қажетті тұлға сот залынан кетіп қалуы кәдік.

5. Сұрақтардың анықтығы — тергеудегі қажетті талап. Анық сұрақ жауап берушіге одан не сұрайтындығын және оған нақты жауап беруіне мүмкіндік береді. Сұрақ елдің бәріне — жауап алынушыға, судьяларға, прокурорға, өзге адвокаттарға да түсінікті болуы міндетті. Сұрақтың анықтығына ең алдымен оның жай ғана және түсінікті берілуі арқылы қол жеткізіледі.

6. Сұрақтардың қысқалығы. Сұрақ анық қана емес, қысқа да нұсқа болғаны абзал. Өкініштісі, адвокат кішкене ғана сөз сөйлеген болады да, оны көбінесе сұрақ деп атайды.

7. Жетекші сұрақтарға жол берілмеуі. Жетекші сұрақтар — жауабы бар немесе біреудің сыбырлап айтатын, жауап жасырын жатқан сауалдар. Сілтеме сұрақтарға заңмен тікелей тыйым салынған. Сілтеме сұрақтың зияндығын атап өткен жөн: ол кез келген жауапты құнсыздандыруы мүмкін.

Шындығында, жауап сауалдың өзінде айтылып қойса, онда не құн қалады? Кейде сот керекті сұрақты осындай түрде берілгендіктен алып тастайды.

8. Сұрақтың әдептілігі. Сұрақ кез келген тұлғаға сыпайы түрде берілуі қажет. Бұл — дау туғызбайтын талап. Ешқандай жағдайда дөрекілікке — дөрекілікпен, анайылыққа — анайылықпен жауап беруге болмайды.

Кейде куәгер немесе сотталушы жауаптан тайсақтайды, жөнімен жауап бермейді. Мұндай жағдайда табандылық (бірақ кейімей) көрсету керек. Егер тұлға жауап беруден әдейі жалтаратын болғандығы анықталса, онда сотқа куәгердің жауап беру міндеттілігін түсіндіруді сұрап жүгінген дұрыс. Ондайда сұрақты жауап алынушы тек мәнімен жауап бере алатындай етіп жинақтау қажет.

Адвокат қашанда жауапталушымен психологиялық жанасуға ұмтылуы қажет. Әрине, бұл егер жауап алу сыпайы және әдепті түрде жүргізілгенде ғана мүмкін болады.

Жауап алудың әдептілігіне дауыстың тиісті ырғағы да орайлы келеді. Қандай болмасын «қолдан жасалған» ырғаққа жол берілмейді. Сот алдында тұрған адам адвокат дауысының ырғақтарын сезімталдықпен қабылдайды және оларға ширақ жауап қайтырады. Дөрекі, күйгелектік және сұмпайы үн де бір деңгейде залалды.

Кейде адвокат сұрақтарды бір ырғақты дауыспен, әр сөзін соза отырып береді. Қашанда бұдан бойды аулақ салған жөн. Сонда жауап алу сабырлы және іскерлік деңгейде өтетін болады. Айтылған сөз сұраққа эмоционалдық бояу керектігі жоқ дегенді білдірмейді. Бірғақпен сауалдың маңыздылығын, жекелеген сөздерді бөліп «астын сызуға» болады.

Жауап алудың әдептілігіне адвокаттың жауапталушыға қатысты тәртібі де жатады. Адвокат жауапталушыға қандай болмасын ескертпелер жасауға, ол жалған айтып отыр, өзін дұрыс ұстамайды деуге және т. б. құқықты емес.

Тек төрағалық етуші ғана ескертпелер жасауға құқықты. Адвокат болса сөздегі көрсетінділерге баға беруге тиісті.

Егер жауап алынушыға әлде бір жағдайды көрсету қажет болса, адвокат бұл туралы төрағалық етушіден, мысалы жауап алынушыға негізі бойынша жауап беру қажеттігін, дөрекілік көрсетпеуін және басқа да әрекет жасамауын сұрай алады.

Жауап алынушыға қатысты әдептілік берілген сұраққа қайтарылған жауапты аяғына дейін тыңдай білуде де жатыр. Сұраққа берілген жауапты аяғына дейін тыңдау да әрдайым оңай емес. Кейде жауап жөнімен берілмейді, кейде оның созылғандығы сондай, тіпті адвокаттың жауап берушіні тоқтатқысы келеді. Сөйтседағы, аяғына дейін тыңдаған абзал. Егер сот жауапты бөлмесе, адвокат та былай жасамауы керек. Соттың алдында әрқилы адамдар тұратындығын ұмытпау қажет — біреулері қысқа да нұсқа және айқын жауап бере алады, екіншілері — қажетсіз жағдаяттарды айтпайынша, қажеттігі жете алмай қояды. Содан адвокат жауап беруді үзгенінде жауап алынушыны тек кідіріске ұшыратады.

9. Тым артық тәптіштеудің қажетсіздігі. Іс жүзінде адвокаттың іс мән-жайларын іскерлікпен анықтаудың орнына, жауап алынушының әлдебір жағдайда қапелімде ұмытқанын пайдаланып, оны «әшкерелей» бастайды. Көбіне мұндай «әшкерелеу» қорғауға қарсы шығып та жатады.

Әрине, көрсетінділердің шын екендігін анықтау үшін адвокат көрсетінділерді майда-шүйделеріне дейін тексеруге мәжбүр болатын жағдайлар да кездеседі. Бірақ, бұл мүлде басқа жағдаят.

10. Қанағатшылық сезімді сақтау. Тергеу барысындағы табандылық — қорғаушының қажетті қасиеті. Адвокат сонымен қатар қанағат сезімі жайлы есінде сақтауы керек.

Мысалы, қорғаушы мүдделері үшін адвокат маңызды факт анықтады делік. Бес куәгер бұл фактіні растады делік. Сонда ол жайында қалған он куәгерден жауап алу мақсатқа сай келе ме?

Кейбір адвокаттар алынған жауапты қайталағанды ұнатады. Кейде адвокат жауап алынушының айтқанының бәрін сөзбе-сөз қайталайды. Бұл, әрине, адвокат кейде жауапты қайталай алмайды дегендік емес. Қорғаушы процеске қатысушылар жауапты игермегенін, ал оның айтарлықтай маңызы барлығын сезінгенде, жауапты қайталауға болады және қайталау қажет.

Сотта тергеу жүргізудегі ұстанылуы керекті негізгі ережелер осындай. Жауап алудың қандай тұлға тергеліп жатқанына тәуелсіз қолданылатын тергеудің жалпы ережелерімен қатар, кім тергеуге түскеніне байланысты қолданылатын жауап алу тәсілдері бар. Бұл тәсілдерді жауап алудың тактикасы деп атауға болады.

Жауап алудың тактикасын әзірлеу барысында жауап алынушы тұлғаның процессуалдық жағдайын, оның адал ниеттілігін және оның психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек.

Қуәдан жауап алу. Адвокаттың қуәдан жауап алғандағы ең алдымен анықтайтыны — ол шындықты айтуға ұмтыла ма немесе жасыруға тырыса ма, ақиқатты бұрмалағысы келе ме, осыны ашу. Адал ниетті қуәдан жауап алғанда адвокат оған белгілі мән-жайлардың барлығын айтуға көмектесуге тырысады; адал ниетті емес куәгерден жауап алғандағы адвокаттың міндеті — сотқа оның көрсетінділерінің жалғандығын көрсету.

Адвокатта куәгердің адал ниеттілік дәрежесі жөнінде өзіне алдын ала пікір қалыптастыру үшін бірқатар мүмкіндіктер бар: істің материалдарын, оның ішінде осы куәнің алдын ала тергеуде берген көрсетінділерін зерделеу; қорғалушымен осы куәгер туралы әңгімелесу; куәнің сот пен прокурордың сұрақтарын берген жауаптарына талдау, куәнің берген жауаптарымен салыстыру, куәге бақылау қою, осыларға жатады.

Себеп-салдарсыз жалған жауаптар болмайтындығын есте сақтау керек. Жауаптағы қателіктің нәтижесі болуы мүмкін, бірақ ол жалған болса, яғни қасақана өтірік болса, оның негізінде қашанда қандай да бір себеп, ниет жатады.

Адвокат ең алдымен оның өтініші бойынша шақырылған куәлардан жауап алады. Қалған жағдайларда адвокат тергеуді соттар мен прокурордан кейін жүргізеді. Бұл қорғауға көрсетінділерді тыңдай келе өзінің куәнің адал ниеттілігі жөніндегі алдын ала пікірін тағы да тексеруге мүмкіндік береді.

Адвокат куәгердің көрсетінділерін тындап қана қоймайды, сонымен қатар оның тергеу кезіндегі тәртібін де байқақтап отырады. Бұл, әрине, барлық қалған мән-жайларды есепке алғандағы куәнің адал ниеттілігі дәрежесін айқындауға жәрдемдеседі. Куәнің өзін сот алдында қалай ұстайтындығының, ол сотталушыға келгенде сабырлы ма, жоқ әлде өктемшілдік көрсетсе ме, көрсетіндіні тап бір жаттап алғандай «лоқ еткізе» ме, жоқ әлде барлық жағдаяттарды еске түсіруге тырысып, ұзақ сонарға жағалата ма және басқасының бәрінің маңызы бар.

Куәгерге бақылау жүргізу үшін куәнің залға енген кезінен бастап жауап алудың қорғанысқа көшкен сәтіне дейін өткен уақыт пайдаланылады.

Қорғау үстелінің қасына отырған адвокат басын көтермей үстелге қарай берсе, немесе өзінің құжатнамасын «қазбалай» берсе, ол өзін тағы бір мүмкіндіктен — куәнің өзіне тән ерекшеліктерін түсінуден айырады.

Әдетте куәлардың басым көпшілігі — сотқа шындықты айтуға тырысатын адал ниетті жандар. Бірақ, бұл адал ниетті куәдан жауап алу оңай дегенді білдірмейді. Куә адам адал ниетті түре қателесуі, шатастыруы, көргенін дұрыс қабылдамауы, қорғаушының қателесуі, шатыстыруы, көргенін дұрыс қабылдамауы, қорғаушының сауалын жай ғана түсінбеуі, сондықтан шындықтан өзгеше жауап беруі мүмкін.

Адвокаттың адал ниетті куәдан жауап алғандығы міндеті оның ұмытып қалған жағдайларын еске түсіруге, уақытындағы, деректердегі, оқиғалардағы шатасулардан құтылуға көмектесуге саяды. Адвокат сондай-ақ сотқа куәның қабылдау қателіктерін ашуға қолғабыс жасауға тиісті.

Бірақ, адал ниетті куәдан жауапты дұрыс алу үшін, оның жеке ерекшеліктерін, мәдениеттілік деңгейін, тұлғалар, уақыты, фактілерді есте сақтау, оқиғаларды қабылдай білу және т. б. білу қажет. Бұл деректердің барлығын анықтау жауап алуды қалай дұрысырақ құру керектігін, сұрақтарды қандай түрде және реттілікте беруді, куә сұрақтарды жақсы түсіну үшін оларды «жіліктеу» керек пе, оның нені ұмытқанын есіне қалай түсіру қажет, және т.б. шешуге мүмкіндік береді.

Бірде бір тәжірибелі адвокат профессор мен үй сыпырушыдан олар фактілердің бір ауқымы жайлы куәлік етсе де, жауап алуды бірдей жүргізбейтін болады.

Куәның сот сұрақтарына жауап ретінде айтқан алғашқы сөздерінің өзі-ақ куәның мәдени дәрежесі жөнінде ой қорытуға мүмкіндік береді. Дауыс ырғағы көбінесе куәның жағдайын-ол толқып тұр ма, әлде үйреншікті емес жағдаяттан абдырады ма немесе сабырлы күйде ме, осыны анықтауға көмектеседі. Көргенді және тындағанды, түсіну қабілеттілігін қабылдауға өзге де факторлардың — ым жасау, ишарат білдіру және т. б., жауап беру жылдамдығы және т. б. маңыздары баршылық. Адвокат куәгердің жеке

ерекшеліктері туралы қорғалушымен әңгімеден және куәгердің анкеттік деректерінен өзі пікірнама қарастырады. Куәгердің алдын ала тергеудегі оның стилін сақтайтын, өз ойларын, мәдени деңгейін көрсететін өз қолымен берген көрсетінділерінің құндылығы айрықша.

Адал ниетті куәгердің жеке ерекшеліктері жайлы дұрыс көрініс жасағаннан кейін адвокатқа куәгерге оған не белгілі екендігін айтуға көмектесуге, алдын ала тергеуде жіберілген қателіктерді жөндеуге (куәгер дальтонизмнен (түс айырмаушылық), қашықтықтарды түсінбеу және машиналар жылдамдығын ұқпау, құлағы қасаң естуі және т. б. зардап шегуі кәдік) мүмкіндік алады.

Жәбірленушіден жауап алу. Жәбірленушіден жауап алудағы қорғаудың міндеті айыптау формуласын жәбірленушінің берген жауаптарымен сәйкестендіруге саяды. Егер, айталық, сотталушы қарақшылықпен айыпталса, ал ол іс жүзінде тонаушылығы үшін кінәлі болса, онда осыны жәбірленушіден жауап алудың көмегі арқылы анықтау керек.

Шынымен адасқан жәбірленушіден жауап алу едәуір қиынырақ соғады. Бұл — есіне түсіруге көмектесе жеткілікті адал көңілді куәның адасуы емес. Жәбірленуші психологиялық тұрғыда өз әрекеттерімен, жауапкершілікке тарту жөніндегі арызымен, осы арызға орай болған іспен, ал кейде сотталушының қамауға алынуымен жалғас тапқан мән-жайлармен байланысты. Өз қателігін мойындау — яғни сотталушымен болғанның барлығына деген моральдық жауапкершілікті өзіне алу деген сөз. Сондықтан, адал көңілмен адасқан жәбірленушіден жауап алғанда ерекше инабат, адамды өзіне тарта білу, ашуландырмау, қателік зардаптарымен қорқытпау қажет, қайта қателігін түсінуге көмектескен абзал.

Қорғалушыдан жауап алу. Қорғалушы — адвокаттың істің барлық мәселелері бойынша және ол сотта көрсетулер бергенге дейін сөйлесуге құқығы бар жауап алынатын бірден-бір тұлға. Яғни, адвокат өз қорғалушысының бағытын, оның әрбір дәлелдемені бағалауын біледі деген сөз. Бұл жауап алуға дайындықты айтарлықтай жеңілдетеді. Қорғалушыдан жауап алу кешінде, ол кінәні теріске шығарған жағдайда шындығында қандай оқиғалар орын алғанын, сотталушының не істегенін, не айтқанын, не істемегенін, не айтпағанын анықтау маңызды. Қорғалушы жалған деп қарастыратын жауаптардың мән-жайларын, себептерін анықтау қажет. Қорғалушы кінәні мойындаған жағдайда, одан жауапкершілікті жұмсартатын, жеңілдететін барлық мән-жайларды, оның қылмыстағы рөлін, қылмыс жасау себептері мен шарттарын айқындау керек. Адвокат барлық жағдайларда да қорғалушыдан өмір жағдайын, оның отбасылық ахуалын, оның және отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайын және т. б. анықтайды.

Өзге соттаушыларды тергеу. Өзге соттаушыларды — қоса айыптаушыларды тергеудің тактикасы бәрінен бұрын қоса айыпталушылардың мүдделері қорғалушының мүдделерімен сабақтас па, жоқ па, алдымен соған тәуелді. Сабақтас мүдделер болған жағдайда айыпталушы әдетте өзге сотталушының көрсетінділерін растайды. Бірақ қажет болса, мұндай айыпталушыдан жауап алудың керегі жоқ. Оның да адвокаты бар, сол адвокат өз қорғалушысынан қашан және не жайында сұрау керектігін де өзі біледі.

Егер сотталушылардың мүдделері қарама-қайшы, ал олардың берген әрқилы болып келсе, айыпталушыны тек даулы мәселелер бойынша тергеген жөн болады. Қорғалушыға қатысы жоқ мән-жайларды анықтаймын деп жауап алудың ауқымын кеңейтудің қажеті жоқ. Бұл адвокаттың емес, айыпталушының міндеті. Қорғау үстелінің жанында сөз талқысының туындауына: бір адвокат бір сотталушыны, екіншісі — басқа сотталушыны кінәлауына жол беруге болмайды. Нәтижесінде екі сотталушының қорғауына да нұқсан келеді.

Кез келген тұлғаны тергеудегідей, қоса айыпталушының тергеуі алдында оның психологиялық бейнесін, ақыл-ой қалпын, түсінгіштік дәрежесін, мінезін және т. б. анықтаған пайдалы болады.

Сарапшыдан жауап алу. Сарапшыдан жауап алудың өзіндік ерекшеліктерінің бірі мынада: оған істе қалған мәселелер бойынша ауызша ғана емес, сондай-ақ жазбаша да сауалдар қоюға болады. Дұрыс қойылған жазбаша сұрақ судьяларға іс бойынша жөн пікір қалыптастыруға көмектеседі.

Жазбаша сұрақ ауызша сұрақтың анықтылығы мен нақтылығын сақтай отырып, одан ұзындау болуы мүмкін және өзінде істің парақтарын сілтеме жасаған қорғаудың жағдаяттары мен қисындыларының қысқаша мазмұндамасын ұсынуы мүмкін.

Сарапшыдан ауызша жауап алуды сарапшыға нақты құжаттарды, олар бар істің парағы мен томын көрсете отырып жүзеге асырған жөн болады. Кейде адвокат сарапшыға маңызды сұрақтарды бірінен соң бірін береді. Бірақ сот ондайда құжаттарды қарамаса, жауаптардың бәрін қадағалауға мүмкіндігі келмейді.

Қорғаушыға соттағы жарыссөздерге қатысу көпшілік алдында оған айыптаудың болжауын жан-жақты сынға алуға және сотқа қорғалушының пайдасына жарайтын барлық дәлелдерді жариялауға мүмкіндік береді. Қорғаушының жарыссөздердегі міндеті соттарда өзінің қорғалушысына орайлы сенім қалыптастыруда жатыр.

Қорғау сөзінің өзіндік құрылымы болады, және ол мынадай құрамдас бөлімдерден: кіріспе, істің нақты мән-жайларын талдау; тағылған айыптың заңгерлік жағына талдау жасау; айыпталушының тұлғасына мінездеме беру; қорытындыдан тұрады.

Сөздің кіріспе бөлімін материалдың одан әрі баяндалуы дамиды дiңгек ретiнде қарастыруға болады. Ол бiр жағдайда iстiң қоғамдық-саяси мағынасына баға беруден; екiншiсiнде — iстiң өзiндiк ерекшелiктерiн көрсетуден; үшiншiсiнде — қорғаушының бағытын негiздеуге жалпы ұсыныстарды баяндаудан; төртiншiсiнде — прокурорға iс бойынша оның бағытына қарсылық бiлдiруден, бесiншiсiнде — сотталушының тұлғасына мiнездеме беруден басталуы мүмкiн. Сөздің бұл бөлімі тым ауқымды болмауы керек.

Қорғаушылық сөздің ең жауапты бөлімі тым iстiң мән-жайларын қорғау бағытынан баяндау және сот мәжiлiсiнде зерттелген барлық дәлелдемелердi талдау болып табылады. Талдау әдетте әрбiр дәлелдемеге қорғау бағытынан сыни тұрғыда баға беруден басталады. Бұдан кейiн барлық зерттелген дәлелдемелер жиынтығында, олардың өзара байланысы барлығына немесе жоқтығына назар аударатыны көрсету қажет.

Қорғаушының сөзiндегi маңызды орынды қорғалушы жасаған iс-әрекетке құқықтық тұрғыдан баға беру, бұл әрекеттiң немесе әрекетсiздiктiң құқықтық бiлiктiлiгiне талдау жасау алады. Мұны қорғалушыға тағылған қылмыс құрамының барлық элементтерiн жан-жақты қарастыру жолымен жасауға болады. Бұл бөлімдегi сөздің сенiмдiлiгi адвокаттың нормативтік актiлердi, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жетекшi түсiнiктемелерiн, нақты қылмыстық iстер бойынша мысалдарда пайдаланудан туындайды.

Қорғалушының жеке тұлғасын сипаттай келiп, адвокат оны шын мәнiнде қандай екенiн: оның барлық он және терiс қылықтарын, оның күнделiктi қажеттiлiктерi мен рухани талаптарын, отбасындағы және қоғамдағы рет-тәртібiн, адамдар арасындағы және ар-ұятымен жеке қалғандағы қылықтарын суреттей келiп көрсетуге мiндеттi. Қорғаушы сотталушының әлеуметтік-психологиялық ауытқушылықтардың барлығына; денсаулық жағдайына; жауапкершiлiктi азайтатын мән-жайларға назар аударуға мiндеттi.

Қорғаушы сөзiнiң қорытындылаушы бөлігiнде өз дәлелдерiн қорытындылағандай болады және қылмысты iс бойынша шешiлуге тиiстi мәселелерге деген қатынасын белгiлейдi. Адвокат соттан не сұрайтындығын: егер сотталушының кiнәсi қойылмаса, оны ақтауды; оған жазаның барынша аз мерзiмiн тағайындауды; шартты түрде соттауды және т. б. белгiлеудi нақты да айқын айтуға тиiстi. Баламалық, яғни екiжақтылыққа, қорғаушының аяққы бағытын жария еткендiгi белгiсiздiкке жол берiлмейдi. Мысалы, адвокат өз сөзiнде соттан қорғалушысының кiнәсi дәлелденгендiктен оны ақтауды сұрайды. Ал сонсоң егер сот бұл пікірмен келiспесе, ол онда қорғалушыдан айыптаудың бiрнеше эпизодтарын алып тастап оны айыптау ауқымын азайтудан үмiттенетiнiн айтып сотқа өтiнiш жасайды. Егер сот бұл бағытпен де келiспесе, онда ол айыпталушының әрекеттерiн қатаңдығы төмендеу заң-

мен бағалап және оған төмендеу жаза тағайындауды өтінеді. Іс жүзінде баламаның мұндай формасы қорғаудың бүкіл жүйесін жоққа шығарғандай болады және мұндай тәсілге баратын авторға деген сенімді азайтады, яғни ол тек қана пайдасыз емес, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде қорғауға зиянын да тигізеді. Адвокаттың қорғаушылық сөзіне деген ерекше талаптар олардың ойынша бірнеше қорғаушылар қатысатын, ал сотталушылардың мүдделері қарама-қайшы келетін топтық (топтама) істерге сай қойылады. Кейде бұл мәселе қақтығыс сипатына ие болады да, аяққы қорытындыда белгілі бір адвокаттың бағытына ғана емес, сонымен қатар қылмысты іс бойынша қорғаудың бағытына түгелдей кері әсер етеді. Коллизиялық қорғаныс кезінде әрбір адвокат қорғаудың айыптаушылық әрекеттерін шын жүзінде қажетті минимуммен шектеуге тырысады.

Қорғаушы үшін міндетті әдептілік сезімі оның келтіруіне мәжбүр еткен дәлелдер (өзге соттаушыға қарсы) айыптау сөзіне айналып кетуден сақтандыруы қажет. Сондай-ақ қорғаушылар әділетсіз және біржақты айыпталушыларға айналғаны, өз айыпталушысынан кінәні қайткен күнде өзге сотталушыға аударуға тырысуы немесе кінәні басқалардың жауапкершілігін ауырлату арқылы ұмтылуы да төзбейтін мән-жайлар.

Адвокаттың алғашқы сатыдағы сотта жұмыс істеуі, сотталушыны қорғауды жүргізуді қорғау сөзін айтумен аяқталмайды. Қорғаушының кәсіби парызы оны сот мәжілісінің хаттамасын зерттеуді (сотталушымен бірге де болуы мүмкін) міндеттейді және қажет болса оған тиісті ескертпелер жасайды. Бұл жұмысты сот талдауына қатысқан адвокаттан басқа өзге қорғаушы орындай алмайды. Хаттамамен танысу уақытын өткізіп алмас үшін адвокат сотқа жазбаша өтініш жасап, одан сот мәжілісінің хаттамасын жасайтын күн туралы және онымен танысуға нақты мүмкіндік беруін сұрайды.

Сот мәжілісі хаттамасын зерделеуде және оған өз ескертпелерін айтарда, адвокат қылмысты істі ғана емес, сондай-ақ өзінің құжатнамасын да, сот тексеруі кезіндегі өз жазбаларын (диктофондық жазбалар болуы да мүмкін) да пайдаланады. Қорғаушының сот мәжілісі хаттамасына ескертпелерін қылмыстық іс бойынша тәрағалық етуші қарастырады, ол қажет болған жағдайларда ескертпелер берген тұлғаларды шақыруға құқығы бар. Қорғаушы өз ескертпелерін қорғап қалу үшін мұндай мүмкіндікті пайдаланбай тұра алмайды. Осы мақсатпен ол хаттамаға ескертпелерінде талқыларды сот мәжілісіне өзін шақыру жайлы өтініш білдіреді.

Ескертулерді қарастырудың нәтижелері жөнінде судья олардың дұрыстығы немесе қабыл алынбауы жөнінде дәйектелген қаулы шығарады. Үкім жариялағаннан кейін адвокат қорғалушымен кездесуге (тікелей сот мәжілісінің заңында немесе оның күзет асында ұсталған жерінде) және жарияланған үкімге кассациялық шағым беру қажеттілігі жөніндегі мәселені шешуге

міндетті. Қорғаушыдан бас тарту сот үшін міндетті болмаған жағдайларда өйтілмейді.

Сотталушының үкімге қарсы шығудан бас тартқан жағдайында қорғалушыға өз шешімін жазбаша реттеп және бұл өтінішті өзінің адвокаттық өндірісіне қосуы мүмкін. Бұл сотталушы ілгеріде өз шешімін өзгерте алмайды және үкімге қарсылық көрсетпейді дегенді білдірмейді. Бірақ бұл тұрғыда адвокатқа өзінің кәсіби борышын орындамадың деп кінә тағуға болмайды.

Егер сотталушы үкімге қарсылық жөніндегі ойын білдірсе, қорғаушы оған апелляциялық шағым жазуына немесе оның өтініші бойынша шағымды өз атынан жазуға міндеттейді.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Сот жарыссөзі деген не, сот жарыссөзіндегі қорғаушы, өкіл сөздерінің құрылымы мен мазмұны қандай болуы керке?
2. Қылмыстық іс бойынша бірінші сот сатысындағы адвокаттың рөлі.
3. Апелляциялық шағымның ерекшеліктері және қылмыстық іс бойынша екінші сот сатысындағы адвокаттың рөлі.
4. Қылмыстық іс бойынша соттық қадағалау тәртібіндегі адвокаттың іс жүргізу ерекшеліктері.
5. Қылмыстық іс бойынша адвокаттың сот мәжілісінің хаттамасымен жұмыс істеуі.

6-ТАРАУ

АДВОКАТТЫҢ КӘСІПТІК ЭТИКАСЫ

§ 1. Адвокат мінез-құлқының кәсіптік нормалары ұғымы мен мәні

Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заң бұзушылықты жою мен құқықтық тәртіпті нығайтуға көмектесу адвокаттың кәсіптік міндеті мен жоғары адамгершілік борышы болып табылады. Осыған байланысты, адвокаттық кәсіп қолданыстағы заңнамалардың белгілі бір талаптарын нақты және бұлжытпай орындалуын, адвокат мінез-құлқының кәсіптік нормалардың бұзылмауын, олардан заңдық көмек сұраған адамдарды қорғау үшін заңмен көзделген құралдар мен әдістерді пайдалануды талап етеді. Жеке және заңды тұлғалардың нақ білікті заң көмегін алу жөніндегі конституциялық құқықтарын қамтамасыз етілуі адвокаттың кәсіби қызметінің негізінде жатыр.

«Этика» деген термин сөз гректің «ethos» — әдет, мінез-құлық деген сөзінен шыққан. Оны алғаш рет іс жүзіндегі философияны зерттеудің ерекше саласын көрсету ретінде Аристотель енгізген, өйткені ол осы сөз арқылы біз не істеуіміз керек деген сауалға жауап іздеуге ұмтылады.

Адам ретінде адвокат кез келген этикалық ілімді, кез келген этикалық көзқарасты ұстана алады, алайда корпорация мүшесі ретінде ол үшін кәсіби құндылықтың бір ғана жүйесі, кәсіби мінез-құлықтың бір ғана қалыбының жиынтығы ғана мүмкін. Адвокат қызметінің белгілі бір аспектілері жалпы құқықтық нормалармен, әсіресе іс жүргізу кодекстерімен анықталған жағдайда таза этикалық нұсқаулар жөнінде ғана емес, сонымен бірге, шындығында адвокат үшін этикалық нормалардың бірін қалыптастыратын заң талаптарын сақтау туралы сөз қозғалады.

«Адвокаттың кәсіптік этикасы» ұғымы азаматтармен, мемлекеттік органдармен және лауазымды адамдармен, түрлі коммерциялық және қоғамдық ұйымдармен, сондай-ақ адвокатура органдарымен және әріптестерімен өзара қарым-қатынастағы мораль мен адамгершілік мәселелерінің мейілінше кең ауқымын қамтиды.

Адвокат этикасын заң этикасынан айырып қарауға болмайды, заң этикасы өз кезегінде жалпы этиканың бір бөлігі.

Адамды ең жоғары құндылық деп жария Конституция бірінші орынға оның құқықтары мен бостандықтарын ұсынады. Заңгер, оның ішіндегі адвокат кәсібі өзінің объектісі ретінде адамды ғана алған және соның мүдделерінің, құқық салаларының, жеке өмірінің және жалпы тағдырының қамын ойластырады.

Адамгершілік аспектілері мен кәсіби мәселелерді зерделеу әсіресе кейде, кейбір жерлерде бостандық барынша ерік берушілік деп қабылданатын және қоғамды тұрақсыздандыруға итермелейтін қазіргі жағдайда қоғамдық және мемлекеттік өмірді гуманизациялау бірінші дәрежелі мәнге ие болады.

Этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелерін оқып-үйрену барысында біз этика, мораль, құқық, жақсылық, жамандық, әділеттілік, борыш, ар-ұят, жауапкершілік, ар-намыс, абырой, гуманизм деген ұғымдармен жиі кездесіп отырамыз.

Мораль — қоғамдағы өмірдің барлық саласында адамдардың тәртібін, мінез-құлқын реттеу әдістерінің бірі. Мораль қағидалары барлық адамды қамтиды. Мінез-құлықтың моральдық нормалары дәстүрлерге, қоғамдық пікірлерге байланысты орындалады және оның орындалуы бүкіл қоғаммен

Құқық, моральға қарағанда қоғамдық маңызы бар мінез-құлықты реттейді. Құқықтық реттеу әдісі — мемлекеттік билікпен құрылатын құқықтық акті, ал құқықтық нормаларды сақтау мемлекеттік аппаратпен және мемлекеттің барлық күш-қуатымен қамтамасыз етіледі.

Этика — қоғамның тіршілік әрекетінің маңызды жақтары ретіндегі моральды оқып-үйрететін ғылым. Соның санаттарын қарастырамыз.

Жақсылық — уақыт рухына, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге сәйкес, адамгершілік тұрқындағы барлық жағымды жәйттерді біріктіретін этика санаты.

Жамандық — жақсылыққа қарсы нәрселерді, әрекеттерді біріктіреді.

Әділеттілік — қазіргі демократиялық қоғамның заңнамаларына енген және сот қызметіне қатысты Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясымен анықталған құқықтық тұрғыдан көрінетін этикалық және құқықтық категория. Адам құқықтары декларациясының 10-бабында ол жөнінде былай делінген: «Әрбір адам өз құқықтары мен міндеттерін белгілеу үшін және өзіне тағылған қылмыстық айыптаудың негізділігін анықтау үшін өзінің іс жариялы, тәуелсіз және алалықсыз сотпен әділетті шешудің барлық талаптарының сақталуын талап етуге құқылы».

Борыш — тұлғаның қоғамға, басқа адамдарға көзқарасын білдіретін, нақты бір жағдайға қатысты адамгершілік міндеттерімен көрінетін этика категориясы.

Ождан — адамның адамгершіліктік өзін өзі бақылауды және өзінің қызметіне өзіндік ішкі баға беру, сондай-ақ өзінен құқықтық нормаларды орындауды талап етуді жүзеге асыру қабілеті.

Жауапкершілік — өзінің әрекеттері мен қылықтарына, сондай-ақ өзінің әрекеттерінің зардаптары үшін жауап беру

Қадір-қасиет — адамның өзіне деген және оған деген қоғамның тарапынан оны тұлға ретінде тануға негізделген ерекше көзқарасы. Біздің елімізде тұлғаның абыройына Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік беріліп былай делінген: «Тұлғаның абыройы мемлекетпен қорғалады. Еш нәрсе оны кемсітуге негіз бола алмайды».

Абырой — бұл да адамның өзіне деген ерекше көзқарасы

Гуманизм — адамды ең жоғарғы құндылық деп мойындауды, адамға сенімді, адамның құқықтарын қоғамның ең биік мақсаты деп тануды білдіретін қағида.

Бұл категорияларды қарастыра отырып, этиканың құрамдас заңгерлік этика — сот төрелігі мен құқық қолдану қызметіндегі моральдың көрінісі болып табылатын ғылыми пән, деп анықтаймыз.

Заңгерлік этиканың (әдептін) маңыздылығы — оның сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі іс-әрекетке, прокурорлық функциялардың, тергеу жұмысының және кәсіби заңгерлер атқаратын өзге де қызмет түрлерін орындауға адамгершілік сипат беретіндігінде жатыр.

Адамгершілік қалыптар (нормалар) жалпы алғанда сот төрелігі мен заңгерлік қызметті гуманистік мазмұнмен толықтырады.

Заңгерлік этика тіршіліктің әрқилы салаларында қалыптасатын адамгершілік бастауларды ашып және насихаттай отырып, заңдарға да, сондай-ақ жалпы құқық қолдану үрдісіне де оң әсерін тигізеді.

Заңгерлік этика заңгерлік кәсіп қызметкерлері санасының, көзқарастарының дұрыс қалыптасуына көмектеседі, оларды адамгершілік нормаларын бұлжытпай орындауға, шын мәніндегі әділеттілікті, адамдардың құқықтарын, бостандықтарын және қадір-қасиеттерін қорғауға, өзінің ары мен абыройын сақтауға бағыттайды.

Заңгерлік кәсіптердің осылай тармақталуында және олардың бағытты түрде кеңеюіне байланысты сот билігі мемлекеттің бір саласына айналды және өз алдына жеке институт болып бөлінді. Ал тергеудің, прокуратураның, адвокатураның міндеттері мүлде әртүрлі.

Соттардың этикасы, тергеу этикасы, адвокат этикасы жайлы жеке-жеке сөйлейтін уақыт туындады. Рас, әзірге заңгерлік мамандықтардың бірқатары үшін олардың адамгершілік қағидаттарын ғылыми тұрғыда өңдеу тек бастапқы сатыда жатыр, мамандықтардың нормалары стихиялық түрде құрастырылып, барша үшін бірегей адамгершілік неізінде қадағалануда.

Сондықтан біз адвокаттар іс-қимылының этикалық бастауларын қарастыруға ауысамыз, өйткені олар қазіргі кезеңде ғылыммен қалыптасқан практикамен және даму перспективасымен жинақталған.

Адвокаттық этиканың түсінігі мен мазмұны адвокаттық этиканың заңгерлік этиканың құрамдас бөлігі екендігінде жатыр.

Адвокаттық этиканың нұсқасы адвокаттың ол кәсіби борышы бойынша сөйлегенде немесе адвокатураға өкілеттік еткенде, яғни қылмыстық, азаматтық немесе процестегі әйтпесе адвокатураның өзінің әкімшілік және өзге де органдарда өкілеттік еткендігі тәртібі болып табылады.

Осылайша мынадай жалпы ережені тұжырымдауға болады: адвокаттық этика нұсқасы адвокаттық ассоциация мүшесі үшін құқықтық нормалар нақты ережелерді белгілемеген жағдайдағы оның өзіне қатысты тәртібі болып табылады.

Адвокат ол ешкімге өкілеттік етпейтін жағдаяттарда болғанында, ол кәдімгі қарапайым адам сияқты этикалық тәртіпті ұстануына болады.

Жоғарыда тізілгендердің баршасы адвокат қызметінің аспектілері жалпы құқықтық нормалармен (процестегі тәртіп ережелерімен) белгіленгенде және этикалық нормалар мен құқықтық нормалар қатар әрекет еткендегі кездерге соқпайды.

Сонымен, адвокаттық этика — адвокаттық ассоциация мүшесі үшін құқықтық нормалар нақты ережелерді белгілемеген жағдайдағы оның өзіне қатысты тәртібі, деген ереже шығаруға болады.

Этикалық нормалар жүйесін қалыптастыру адвокаттарға өзінің борышын және кәсіби міндеттерін кәсіби деңгейде атқаруға кедергі жасамауы керек. Этикалық нормалар адвокатқа оның қызметінде көрсетуге, нені қалай және сапалы да табысты жасау қажеттілігіне көмек көрсетуі қажет, өйткені, этика нормаларын бұзатын тәртіп адвокаттың да, барлық адвокаттар қауымдастығының абыройына нұқсан келтіреді, сенімнің жоғалуына, қорғауға өтініш жасаушылықтық азаюына, және сайып келгенде азаматтардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғады.

Адвокаттық этика адвокаттың өз міндеттерін адал, білікті және адал ниетпен орындауын қамтамасыз етуге тиісті, сонда адвокатураға және адвокаттардың жеке өздеріне деген, азаматтық қоғамның өкілі ретіндегі сенімді тиісті деңгейде қалыптастыруға болады. Халық арасында өз міндетін адал атқаратын адвокаттың қиын жағдайда нақты көмек көрсете алатындығына сенім болуға тиіс.

Біз адвокатураның өздері іс-әрекет жасаған уақытында адалдық, құзыреттілік, ақ ниеттілік деген түсініктерді пайдаланатындығын ендігі анықтадық.

Енді бұл категорияларды тереңірек қарастырайық.

Адалдық — өзіне шыншылдық, табандылық және шын көңілдікті енгізетін ұғым.

Шыншылдық — оның мәні клиентке шындықты айтуда. Бұл кейде өте қиынға соғады, кейде өте тиімсіз, бірақ бұл не жасау керектігінің ең жөндемдісі. Кез келген өтірік ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір әшкере болуы мүмкін, ал бұл адвокаттың беделіне ондаған ұтылған істерден әрмен қатты соққы болып тиюі ғажап емес. Адалдық оқиғаларды, өз сөздері мен іс-әрекеттерін есте жақсы жағдайда сақтауға мүмкіндік береді. Ол клиентке жағдайды нақты бағалап және бұлдыр қиялға берілмеуіне көмектеседі. Көңіл қалу да әсте қиын болуы мүмкін.

Құзыреттілік. Адвокаттың құзыреттілігі құқық жайлы терең білімге, өмірлік тәжірибеге, орын алған жағдайы тез де сауатты бағалай білуге және құқық нормаларын дұрыс пайдалануға негізделеді. Мұның бәрі адвокатқа заңдардың өзгерулерін байқап отыруды, сот практикасын қадағалауды, ол өзі маманданатын құқық салалары бойынша ғылыми басылымдармен танысып отыруды жүктейді. Оның үстіне «бәрін білетін және бәрін түсінетін» ретінде өзін көлденең тартпаған жөн.

Егер адвокат құқықтық проблемадағы құзыреттілігі жеткіліксіз болса, онда ол бұл жайлы клиентті тікелей ескертуі керек. Ондайда адвокат клиентке құқықтың тиісті саласы бойынша нақты маманды бірлесіп жұмыс істеуге шақырады, өйткені заңда бірден артық адвокат ұстауға тыйым салынбаған. Адвокаттың өз міндеттерін адал орындауына көп жағдаят тәуелді. Істі жүргізуді қолға алғаннан кейін ол осы іс бойынша қажетінің барлығын да дер кезінде атқауға міндетті. Адвокат өз клиентіне алға қойылған міндетті атқару үшін табандылық, тұрақтылық көрсетіп, алға қойылған мәселені шешуге өзіне таныс тәсілдерді қолданып заңгерлік көмек ұсынғаны жөн. Клиентке адвокат қолдан келгеннің бәрін жасайды және оны жақсы жасайды сенімділік болуы қажет.

Адвокат өз міндеттерін орындау барысында кімнің де болсын қадір-қасиетін төмендетпеуі керек, қайта адамдарға кішіпейілділік, құрмет және ықыластылық көрсетуі жөн, әрі оларды тыңдай білген абзал. Мұның бәрі, әрине, онша оңай емес, бірақ онсыз адвокат болып та қарастырылмайды. Біздің пайымдауымызша медицина қызметкерлерінің «Бүлдіріп алма!» дейтін ұрансөзі толық көлемде адвокаттарға да қатысты сияқты.

Сайып келгенде адвокаттың кәсіби тәртібінің этикалық нормаларының жүйелерін қалыптастыру (олар, әрине, адвокат іс-әрекетінің бостандығын шектейді) анадай немесе мынадай дәрежеде адвокаттың оның кәсіби міндеттерін орындауға кедергі келтіруі мүмкін. Мұндай адасудан алшақ болуы үшін «адвокаттың кәсіби міндеттері» — олар тек не істеу керек екендігі

емес, сондай-ақ оны қалай жасауға болады дегенге ойысатындығын еске түсіруге болғаны.

§ 2. Адвокаттардың қызметін ұйымдастырудың этикалық және психологиялық ееркшеліктері

Адвокаттың клиентпен жұмыс істегендігі тәртібінің этикалық ережелері. Адвокаттың клиентпен қарым-қатынастарының негізін сенім құрайды. Адвокатпен жүздескен алғашқы сәттен бастап-ақ клиент оның алдында судья емес, көмекші отырғанын түсінуі қажет, сондықтан оның адвокатпен ашық болмасқа еш негізі жоқ. Сенімділікке адвокаттың оған жүгінген тұлғалар қатынастарының құқықтық табиғаты ғана емес, сондай-ақ адвокаттық қызметтің адамгершілік сипаты, оның азаматтардың субъективтік құқықтарын қамтамсыз етуге бағытталғандығы көрініс табады.

Клиентке кеңес бере отырып, адвокат мынаны есте сақтауы керек: оның міндеті — тек қана дұрыс жауап беру ғана емес, сонымен бірге бұл кеңесті дұрыс түсінгеніне көз жеткізуде жатыр. Адвокаттың кеңесі түсінікті және нақты, қарастырылып жатқан жағдаяттардың жақсылығы мен жамандығы жайлы, және даудың сотта қаралуының мүмкін нәтижелері туралы ашық түрде не ойлайтындығын айқын көрсететін болғаны жөн.

Клиенттің алдында ол естігісі келетін жайларды айтып жағымпаздануға, ал сонсоң орын алған жағдайдың ауқымынан шыға алмай қиналуға болмайды.

Адвокат клиентке істің аяқталу болжамын айтып, өзінің анық пікірін білдіруі керек, іс бойынша белгілі жағдаяттарға бейтарап түрде сілтеме жасағаны жөн; клиентке бәлкім мәселелердің құқықтық мағынасын жариялай және оларды шешуге кеңес бергені дұрыс, әрі бұл кеңестер заңның шеңберінен сырт кетпеу керек. Әсіресе істің әлдеқандай нәтижесі жайлы кепілдік беру өте қауіпті болады. Адвокаттың клиентке бірден-бір кепілдік бере алатыны — бұл оның іске деген адал қатынасы ғана. Егер адвокат тапсырманы міндетті тағайындау бойынша орындайтын жағдайда ол клиентке оның келісім бойынша адвокат шақыруға құқығы бар екендігін түсіндіруі қажет.

Адвокат өзінің қорғау бағытын ол қандай дұрыс болса деп оны клиентпен келіспей жасауға және өз қорғаушысы кінәсін мойындамаса оны кінәлі деп мойындай алмайды.

Егер қорғаушы кінәні мойындаса, ал істің материалдары оны дәлелдемей тұрса, адвокат мұндай тәртіптің себептерін анықтауы қажет, және сон-

да ол клиентпен келісу бойынша тәуелсіз бағыт ұстана алды. Ал егер кінәні мойындауға қорғалушы айыптау тарапынан жасалған іс-әрекеттердің тарапынан орын алса, адвокат бұл жағдаятты жою үшін өзінің қолында бар шаралардың барлығын да пайдалануы тиіс.

Адвокат қамауда отырған қорғалушыға айрықша назар аударуы керек, тұтқындалушы өйткені әлеуметтік қана емес, сондай-ақ жеке оқшаулықта болып, үйреншікті ахуалдан айрылады, байланыстары үзіліп, үйреншікті тіршілік сарын бұзылады, ол бас бостандығынан айрылуға орай санқилы қасіртеке ұшырайды, ал мұның өзі оның мінез-құлқына (психикасына) және нақты болмысты бағалау қабілетіне, сөз жоқ, қатты әсер етеді.

Егер клиенттің талаптары заңға қайшы келетін болса, немесе ол өз мүдделерін қорғау үшін заңсыз құралдар мен тәсілдерді қолдануды сұраса, әйтпесе клиент өз мүдделерін қорғау үшін адамгершілік тұрғыдан күмәнді құралдарды пайдалануды ұсынса, ал клиенттің бағытын өзге тәсілдер және құралдармен демеу мүмкін болмаса, қорғауға тапсырма алуан бас тартқан дұрыс.

Этикалық көзқарас тарапынан алғанда адвокаттың гонорарлық практикасының да маңызы аз емес.

Адвокат өз жұмысына алтын гонорар ауқымын белгілерде мынадай үрдістерге:

- істің күрделілігі;
- уақыттың қажетті шығын болуы (істің немесе тиісті консультациялардың ұзақтығы) және бұл істі жүргізуге келісім беру адвокатты өзге істерді жүргізуден бас тартуға мәжбүр етсе;
- клиенттің материалдық жағдайы;
- дәстүрлер (әдетте) бұл айғақта осындай заңгерлік көмек үшін төлетін гонорар;
- тәжірибесіне және өзінің заңгерлік беделіне сүйенеді.

Гонорардың төлемі орайлы болуы керек, және егер клиент өтініш білдірсе, адвокат оған гонорарды белгілеудің қағидасын түсіндіруі қажет.

Егер адвокат іске соттың ұйғарымы немесе тергеудің қаулысы бойынша қатысса, оны төлеу көлемін мемлекет белгілейді.

Клиенттер арасынағы немесе адвокаттың өзімен мүдделерге қатысты дау-дамай туындаған жағдайда қорғаудан бас тарту қажет болады.

Клиенттермен қатынастың этикалық ережелері сондай-ақ оңашалықты және адвокаттық құпияны сақтауды талап етеді.

Құқық қорғау органдарымен қатынастағы тәртіптің этикалық ережелері. Іс жүргізудің кез келген сатысында іске қорғаушы немесе салық органдары тексеріс жүргізгенде өкіл ретінде қатысарда адвокат ең алдымен өзін таныстырып және өзінің өкілеттіктерін куәландыруы қажет. Шенеунік

кіммен әріптес болатындығын анық білуі керек. Адвокат өзінің іс-қимылдарын процессуалдық құжаттары (түсініктемелер, қолдау хаттар, өтініштер және т. б.) және сондай-ақ беретін сұрақтары құқық қорғау органдарының беделіне нұқсан келмейтіндей, әріптестерін кемсітпейтін және процеске қатысушылардың қадір-қасиетін түсіндірмейтіндей етіп жүргізгені абзал.

Іс жүргізуге қатысушылар немесе тексеріске келгендерді келекелеуге, олардың іс-әрекеттері адвокат үшін жеткіліксіз екендігін, және олар өз іскерлік қабілеттері бойынша қызметтеріне сай еместігін клиентке көрсетуге болмайды. Бұл бірден кері реакция туғызады да клиентпен қарым-қатынасты нашарлатып жібереді.

Адвокат барлық іс жүргізу әрекеттерін өз клиентімен келісіп, олардың маңызы мен болуы ықтимал зардаптарын түсіндіруі қажет.

Мәлім етілген қабылдау хаттар бойынша дәлелдемелер ұсына отырып, адвокат олардың жіберілуі жөніндегі ережелерді бұзбай отырып, олардың растығына деген қажетті талапкерлік көрсетуі керек. Ондайда көрсетілген талап адвокаттың нақты деректерді жинау жөніндегі құқықтарын шектемейді (олар іс үшін маңызды болса), оның үстіне қорғаушы (адвокат) өзі де сұрау салу арқылы (тұлғалардың келісімімен), заттар, құжаттар және т. б. алу, анықтамалар, мінездемелер, өзге де құжаттар және т. б. сұрастыруға құқығы бар.

Адвокаттың сыпайылығы заңды бұзатындай төзімділікке ауысып кетпеуі керек, және клиенттің құқығына нұқсан келтіретін процессуалдық заңның бұзылуларына, әсіресе тергеу немесе тексерудің заңсыз жүргізілу тәсілдеріне төзбеушілік білдіруі қажет.

Егер істі қарау кезінде айыпталушының құқықтарына қысым көрсететін екіұштылық көрінсе, адвокат заңда көрсетілген, заңның мұндай бұзылуына жол бермейтін құралдардың барлығын да пайдалануға міндетті. Адвокат тергеушінің немесе анықтау органдарының қате әрекеттеріне келіспейтіндігін заңда көрсетілген жолмен міндетті түрде жазбаша түрде жазып (бұл фактінің іс жүргізулік тіркелуі үшін) беруі керек. Адвокат күзет астында отырғандарға барған кезде қорғаушыға жазбалар, заттар, тағамдар, алкогольдік ішімдіктер, есірткілер, өзге де тиым салынған заттарды, сондай-ақ одан өзге адмдарға заттар бермеуі қажет. Адвокат күзеттің барлық заңды талаптарын бұл қажетті жағдай сияқты сыпайылықпен ойнауы тиіс.

Адвокаттың ерекше қатынасы сот арқылы болуы керек, өйткені істі сайып келгенде сот қана түпкілікті шешеді. Адвокат қоғамда сотқа деген құрметті қатынастың қалыптасуы керек, сонда өзінің жұмыс істеуі жеңілдейді.

Іс жүргізуде заңда белгіленген тәртіп бойынша төрағалық етушінің әрекеттеріне қарсылық білдіре отырып ұстамдылық пен әдептілік көрсеткен

дұрыс. Адвокаттың сотпен салғыласуына, іс жүргізуге қатысушылардың тарапына деген дәрежі сөзер айтып немесе қорлауға жол берілмейді. Адвокат сотта төрағалық етушінің өкім-нұсқауларын бұлжытпай орындауға, сот мәжілісінің белгіленген тәртібін қадағалауға тиісті. Соттық талқылаудың қатысушы ретінде адвокат өзінің оппоненттеріне құрметпен қарауы керек. Бірақ бұл адвокат өз тарапынан сотқа басқа қатысушылардың (сот, прокурор және т. б.) айтқан дәрежіліктерін, негізсіз ескертпелерін үндемей көтере беруі қажет деген сөз емес. Оларды сот мәжілісінің хаттамасына енгізу жөнінде сабырлы түрде кепілдік беріп, және мүмкіндігі болса сот мәжілісінің дыбыс жазбасын жүргізуге қол жеткізген жөн. Бұл сот мәжілісіне қатысушылардың бәріне өздерін заңның ауқымында қатаң ұстауға мәжбүр етер еді. Кәсіби этиканың дәрежі түрде бұзылуларына, сондай-ақ, адвокаттың сотқа себепсіз келмеу фактілері, оның қатысуымен істер тыңдалуға тиісті сот мәжілістеріне ылғи кешігіп келу де жатады. Мұндай әрекеттерге адвокаттық қауымдастықтың өкілдері және мүшелері қарсылық білдірулері тиіс, өйткені бұл барлық адвокаттарға көлеңкесін түсіреді.

Адвокаттың әріптестерімен қатысқандағы тәртібінің этикалық ержелері. Ұжымдағы адамгершілік-психологиялық ахуал (заң консультациясындағы, адвокаттық фирмадағы және т. б.) еңселі болғаны өте маңызды. Адвокаттың кәсіп бойынша әріптестерімен қатыстары негізінде парасаттылық пен құрмет нормаларына орай құрылуы қажет.

Адвокат егер оған әріптесі көмек сұрап жүгінсе, көмек көрсетуден бас тартпауы керек. Мұны ақыл айту сипатында емес, істі талқылау түрінде жасаған абзал.

Әсіресе жас адвокаттардың өтініштеріне ерекше зейін қою керек. Олар өзгелерден гөрі қателік жіберіп алулары ықтимал. Мұндай жағдайларда кәдеге жараған ересек жолдастарының білімдері мен тәжірибелері оларға қателіктерге қилікпеуге көмектеседі, ал бұл дәстүрлілік пен тәртіптегі сабақтастықты туындатады, өйткені бастаушы адвокат мұндай болуды тоқтатқанда ол да өзінің жас әріптестеріне қамқорлықпен қарайтын болады. Бұл корпорацияның топтасуына жол ашады.

Дегенмен ерекше есте сақтарлығы, адвокат клиентімен әңгімелескенде, көпшілік алдында сөйлегенде, құжаттарда, келіссөздер жүргізу барысында өзге адвокаттың іскерлік немесе жеке қасиеттеріне қатысты өрескел сөйлеуге жол бермеуі керек, ол оған құрметпен қарауы қажет.

Адвокат өзінің іскерлік беделіне сілтеме жасай отырып өзге адвокаттардың қадыр-қасиетін, беделін төмендетпегені дұрыс. Өз қызметін іске асыруда адвокат мекен-жайы, көрсетілген қызмет түрлері, телефон нөмірлері жайлы ақпарат бере алады.

Аймақтарда бұл фирма немесе бюро ең үздік немесе бірден-бір және т. б. деген хабарламалар орналастыруға болмайды. Адвокаттың немесе адвокаттық бірлестіктің өз істері олардың қызметтерін жарнамалау болады, және клиенттердің сенімі табысты қамтамасыз етеді.

Адвокаттық құпия адвокаттық этиканың бөлінбес атрибуты (анықтаушы) болып табылады. Ол мыналардан көрінеді:

1) адвокат құпиясын адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адаммен және басқа да адамдармен жасалған ауызыша және жазбаша келіссөздердің мәнұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделеріне жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге ақпарат құрайды;

2) адвокаттардың, адвокаттар алқасы төралқасы, заң консультациясы, адвокат кеңсесі қызметкерлерінің заң көмегін көрсетуге байланысты алынған мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүдделері немесе үшінші бір адамдардың мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ;

3) адвокат құпиясына жататын мәліметтерді көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады (ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 18-бабы).

Өз қызметінде азаматтар мен ұйымдарға кәсіби негізде заңгерлік көмек көрсетуге ойысқан заңгердің мамандығында тәжірибеленетін дәрігердің қызметімен ұқсастығы өте көп. Біреуі сырқаттан құтылуға немесе оның ағымын саябырлатуға көмектесе, екіншісі азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға ұмтылады, яғни белгілі бір мағынада әлеуметтік сырқаттарды емдеуге көмектеседі. Кеңінен салсақ, азамат дәрігерді де, адвокатты да таңдауға ерікті. Кәсіби заңгерлікке де, кәсіби медициналық көмек көрсетуге де жүгіну де жеке тұлғаның тіршілігінде бәрі бірдей бапты болмай тұрған орын алады. Ескерте кетерлігі, заңгерге де, дәрігерге де жүгіну көбінесе тым кештеу жүзеге асады, әйтпесе уақтылы консультация уақтылы белгілесе, жағдаяттан құтылуға болар еді. Адвокатқа, дәрігер тәрізді, кейде ең жан түбінде жатқан жайды айтуға тура келеді. Егер дәрігерге кейде дененің ұятты жерлерін көрсету керек болса, адвокатқа бетпердені сырып тастап, жан дүниенің ең қияндағы тұстарын ашу қажет.

Еуропалық қауымдастық заңгерлері үшін тәртіп Кодексі (1988 жылғы 28-қазанда қабылданған Страсбург қаласындағы Еуропалық Одақтың адвокаттар және заңгерлік қауымдастықтар алқаларының Кеңесі) адвокаттық қызметтің белді белгілеріне клиентке өзге тұлғаларға айтпайтын мәліметтерді адвокатқа еркін хабарлай алатын жағдайлар қамтамасыз етуін, адвокаттың ақпарат алушы ретінде оның оңашалығын, оңашалық болмай сенімділік те болмайтындығын; оңашалықты талап етумен заңгердің кәсіби қызметі үшін іргелі мағынасы бар құқықтары мен міндеттері анықталатынын

жатқызады; заңгер оған клиенттің өзі берген немесе өз клиенті жайлы заңгерлік қызмет көрсетуі барысында өзі алған барлық ақпарат жөнінде оңашалық сақтауға міндетті, мұнымен қатар, оңашалылықпен байланысты міндеттемелер уақытпен шектелмеу керек.

Заңгерлердің рөліне қатысты Негізгі қағидаларға сәйкес, (1990 ж 7 қыркүйекте қылмыстардың алдын алу және құқық бұзушылармен қатысу жөніндегі БҰҰ сегізінші Конгресінде қабылданған) үкіметтер кәсіби заңгерлік көмек көрсетуі барысында заңгерлер мен олардың клиенттері арасында қалыптасатын кез келген консультациялар мен қатынастардың оңашалық сипатын мойындауы және қамтамсыз етулері тиіс.

Осылайша, адвокаттық құпиялылықты халықаралық қауымдастық, айталық, банктік құпиядан маңыздырақ деп мойындайды, өйткені банктік құпия тергеу жүргізілген жағдайда тыйым салынбаса, ал адвокаттық құпия қашанда жабық болуы қажет. Рас, сенімділік тәртібінде алынған ақпаратты жариялауға құқықтық тыйым салу клиентпен заңгерлік қарым-қатынастарға кіріскен адвокаттарға ғана таратылатыны бар, бірақ оны қылмыстық процеске қорғаушылар ретінде жіберілетін тұлғалардың барлық категорияларына қылмыстық қылмыстық іс жүргізуге қорғаушылар ретінде, және сондай-ақ азаматтық және төрелік (арбитраждық) істерге өкілдер санатында қатысатындардың барлық категорияларына таратқан тұрғыдан дұрыс болар еді.

Адвокаттық құпия терминімен қамтылған мәліметтер ауқымын былайша белгілеуге болады: адвокат клиенті берген барлық ақпарат немесе заңгерлік қызмет көрсетуі барысында көрсетілген кезде беріледі. Адвокат клиенті немесе өзге тұлғалар жайлы барлық ақпараттарды таратқысы келгенінше құпияда сақтау қажет. Сондай-ақ клиенттің өлімі адвокатты бұл міндеттен босатпайды, өйткені, бұл ақпараттың иеленушілері ілгеріде оның мұрагерлері немесе заңды өкілдері болулары қажет.

Сөйтіп, адвокаттар үшін сеніп тапсырылған деректердің сақталуын қамтамсыз етуге деген белгілі бір дәрежеде ынталандыратын жағдаят олардың кәсіби қызметінің өзіндік табиғаты болып табылады, өйткені деректерді сақтай білуден олардың істерді ұта білу қабілеттілігі тәуелділікке қойылған яғни клиенттің мүдделерін қорғауда табыс бар деген сөз; өзгеше айтқанда кәсіби қажеттілігі мен кәсіби біліктілігі бой көрсетеді. Оның үстіне, клиент хабарлайтын ақпараттар ауқымы ол қалап алған адвокатқа деген сенім деңгейіне тікелей бағынышты, ал бұған адвокаттың абыройлылығы, тікелей тәуелді. Яғни адвокаттық құпияны сақтау-оның үстіне пайдалы деген сөз.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Кәсіби этика ұғымы.
2. Адвокатқа және клиентке қатысты этика.
3. Адвокаттың құқық қорғау органдарымен өзара қарым-қатынасының этикасы.
4. Адвокаттардың бір-бірімен қарым қатынас этикасы.
5. Адвокаттық құпия.
6. Адвокаттық қызмет түрі ретіндегі заңгер шешендігі.
7. Заңгер шешендігі ұғымы. Айырмашылық ерекшеліктері.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы, 1999.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. — Алматы, 2001.
3. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2-шілдедегі «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы.
4. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық Заңы // Егемен Қазақстан. 2000. 30-желтоқ.
5. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5-желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заң күші бар Жарлығы // ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. — 1995. — № 24.
7. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңы // ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. — 1994. — № 13-14.
8. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7-шілдедегі «Сот приставы туралы» Заңы.
9. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12-қарашадағы «Сот сараптамасы туралы» Заңы.
10. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16-сәуірдегі «Психиатриялық көмек және оны көрсету кезіндегі азаматтар құқықтарының кепілдігі туралы» Заңы.
11. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30-наурыздағы қылмыс жасаудағы сезікті мен айыпталушының қамауға алудың тәртібі мен шарттары туралы» Заңы.
12. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21-шілдегі «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» заң күші бар Жарлығы // ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары. — 1995. — № 9-10.

13. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5-шілдедегі «Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. 2000. 13-шілде.

14. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12-қарашадағы «Дипломатиялық қызмет туралы» Заңы.

15. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24-наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңы.

16. 1994 жылғы 27-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. — Алматы, 2001.

17. 1999 жылғы 13-шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі.

18. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21-сәуірдегі «Лицензиялау туралы» заң күші бар Жарлығы.

19. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-желтоқсандағы «Соттардың қылмыстық істерді қосымша тергеу үшін кері қайтаруы туралы» № 19 нормативті қаулысы // Егемен Қазақстан. 2002. 10-қаңтар.

20. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2002 жылғы 6-желтоқсандағы «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізуде жариялылық қағидасын сақтау туралы» № 25 нормативті қаулысы // Егемен Қазақстан. 2003. 9-қаңтар.

21. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 6-желтоқсандағы «Қорғау құқығын реттеуші қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын қолдану тәжірибесі туралы» № 26 нормативті қаулысы // Егемен Қазақстан. 2002. 9-қаңтар.

22. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26-тамыздағы «Республикалық бюджет қаражаты есебінен заң көмегін көрсетуші адамдарға ақы төлеу және қорғауға және өкілдік етумен байланысты шығындардың өтеу ережелері туралы» Қаулысы.

23. Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформалаудың Мемлекеттік бағдарламасы (негізгі бағыттар) ҚР Президенті және ҚР Үкіметі актілерінің жинағы. — 1994. — № 9.

24. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16-қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» № 122-III заңы // Егемен Қазақстан. 2006. 26-қаңтар.

Халықаралық құқықтық актілер

1. Пакт ООН «Основные положения о роли адвокатов» // Международный адвокат. — 1992. — № 4.
2. Общий кодекс правил для адвокатов Европейского сообщества // Адвокат. — 1995. — № 10.
3. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам от 28.01.1993. // Комментарий к УПК КазССР. — Алматы, 1995.
4. Декларация о защите всех лиц от пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания: Резолюция 3452 /XXX/ Генеральной Ассамблеи ООН от 09.12.1975 // СССР и международное сотрудничество в области прав человека. — М.: Международные отношения, 1989.
5. Международная защита прав и свобод человека: Сб. док-тов ООН. — М., 1990.

Монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары:

1. *Адаменко В. Д.* Советское уголовно-процессуальное представительство. — Томск, 1978.
2. Адвокатура в Российской Федерации. — М., 1998.
3. Адвокат в уголовном процессе / Под ред. проф. П. А. Лупинской. — М., 1997.
4. Адвокатура в странах СНГ: Мат-лы съезда адвокатов (Минск, 19.04.94.) // Адвокат. — 1995 — № 8, 9.
5. Адвокат в советском уголовном процессе: Пос. для адвокатов / Под ред. И. Т. Полякова. — М., 1954.
6. *Арсентьев О. В.* Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах. Нотариат в РК. — Кустанай, 1998.
7. *Ария С. Л.* Генеральные принципы этики адвокатов Международной ассоциации юристов. — М., 1996. — № 2.
8. *Ария С. Л.* Защитительные речи и жалобы. — М., 1991.
9. *Ахпанов А. Н.* Уголовно-процессуальные гарантии прав личности и Конституции РК // Конституция суверенного Казахстана: перспективы и проблемы реализации: Тезисы науч.-практ. конф. — Караганда, 1993.
10. *Борщевский М. Ю.* Адвокат. Адвокатская фирма. Адвокатура. — М., 1995.

11. **Борщевский М. Ю.** Организация и деятельность адвокатуры в России. — М., 1997.
12. **Борщевский М. Ю.** Адвокатская этика. — Самара, 1999.
13. **Бойков А. Д.** Этика профессиональной защиты по уголовным делам. — М., 1978.
14. **Бойков А. Д., Капинус Н. И.** Адвокатура России. — М., 2000.
15. **Берман У., Решетникова И. В., Прошляков А. Д.** Судебная адвокатура. — Екатеринбург, 1995.
16. **Булгакова В. К.** Советская адвокатура как общественная организация // Проблемы конституционного права. — Саратов, 1986. — Вып. 4.
17. **Булсенко Н. И.** Адвокат. Вопросы и ответы. — Ростов н/Д., 1996.
18. **Волкомирский Л. Е.** За советом к адвокату. — М., 1997.
19. **Вязов В.** Адвокатура вчера и завтра — М., 1994. — № 9.
20. **Ватман Д. П.** Адвокатская этика. Нравственные основы судебного представительства по гражданским делам. — М., 1977.
21. **Вегер В. И.** Дисциплина и этика. Доклад общему собранию московской адвокатуры. — М., 1925.
22. **Гаврилов С. Н.** Адвокат в уголовном процессе. — М., 1996.
23. **Данилов Е. П.** Справочник адвоката: Консультации. Защита в суде. Образцы документов. — М., 1998.
24. **Данилов Е. П.** Справочник адвоката. — М., 1999.
25. **Довбол Г. Г.** Почему буксует правовая реформа // XXI век. 1999. 11-акпан.
26. **Джанишиев Г. А.** Вопросы адвокатской дисциплины. — М., 1887.
27. **Джанишиев Г. А.** Ведение неправых дел (этиод по адвокатской этике). — М., 1887.
28. **Жалыбин С. М.** Правовое положение адвоката в уголовном судопроизводстве. — Алматы, 1998.
29. **Жалыбин С. М.** Становление и развитие института защиты в Казахстане — Алматы, 1997. — № 12.
30. **Жалыбин С. М.** Некоторые проблемы законодательства об адвокатской деятельности. — Алматы, 1996. — № 11.
31. **Жамиева Р. М., Каиржанов Е. Е.** Тактика адвокатской защиты по уголовным делам. — Алматы, 2000.
32. Защита по уголовному делу: пособие для адвокатов / Под ред. Е. Ю. Львовой. — М., 1998.
33. Защитник в советском суде / Под ред. Л. Н. Смирнова. — М., 1960.
34. **Ивакина Н. Н.** Культура судебной речи. — М., 1995.
35. **Ивакина Н. Н.** Профессиональная речь юриста. — М., 1997.

36. **Кони А. Ф.** Нравственные начала в уголовном процессе // Собр. соч.: В 8-ми томах. — М., 1967.
37. Курс советского уголовного процесса. Общая часть / Под ред. А. Д. Бойкова и И. И. Карцева. — М., 1989.
38. **Кисеницкий И. М.** Судебные речи по уголовным делам. — М., 1989.
39. **Корневский Ю. В.** Как обжаловать приговор суда. — М., 1998.
40. **Лубшев Ю. Ф.** Адвокат в уголовном деле / Под ред. проф. И. Б. Мартковича. — М., 1999.
41. **Ляховецкий Л. Д.** Характеристика известных русских судебных ораторов. — СПб., 1897.
42. **Мазур Н. В.** Правоотношения в сфере представительства // Проблемы социально-экономических процессов и законодательства РК. — Караганда, 2003.
43. **Мазур Н. В.** Общая характеристика института представительства в уголовном судопроизводстве Казахстана // Актуальные проблемы правовой реформы в государствах участниках СНГ. — М., 2002. — Т. 1.
44. **Мазур Н. В.** Адвокат-представитель потерпевшего на досудебных стадиях уголовного процесса — Караганда, 2004.
45. **Мазур Н. В.** Формы участия защитника в собирании доказательств по уголовным делам // Проблемы уголовного права. Сб. науч. тр. — Караганда, 1999.
46. **Мазур Н. В.** Особенности участия защитника в предварительном следствии // Актуальные проблемы права: Сб. тр. молодых ученых, адъюнктов и соискателей. — Караганда, 1998. — Вып. 5.
47. **Мазур Н. В.** Вопросы уголовно-процессуальной защиты лиц, в отношении которых применен арест // Актуальные проблемы права: мат-лы науч.-теорет. конф.: Сб. тр. молодых ученых, адъюнктов и соискателей. — Караганда, 1999. — Вып. 6.
48. **Мазур Н. В.** Адвокат-представитель потерпевшего страдающего психическими или физическими расстройствами // Право и современность: Сб. науч. тр. — Караганда, 2001.
